

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 мамырда № 11140 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 516 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 14.06.2016 № 516 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 9-8), 9-9), 9-10), 9-11) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қағидасы;

2) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес қағидасы;

3) Микроқаржы ұйымдарына және кредиттік серіктестерге конкурстық негізде кредит беру осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес қағидасы;

4) Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Халықты жұмыспен қамту департаменті заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде оны кезеңдік баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а у ғ а ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Д.Р.Арғындықовқа жүктелсін.

4. Мыналардың:

1) «Өңірлердің жұмыспен қамту карталарын қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 135-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9315 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 16 мамырда жарияланған);

2) «Әлеуметтік келісімшарт нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі № 178-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9407 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 18 (28496) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
Т.Дүйсенова

К Е Л І С І Л Д І

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
А. Мамытбеков

2015 жылғы 15 сәуір

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
А. Сәрінжіпов

2015 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
Б. Сұлтанов

2015 жылғы «___» _____

К Е Л І С І Л Д І

Қазақстан Республикасының

2015 жылғы «___» _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 221 бұйрығына
1-қосымша

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес әзірленді және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуға және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге бағытталған шаралар тиісті жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және қаражат шегінде:

1) кәсіптік бағдарлану, кәсіп таңдауда көмек көрсету, оқу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультация, психологиялық бейімдеу жөніндегі қызмет көрсету;

2) стипендия төлей отырып, біліктілікті арттырудың, кәсіптік даярлаудың және қайта даярлаудың (бұдан әрі – кәсіптік оқыту) тегін курстарына, сондай-ақ практикалық дағдылар алу үшін қысқа мерзімді курстарға (бұдан әрі – оқыту

шеберлік сыныптары) жіберу;

3) практикалық дағдылар алуға арналған қысқа мерзімді курстарды қоспағанда, оқып жүргендерге субсидия (оқу орнына дейін және кері жол жүруге, жатақханада тұруға немесе тұрғын үйді жалдауға (жалға беруге) байланысты шығындарды өтеуге) (бұдан әрі – материалдық көмек) беру;

4) лайықты бос жұмыс орындарын іздеуге және жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына орналастыруға жәрдемдесу;

5) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау;

6) жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың еңбегіне ақы төлеу жолымен іске асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік демалыс – ана болу, балалардың күтімі үшін, өндірістен қол үзбей білім алу және өзге де әлеуметтік мақсаттар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында қызметкерді белгілі бір кезеңге жұмыстан босату;

2) Бағдарламаға қатысушылар – жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оралмандар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де санаттары;

3) Бағдарлама операторы – халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) білім беру саласындағы уәкілетті орган – білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;

5) білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсетуді басқару функцияларын іске асыратын жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері;

6) жалдамалы (ақы төленетін) қызметкерлер – еңбегі үшін ақыны, оның ішінде лауазымдық жалақы, сыйлықақы, үстеме ақы немесе заттай түрдегі еңбекақыны (сыйақыны) көздейтін еңбек шарты бойынша (жал шарты) жұмыс істейтін жеке тұлғалар;

7) жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының бір айдағы жиынтық табысының отбасының әр мүшесіне шаққандағы үлесі;

8) жеке қосалқы шаруашылық – ауылдық жерде және қалаға іргелес аймақты орналасқан жер учаскесінде өзінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қызмет түрі;

9) жұмыссыздар – кіріс әкелетін еңбек қызметімен айналыспайтын, жұмыс іздеп жүрген және еңбек етуге әзір, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар;

10) жұмыссыздық деңгейі – экономикалық белсенді халық санындағы жұмыссыздар санының пайызбен өлшенген үлес салмағы;

11) «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «ЖЖК 2020» ААЖ) – автоматтандырылған режимде Бағдарламаға қатысушылардың деректер қорын қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз ететін жүйе;

12) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – мемлекет іске асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды мемлекеттік қолдау шаралары;

13) жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы қызметкерлер – толық емес жұмыс уақыты немесе жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы жағдайында немесе қызметкерлер әлеуметтік демалыста немесе өндірістің тоқтатылуына байланысты еріксіз бос жүрген жағдайларда еңбек қызметін жүзеге асыратын қызметкерлер;

14) Қазақстан Республикасының табысы аз азаматтары (отбасылары) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар, еңбекке жарамды жастағы жеке тұлғалар;

15) кәсіптік оқыту – Бағдарламаға қатысушыларды білім беру ұйымдарында не жұмыс берушілердің өндірістік кәсіпорындары мен ұйымдарының жанындағы оқу орталықтарында (бұдан әрі – оқытатын ұйымдар) оқыту, кәсіптік оқыту: мамандығы (кәсібі) жоқ, мамандық (кәсіп) игеруді және сол мамандығы (кәсібі) бойынша жұмыс істеуді қалайтын адамдарды; еңбек нарығында сұранысқа ие емес мамандығы (кәсібі) бар, жаңа мамандық (кәсіп) игеруді және сол мамандығы (кәсібі) бойынша жұмыс істеуді қалайтын адамдарды кәсіптік даярлауды;

егер Бағдарламаға қатысушыларға мамандығы (кәсібі) бойынша лайықты жұмыс ұсына алмаған немесе олардың белгілі бір мамандықтар (кәсіптер) бойынша жұмысты орындауға қабілеттілігі жойылған жағдайда, жаңа мамандықтар (кәсіптер) меңгеру мақсатында қайта даярлауды;

біліктілігін арттыруды – анағұрлым жоғары разряд (сынып, санат) алу, озық техника мен технологияны зерттеу және игеру мақсатында өндірістік қажеттілікке қарай, кәсіби шеберлігін жетілдіруді қамтиды;

16) кооператив мүшелері – өндірістік кооперативтің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар;

17) оқуға материалдық көмек – кәсіптік оқудан өтіп жатқан Бағдарламаға қатысушыға жол жүруге және тұруға арналған шығындарды ішінара өтеуге төленетін ақшалай қаражат;

18) отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) жалақы төленбейтін қызметкерлері – туыс адам басқаратын кәсіпорында (шаруашылықта) сыйақысыз жұмыс істейтін жеке тұлғалар;

19) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – жеке тұтынуға арналған өндірісті қоса алғанда, табыс алу үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірумен (өткізумен) дара айналысатын жеке тұлғалар, өндірістік кооператив мүшелері, отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін қызметкерлері және жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланушы жұмыс берушілер;

20) өңір – республиканың бірнеше елді мекендерін қамтитын, оның мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын республика аумағының бір бөлігі. Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, аудан және ауылдық округ өңірлер болып табылады;

21) өңірлік комиссия – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы жергілікті өкілді органдар, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

22) уәкілетті орган – өңірлік деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесі;

23) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын мемлекеттік мекеме;

24) халықтың механикалық қозғалысы – тұрғылықты жерін ауыстыру мақсатында елдің шекарасы немесе қандай да бір аумақ (көші-қон) арқылы халықтың жүріп-тұруы.

25) экономикалық белсенді емес (енжар, бейғам) халық – қаралып отырған есепті кезеңде жұмыспен қамтылғандар немесе жұмыссыздар болып табылмайтын, халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы (15 жастағы және одан жоғары) жеке тұлғалар;

26) экономикалық тұрғыдан белсенді халық (жұмыс күші) – тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндіру үшін жұмыс күшін ұсынуды қамтамасыз ететін, халықтың экономикалық белсенділігін өлшеу үшін белгіленген жастағы халықтың бөлігі (экономикада жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар);

2. Оқу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультациялар тәртібі

4. Оқытуға қажеттілікті, еңбекке қабілетті халықтың саны мен құрылымын, жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдардың санын, іске асырылатын жобалар шеңберінде құрылып жатқан жұмыс орындарының санын айқындау мақсатында жергілікті атқарушы органдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Өңірлердің жұмыспен қамту картасын қалыптастырады.

5. Жұмыспен қамту карталары ортамерзімдік перспективаға (үш жылдық кезеңге, әр жылға жеке) мынадай өңірлер бойынша жасалады:

- 1) ауыл, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан;
- 2) аудан;
- 3) облыстық маңызы бар қала;
- 4) облыс;
- 5) республикалық маңызы бар қала, астана.

6. Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің, қаладағы ауданның жұмыспен қамту карталары үй аралап халыққа сауалнама жүргізу, сондай-ақ бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің, қызметін көрсетілген аумақта жүзеге асыратын кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің мәліметтері арқылы жасалады, ол әрбір есепті жылдың 15 ақпанына дейін қалыптастырылады және жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Ауданның жұмыспен қамту картасы ауылдың, кенттің, ауылдық округтердің жұмыспен қамту карталарының, аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, аудан кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының мәліметтері негізінде жасалады. Ауданның жұмыспен қамту картасын жұмыспен қамту жөніндегі аудандық уәкілетті органдар қалыптастырады және жинақтау және облыстық жұмыспен қамту картасын қалыптастыру үшін әрбір есепті жылдың 1 наурызына дейін жұмыспен қамту жөніндегі облыстық уәкілетті органға береді.

Облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту картасы кенттердің, ауылдық округтердің жұмыспен қамту карталарының, қалалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, қала кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының мәліметтері негізінде жасалады, оны жұмыспен қамту жөніндегі қалалық уәкілетті орган қалыптастырады және жинақтау және облыстық жұмыспен қамту картасын қалыптастыру үшін әрбір есепті жылдың 1 наурызына дейін жұмыспен қамту жөніндегі облыстық уәкілетті органға береді.

Облыстың жұмыспен қамту картасы аудандардың жұмыспен қамту карталары мен облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту картасының, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік

органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жоғары оқу орындарының деректері негізінде жасалады, оны жұмыспен қамту жөніндегі облыстық уәкілетті орган қалыптастырады және республикалық картаны қалыптастыру үшін әрбір есепті жылдың 1 сәуіріне дейін орталық атқарушы органға береді.

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамту карталары қаладағы аудандардың жұмыспен қамту карталарының, облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жоғары оқу орындарының мәліметтері негізінде жасалады, оны жұмыспен қамту жөніндегі қалалық уәкілетті орган әрбір есепті жылдың 1 сәуіріне дейін қалыптастырады және республикалық картаны қалыптастыру үшін орталық атқарушы органға береді.

Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің, қаладағы ауданның, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамту карталарын ауылдың, кенттің, ауылдық округтің, қаладағы ауданның, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдіктері бекітеді.

Республикалық жұмыспен қамту картасын жұмыспен қамту саласындағы орталық уәкілетті орган облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамту карталары негізінде әрбір есепті жылдың 1 мамырына дейін қалыптастырады. Республикалық жұмыспен қамту картасын орталық атқарушы орган бекітеді.

Өңірлердің жұмыспен қамту карталары орталық мемлекеттік органдардың мәліметтері ескеріле отырып толықтырылады және түзетіледі.

Жергілікті атқарушы органдар бір жылда екі рет (есіпті жылдың 1 қаңтарындағы және 1 шілдесіндегі жағдай бойынша) 5 қаңтарда және 5 шілдеде Өңірлердің жұмыспен қамту карталарының мәліметтерін жаңартып отырады.

7. Уәкілетті орган Ауылдың, кенттің, ауылдық округтің, қаладағы ауданның, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамту карталарында көрсетілген жұмыс орындарын құру мониторингін жүргізеді.

8. Өңірлердің жұмыспен қамту карталары мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) өңірдің паспорты;
- 2) еңбек ресурстарына қосымша қажеттілік (сұраныс);
- 3) кәсіптер мен мамандықтар бөлінісінде кәсіпорындар бойынша еңбек ресурстарына қажеттілік;
- 4) еңбек ресурстарының көздері;
- 5) еңбек ресурстарының теңгерімі.

9. Өңірдің паспорттың халықтың экономикалық белсенділігінің жай-күйі, толтырылатын әрбір жыл бойынша жеке экономиканың негізгі салалары

бөлінісінде еңбек нарығының жай-күйі туралы мәліметтер көрсетіледі.

10. Халықты жұмыспен қамту орталықтары:

1) Өңірлердің жұмыспен қамту картасы негізінде жұмысқа орналасуға мұқтаж еңбекке қабілетті жастағы адамдардың санын айқындайды;

2) жұмыс берушілерді – аудан (қала) аумағында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын барлық заңды және жеке тұлғаларды есепке а л у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

3) жұмыс берушілерге Бағдарламаға қатысу, оның ішінде жұмыс берушілерге Бағдарламаға қатысуға үміткерлерді таңдау, кәсіптік оқудан өту, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу тәртібі және шарттары туралы консультация береді;

4) жылына бір рет кем емес кезеңділікпен кадрларға ағымдағы және болжамды қажеттілікті айқындау мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізуді жүзеге асырады (оның ішінде коммуникация құралдары (интернет, электрондық почта, телефония құралдары және басқалары) арқылы);

5) Өңірлердің жұмыспен қамту карталарының, жеке жұмыспен қамту агенттіктерінің және жұмыс берушілердің мәліметтері негізінде кәсіптер (мамандықтар) бөлінісінде кадрларға ағымдағы және болжамды қажеттілікті қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

11. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысуға ү м і т к е р л е р г е :

1) мамандық (кәсіп) таңдауға, кәсіптік оқу және оны аяқтағаннан кейін деректер қорына енгізілген жұмыс орындарын, ағымдағы бос жұмыс орындарын және болжамды қажеттілікті ескере отырып, ықтимал жұмысқа орналасуға көмек ;

2) үміткерлердің мамандығы (кәсібі) бар бос жұмыс орындарының біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысу мәселелері бойынша консультация береді;

3) Бағдарлама шеңберінде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің басқа б е л с е н д і ш а р а л а р ы .

12. Халықты жұмыспен қамту орталықтары консультация беру нәтижелері бойынша Бағдарламаға қатысуға үміткерлердің тізімдерін қалыптастырады және оларды жұмыс берушілерге жібереді.

13. Кәсіптік бағдарлау кәсіптерді саналы түрде таңдау үшін 50 жастан асқан адамдарды қоса алғанда, үміткерлердің бейімділіктерін, қабілеттерін айқындауға бағытталған. Кәсіптерді таңдау қажетті мамандықтар және нақты кәсіпорындар бөлінісінде ағымдағы бос жұмыс орындары туралы деректерді қамтитын жалпыұлттық деректер қорындағы мәліметтерді ескере отырып жүзеге а с ы р ы л а д ы .

14. Кәсіптік бағдарлауды халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз

және табысы аз топтары, орта білім беру ұйымдарының 9, 11-сыныптарының оқушылары арасында жүзеге асырады.

15. Кәсіптік бағдарлау жүргізуді халықты жұмыспен қамту орталықтары, оның ішінде жеке жұмыспен қамту агенттіктерін және/немесе үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып мемлекеттік сатып алу және/немесе мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырады.

16. Кәсіптік бағдарлаудан өткен адамдар туралы мәліметтер «ЖЖК 2020» ААЖ-де орналастырылады.

3. Стипендия төлей отырып, біліктілікті арттырудың, кәсіптік даярлаудың және қайта даярлаудың тегін курстарына жіберу

17. Бағдарламаға қатысуға үміткерлерді іріктеуді жұмыс берушілер:

- 1) халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын үміткерлер қатарынан т а н д а у ;
- 2) бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне қатысу;
- 3) дербес, оның ішінде жеке жұмыспен қамту агенттіктері арқылы іздестіру ж о л ы м е н ж ү р г і з е д і .

18. Жұмыс берушілер үміткерлерді әңгімелесу өткізу жолымен немесе халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушылар туралы ұсынған ақпарат негізінде іріктейді.

19. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілерден ақпарат алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде үміткерлерге Бағдарламаға қатысу үшін құжаттар ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды.

20. Жұмыс берушілер Бағдарламаға қатысуға таңдаған үміткерлер хабарландырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тұрақты тұратын жеріндегі ауданның, қаланың халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

21. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) еңбек кітапшасының (бар болса) немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжаттың (табысы аз азаматтар және жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы қызметкерлер қатарындағы жұмыс істейтін адамдар үшін) көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ бар болса, оқудан өткенін растайтын басқа да құжаттардың (куәлік, сертификат) к ө ш і р м е л е р і ;

4) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907

бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманың (Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу туралы шешім қабылданғаннан кейін ұсынылады) көшірмесі.

Жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы қызметкерлер бұдан басқа жұмыс берушінің толық емес жұмыс уақыты немесе ұзақтығы қысқартылған жұмыс уақыты режиміне ауыстыру немесе әлеуметтік демалыс беру немесе мәжбүрлі тоқтату туралы актісін ұсынады.

22. Жұмыс беруші мәлімдеген кәсіптер (мамандықтар) бойынша кәсіптік оқуға жіберілетін Бағдарламаға қатысуға үміткерлер осы Қағидалардың 39-тармағында көзделген тәртіппен бекітілген өңір аумағында, ал олар болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының тізбесінен білім беру ұйымын жұмыс берушімен келісім бойынша дербес таңдайды.

23. Құжаттар топтамасын қабылдаған кезде халықты жұмыспен қамту орталығының қызметкері көшірмелердің түпнұсқалығын түпнұсқамен салыстырып тексереді және өтініш берушіге қайтарады.

24. Халықты жұмыспен қамту орталықтары өтініш тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижелері негізінде Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу (не одан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

25. Шешім қабылдаған кезде білім деңгейі, мамандығының (кәсібінің) және біліктілігінің болуы, ал жалдамалы қызметкерлер үшін жұмыс берушілерден қайта даярлауға және біліктілікті арттыруға өтінімнің де болуы ескеріледі.

26. Халықты жұмыспен қамту орталығы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні қабылданған шешім туралы жазбаша хабардар етеді.

27. Халықты жұмыспен қамту орталығының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға және (немесе) сотқа шағым жасауға болады.

28. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмысты дербес не мемлекеттік сатып алу және/немесе мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке жұмыспен қамту агенттіктерін, кәсіптік оқытуды осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес айқындалатын білім беру ұйымдарында жүзеге асыратын заңды тұлғаларды және/немесе үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып жүргізеді.

29. Білім беру ұйымына кәсіптік даярлауға жіберілген кезде Бағдарламаға

қатысушылар түсу емтиханын тапсырмай қабылданады.

Ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлерді өндірістен қол үзіп немесе қол үзбей қайта даярлау немесе біліктілігін арттыру жұмыс берушілердің өтінімі бойынша Бағдарламаға қатысушының жұмыс орнын сақтау шартымен жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілер ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру үшін кәсіптік оқытуға жіберілетін қызметкерлердің санын, кәсіптердің (мамандықтардың) тізбесін және оқыту нысанын көрсете отырып, халықты жұмыспен қамту орталығына өтінім береді. Өтінімге жұмыс берушінің құрылтай құжаттары қоса беріледі.

Ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру бағдарламалары мен нысандарын, сондай-ақ оларды өткізу кестесін оқыту ұйымдары жұмыс берушілермен және халықты жұмыспен қамту орталықтарымен келіседі.

Қайта даярлаудан және/немесе біліктілікті арттырудан өту уақытында Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгізілген ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлерге қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің ережелеріне сәйкес әлеуметтік демалыс беріледі.

30. Халықты жұмыспен қамту орталықтары кәсіптік оқыту үшін жұмыс берушілер іріктеген Бағдарламаға қатысушылармен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқытатын ұйым мен жұмыс беруші де тараптары болып қатысатын әлеуметтік келісімшарт жасасады.

Жұмыс беруші мен оқытатын ұйым әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы осы Қағидаларға 4, 5-қосымшаларға сәйкес жетекшінің не қол қоюға құқығы бар жауапты лауазымды адамның қолымен және мөрмен расталған жазбаша өтініш (хабарлама) беру арқылы әлеуметтік келісімшарт жасасуды растайды.

Әлеуметтік келісімшарт халықты жұмыспен қамту орталықтары мен Бағдарламаға қатысушылар қол қойған және жұмыс берушілер мен оқытатын ұйымдардан әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы жазбаша өтінішті (хабарламаны) алған сәттен бастап күшіне енеді.

31. Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін тұрақты жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілер өтініште (хабарламада) Бағдарламаға қатысушылардың деректерін, оларды оқытуды ұйымдастыру жоспарланып отырған мамандықты (кәсіпті), оқытатын ұйымды, өндірістік практикадан өту орнын және оқу аяқталғаннан кейін жұмыс істеу кезеңін көрсетеді.

Жұмыс беруші оқуды аяқтаған Бағдарламаға қатысушымен оның өтінімі бойынша кәсіптік еңбек шартын жасасады.

Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын оқытатын

ұйымдар өтініште (хабарламада) мамандығы (кәсібі), оқытудың ұзақтығы мен құны, өндірістік практикадан өтудің ықтимал орны мен шарттары туралы а қ п а р а т т ы к ө р с е т е д і .

32. Жұмыс берушінің әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерді орындауына мониторингті халықты жұмыспен қамту орталығы және оқытатын ұйым жүзеге асырады .

Оқытатын ұйымдардың әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерді орындауына мониторингті халықты жұмыспен қамту орталығы және жұмыс берушілер жүзеге асырады .

Бағдарламаға қатысушының әлеуметтік келісімшартта айқындалған міндеттерді орындауына мониторингті халықты жұмыспен қамту орталығы, оқытатын ұйым және жұмыс беруші жүзеге асырады .

33. Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқытуды жұмыспен қамту орталығы мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде ұйымдастырады .

34. Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқыту ұзақтығы оқу бағдарламасының мазмұнына қарай белгіленеді және:

1) кәсіптік даярлау жүргізу кезінде – он екі айдан;

2) қайта даярлау кезінде – алты айдан;

3) біліктілікті арттыру кезінде – үш айдан аспауға тиіс .

35. Кәсіптік оқытудан өтетін Бағдарламаға қатысушыларға орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын студенттер үшін заңнамада белгіленген мөлшерде стипендия ұсынылады .

36. Бағдарламаға қатысушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган, халықты жұмыспен қамту орталығы және жұмыс берушілер өкілдерінің қатысуымен оқытатын ұйым жүзеге асырады .

Бағдарламаға қатысушыларды қорытынды аттестаттау кәсіптік даярлық деңгейін бағалауды (бұдан әрі – ҚДДБ) қамтиды. Игеретін кәсібіне қарай ҚДДБ арнайы пәндер бойынша біліктілік емтихандарын тапсыруды (жазбаша тестілер) және біліктілік (сынақ) жұмысын орындауды (практикалық тест) көздейді.

ҚДДБ өткізу үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тәуелсіз біліктілік комиссиясы құрылады .

ҚДДБ-ні бағалау бойынша біліктілік емтиханынан өткен адамдарға біліктілікті беру туралы куәлік (сертификат) беріледі .

37. Бағдарламаға қатысушылар, жұмыс берушілер, оқытатын ұйымдар, білім беру курстарын ұйымдастыру үшін іріктелген заңды және/немесе жеке тұлғалар туралы мәліметтер «ЖЖК 2020» ААЖ-де орналастырылады .

1 Параграф: Кәсіптік оқыту бойынша қызмет көрсететін білім беру ұйымдарының тізбесін айқындау

38. Кәсіптік оқыту кадрларды даярлаудың дуальді моделі қағидаттарында жүргізілуге тиіс.

39. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы өңірлік комиссиалардың ұсыныстары негізінде айқындалған мамандықтар (кәсіптер) бөлінісінде оқу құнын көрсете отырып, сол өңірдің аумағындағы және Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріндегі, қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіптік оқытуды жүзеге асыруға құқығы бар кәсіптік оқуды жүзеге асыратын оқыту ұйымдарының тізбесін (бұдан әрі – тізбе) жылы сайын бекітеді.

40. Оқытатын ұйымдарды кәсіптік оқытуды жүзеге асыру үшін тізбеге енгізу:

1) Бағдарламаға қатысушылардың өндірістік практикасын кадрларды даярлаудың дуальді моделінің қағидаттарына сәйкес міндетті ұйымдастырған;

2) өткен жылғы бітірушілердің кемінде 60 %-ын жұмысқа орналастырылған жағдайда. Жұмысқа орналастырылғандардың саны әскери қызметке шақырылған, жоғары оқу орындарында оқуды жалғастырушы, қайтыс болған, бала күтімі бойынша демалыстағы, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен адамдарды ескермей есептеледі.

41. Бағдарламаға қатысушыларды оқу ұйымдарында кәсіптік оқыту кәсіптік даярлығына біліктілік емтиханынан өткен адамдарға заңнамалық белгіленген үлгідегі куәлік (сертификат) беру не «Республикалық техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және біліктілік беру ғылыми-әдістемелік орталығы» акционерлік қоғамында куәлік (сертификат) алуға жәрдем көрсету шартымен іске асырылады.

42. Бағдарламаға қатысушыларды кәсіптік оқыту жұмыс берушілермен келісім бойынша Бағдарламаға қатысушылар тізбеден таңдаған оқытатын ұйымдарда жүзеге асырылады.

Өңірде (облыста, Астана және Алматы қалаларында) Бағдарламаға қатысушы жұмыс берушімен келісім бойынша таңдаған мамандық (кәсіп) бойынша кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын оқытатын ұйым болмаған жағдайда, кәсіптік оқыту басқа өңірлерде орналасқан оқытатын ұйымдарда жүзеге асырылуы мүмкін.

Мұндай жағдайда кәсіптік оқытуды жүзеге асыратын оқытатын ұйым өңірлік комиссия шешімінің негізінде тізбеге қосымша енгізіледі және осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген оқытатын ұйымдарды таңдау өлшемдеріне сәйкес келуге тиіс.

2 Параграф: Оқыту шеберлік сыныптарына жолдау

43. Бағдарламаға қатысушылар үшін оқыту шеберлік сыныптарын халықты жұмыспен қамту орталықтары 2 айдан аспайтын мерзімге ұйымдастырады.

44. Оқыту шеберлік сыныптары практикалық дағдыларды қолданумен жүргізіледі.

45. Оқыту шеберлік сыныптары өткізу үшін мынадай талаптарға сай келетін практикалық жұмыс дағдысы бар жоғары білікті мамандар, оның ішінде табысты еңбек өтілі бар жоғары білікті шетелдік мамандар тартылады:

1) курс өткізетін мамандық бойынша 5 жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы ;

2) тиісті мамандық бойынша білімі туралы құжаттың болуы;

3) сала, жаңа, инновациялық технологияларды енгізген көшбасшы немесе халықаралық конкурстардың жеңімпаз компанияларда еңбек тәжірибесінің болуы .

46. Оқыту шеберлік сыныптарына қатысудың басымдығы 29 жасқа дейінгі жастарға беріледі .

47. Оқыту шеберлік сыныптары мынадай салаларда ұйымдастырылады:

1) тұрмыстық қызметтер (шаштараздар, етікшілер, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігіншілер, массажшылар, электриктер, сантехниктер, жиһаз жинау, ландшафт дизайнері, терез жөндеу және басқалар);

2) туризм және мейрамхана-мейманхана бизнесі (гидтер, официанттар, бармендер, аспазшы, үй жинаушылар, аниматор);

3) қолөнершілік (ағаш, шыны, металл өңдеу, қыш өндіру ісі, жүн және киіз босаң) ;

4) мал және өсімдік өсіру (мал өсірушілер, ет-сүт өнімдерін қайта өңдеу, гүл өсіруші, гүл күтішу, жылыжай шаруашылығы, жеміс-жидек және басқа да қылдарын өсіру) .

48. Осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген салаларда Халықты жұмыспен қамту орталығы халық арасында қажетті қызметтердің тізбесін айқындайды және оны аудандық/қалалық комиссияның бекітуіне енгізеді.

49. Қажетті қызмет көрсетулерге қажетті мамандардың санына қажеттілік, сондай-ақ тиісті оқыту шеберлік сыныптарына қатысуды қалайтын адамдардың саны әлеуетті қатысушылармен және жұмыс берушілермен сұхбаттасуды, кәсіптік бағдарлау нәтижелерін, кәсіптік оқудан өткен адамдардың болуын ескере отырып айқындалады .

50. Халықты жұмыспен қамту орталығы ақпараттық түсіндіру жұмысын жүргізеді , сондай-ақ :

1) тиісті дағдыларға тәжірибелік оқытуды қажет ететін адамдардың тізбесін

құрайды, практикалық дағдыла түрлері бойынша үміткерлерді топқа бөледі;

2) базасында практикалық мастер-класстар ұйымдастырылатын жұмыс берушілердің тізбесін құрайды;

3) 10-20 адамнан тұратын топтар және мастер-класстарды ұйымдастыру кестесін құрайды;

4) аудармашылардың қызмет көрсетуіне ақы төлеуді қамтамасыз етеді;

5) жұмыс берушілермен бірлесіп мастер-класс жүргізілетін нақты жұмыс орындарын және қажетті құрал-жабдықпен, материалдармен қамтамасыз етеді;

6) әлеуметтік келісімшарт жасасуды, оған мониторинг жасауды қамтамасыз етеді және мастер-классты аяқтағаны туралы куәлік береді;

7) қаражатқа жылдық қажеттілікті айқындайды.

51. Оқыту шеберлік сыныптарын қатысушыларына жол жүруге, тұруға байланысты шығындарды, стипендия төлеу жүргізілмейді.

4. Білім алушыларға (оқу орнына дейін және қайтарында жол жүруіне және жатақханада тұруына немесе тұрғын үйді жалдаумен (жалға алумен) байланысты шығындарды өтеуге) субсидия беру

52. Оқытатын ұйым тұрақты тұратын орнынан тыс елді мекендерде орналасқан жағдайда кәсіптік оқудан өтіп жатқан Бағдарламаға қатысушыларға:

1) оқытудың барлық кезеңіне оқу орнына дейін және кері бағытта жол жүруге :

облыс шегінде, бірақ Бағдарламаға қатысушылардың тұрақты тұратын елді мекендерінен тыс жерде орналасқан оқытатын ұйымдарда оқыған кезде кәсіптік даярлаудан өту үшін 4 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде, қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өту үшін 2 АЕК мөлшерінде;

Бағдарламаға қатысушылар тұрақты тұратын орындар облысының шегінен тыс елді мекендерде орналасқан оқытатын ұйымдарда оқыған кезде 1000 км дейінгі ара қашықтыққа 8 АЕК мөлшерінде, 1000 км асатын ара қашықтыққа 12 А Е К м ө л ш е р і н д е ;

2) Астана және Алматы қалаларынан, Атырау және Маңғыстау облыстарынан басқа барлық облыстарда тұруына ай сайын 10 АЕК мөлшерінде, Астана, Алматы қалаларында, Атырау және Маңғыстау облыстарында тұруына 15 АЕК мөлшерінде материалдық көмек беріледі.

Материалдық көмек шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынусыз төленеді.

Өндірістен қол үзіп қайта даярлаудан немесе біліктілігін арттырудан өту кезінде ішінара жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлер қатарындағы Бағдарламаға қатысушыға жоғарыда аталған мөлшерде материалдық көмек ай сайын төленеді.

5. Лайықты бос жұмыс орындарын іздеуге және жұмысқа (оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасына) орналастыруға жәрдемдесу

53. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға енгізу сәтінде кәсіптік білімі болған не кәсіптік оқуды аяқтаған Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру үшін деректер қорында бар бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасуға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жолдама беру арқылы жәрдемдеседі.

Бағдарламаға қатысуға үміткерлер іске асырылып жатқан инфрақұрылымдық жобаларға жұмысқа орналасу үшін тұрақты тұратын ауданның, қаланың халықты жұмыспен қамту орталықтарына қажетті құжаттардың көшірмесін қоса беріп, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін жұмыс берушілермен шарттар негізінде:

жұмыс берушілер құрған әлеуметтік жұмыс орындарына еңбек шартына сәйкес белгіленген бір жыл мерзімге дейін әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау шартымен;

жұмыс берушілер құрған жұмыс орындарына жастар практикасынан өту үшін жіберілген жеке тұлғалардың еңбекақысын алты айдан асырмай толық төлеу шартымен жібереді.

Әлеуметтік жұмыс орындарына, жастар практикасына қатысуға үміткерлер осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыспен қамту орталықтарына өтініш береді.

Өтініш беру кезінде мынадай құжаттар ұсынылып, қоса беріледі:

1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
2) білімі туралы құжаттың (диплом, аттестат, куәлік), сондай-ақ бар болса, оқудан өткенін растайтын басқа да құжаттардың (куәлік, сертификат) көшірмелері;

3) еңбек кітапшасының немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжаттың (әлеуметтік жұмыс орындарына үміткер адамдар үшін) көшірмесі.

54. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларды жұмысқа орналастыру бойынша жұмысты өздері не жеке жұмыспен қамту агенттіктерін және/немесе үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, мемлекеттік сатып алу және/немесе мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес жүргізеді.

Халықтың нысаналы топтары қатарынан жұмысқа орналастырылуға тиіс адамдардың, оның ішінде 50 жастан асқан адамдардың тізімін жұмыспен қамту

орталықтары Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналастыру үшін үкіметтік емес ұйымдарға, сондай-ақ жеке жұмыспен қамту агенттіктеріне ұсынады.

Көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді жұмыс беруші мен нысаналы топ қатарындағы адамдар, оның ішіне халықтың 50 жастан асқан адамдары арасында жасалған жұмысқа орналастыру туралы еңбек шартының көшірмесін ұсынған жағдайда халықты жұмыспен қамту органдары жүргізеді.

Үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ жеке жұмыспен қамту агенттіктері есепті айдан кейінгі айдың 3-күніне қарай жұмысқа орналастыру үшін адамдардың тізімін жіберген халықты жұмыспен қамту орталықтарына жұмысқа орналастырылғандар, кәсіпорындар (ұйымдар), мамандықтар (кәсіптер), жұмысқа орналастырылғанның орташа жалақысы туралы ақпаратты ай сайын ұсынады.

Үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ жеке жұмыспен қамту агенттіктері жұмысқа орналастырған адамдар туралы мәліметтерді «ЖЖК 2020» ААЖ орналастырады.

6. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау

55. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын ішінара субсидиялау 12 ай ішінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын субсидиялау мөлшері салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдер есепке алынбаған пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескере отырып, жалақы мөлшерінің 35 %-ын құрайды, бірақ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда айқындалған ең төменгі жалақы мөлшерінен аспауға тиіс.

56. Жұмыстан босатылған сәтке дейін бір жыл ішінде жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұрған адамдарға әлеуметтік жұмыс орнына орналасуға жол берілмейді.

57. Оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл ішінде түлектер қатарында жастар практикасына қатысушылардың еңбекақысын субсидиялау 6 айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.

58. Жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың республикалық бюджеттен берілетін еңбекақысының мөлшері экологиялық үстемеақылар төлемдерін есепке алмағанда, айына 18 АЕК (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыларды және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды.

Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жергілікті бюджет қаражаты есебінен жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың еңбекақысын қоса қаржыландыр жүзеге асырылады.

7. Психологиялық бейімдеу

59. Психологиялық бейімдеу жұмыс іздеуде қиыншылықтар туындаған мүмкіндігі шектеулі адамдар, еңбек нарығына бірінші рет келген жастар, зейнеткерлік жас алдындағы адамдар сияқты адамдар арасында іске асырылады.

Психологиялық бейімдеу әр үміткермен жеке өткізіледі және жеке қасиеттерді түзетуге, жұмыс іздеуде психологиялық барьерлерді еңсеруге және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті күшейту үшін ынтаны және өзіне-өзі баға беруді арттыруға бағытталған.

Үміткерлерді психологиялық бейімдеуді халықты жұмыспен қамту орталықтары жүргізеді.

60. Психологиялық бейімдеуден өткен адамдар туралы мәліметтер «ЖЖК 2020» ААЖ-де орналастырылады.

8. Оқытуға және жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге бағытталған шараларды қаржыландыру

61. Мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыру Бағдарлама операторы арқылы жүзеге асырылады.

62. Кәсіптік оқыту ақысын, стипендияны, жол жүруге және тұруға материалдық көмекті, оқытатын мастер-класстарды, кәсіптік бағдарлауды төлеу, әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын және жастар практикасына жіберілген жеке тұлғалардың еңбекақысын субсидиялау, сондай-ақ кәсіптік бағдарлау және оқытатын шебер сыныптарын ұйымдастыру мақсатында Бағдарламаға қатысушыларға ұсынылатын мемлекеттік қолдауды қаржылай қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттер бөлінеді.

63. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Бағдарлама операторына оқыту ұйымын және оқу орталықтарын, мамандықтар түрлері мен оқу орны (оқыту ұйымы, оқу орталықтары және т.б.), оқу құны мен мерзімдері бойынша оқытылатын контингентті көрсете отырып, бюджеттік өтінімдер жібереді.

64. Қаржыландырудың жеке жоспарлары негізінде білім беру саласындағы уәкілетті орган, Бағдарлама операторы бюджет заңнамасына сәйкес тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша ағымдағы нысаналы

трансферттерді облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды жүргізеді.

65. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және кадрлардың біліктілігін арттыруға, оның ішінде бұрын кәсіптік оқуға қабылданған адамдардың оқуын аяқтауға бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану оқытатын ұйымдармен жасалған шарттар негізінде, жастар практикасына жіберілген жеке тұлғаларға еңбекақы төлеу – жұмыс берушілермен жасалған шарттар негізінде, ал әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жеке тұлғалардың жалақысын субсидиялау жұмыс берушілермен жасалған шарттар негізінде және олар жасаған шығындарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

66. Бағдарламаға қатысушыларды, сондай-ақ бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытатын ұйымдарға кәсіптік оқуға қабылданған адамдарды кәсіптік даярлауды қаржыландыру техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес оқуды толық аяқтау мерзіміне дейін жыл сайын жүзеге асырылады.

67. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жылына екі рет Бағдарлама операторына, білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру туралы есептер ұсынады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына

1-қосымша

Нысан

_____ ауданының (облысының) 201_ жылға арналған
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ КАРТАСЫ

I. Өңірдің паспорты

адам		Экономикалық қызмет түрлері			
		Өнеркәсіп			
					Ақпарат және байланыс,

2) алушылар (отбасы), оның ішінде	X	X	X	X	X	X	X
еңбек етуге қабілетті адамдар	X	X	X	X	X	X	X

Еңбек ресурстарына қосымша қажеттілік (сұраныс)

адам

Қызметкерлердің санаты							
№	Көрсеткіштер (жиыны, 3-тен 10-ға дейінгі жолдардың сомасы)	Барлық деңгейдегі билік және басқару органдарының басшылары (өкілдері), ұйымдардың басшыларын қоса алғанда	Біліктілік деңгейі жоғары мамандар	Біліктілік деңгейі орташа мамандар (көмекші персонал)	Ақпарат дайындаумен, құжаттаманы ресімдеумен, есепке алумен және қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер	Қызмет көрсету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, қызметтерді ұсыну, сауда және ұқсас қызмет түрлері саласының қызметкерлері	Ауыл, орман және балық шаруашылығы және балық аулау саласының білікті қызметкерлері
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Өңір бойынша барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
1-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы						
	тұрақты						
	уақытша						
1-2	өнеркәсіп, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
A	оның ішінде: тау-кен өндіру						
	тұрақты						
	уақытша						
B	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабдықтау						
	тұрақты						
	уақытша						
1-3	құрылыс						
	тұрақты						
	уақытша						

	тұрақты					
	уақытша					
1-4	көлік және қоймалау					
	тұрақты					
	уақытша					
1-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі					
	тұрақты					
	уақытша					
1-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда					
	тұрақты					
	уақытша					
1-7	білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, өнер, ойын-сауық және демалыс					
	тұрақты					
	уақытша					
1-8	мемлекеттік басқару, қорғаныс					
	тұрақты					
	уақытша					
1-9	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
	олардың ішінде					
2	Жұмыспен қамту 2020 жол қартасы бағдарламасының жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
2-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы					
	тұрақты					
	уақытша					
2-2	өнеркәсіп, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
A	оның ішінде: тау-кен өндіру					

	тұрақты					
	уақытша					
Б	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабыдқтау					
	тұрақты					
	уақытша					
2-3	кұрылыс					
	тұрақты					
	уақытша					
2-4	көлік және қоймалау					
	тұрақты					
	уақытша					
2-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі					
	тұрақты					
	уақытша					
2-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда					
	тұрақты					
	уақытша					
2-7	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
3	Ү д е м е л і индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
3-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы					
	тұрақты					
	уақытша					
3-2	өнеркәсіп, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
А	оның ішінде: тау-кен өндіру					

	тұрақты					
	уақытша					
Б	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабдықтау					
	тұрақты					
	уақытша					
3-3	құрылыс					
	тұрақты					
	уақытша					
3-4	көлік және қоймалау					
	тұрақты					
	уақытша					
3-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі					
	тұрақты					
	уақытша					
3-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда					
	тұрақты					
	уақытша					
3-7	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
4	Бизнестің жол картасы - 2020 бағдарламаласының жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
4-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы					
	тұрақты					
	уақытша					
4-2	өнеркәсіп, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
А	оның ішінде: тау-кен өндіру					
	тұрақты					
	уақытша					

Б	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабыдқтау						
	тұрақты						
	уақытша						
4-3	құрылыс						
	тұрақты						
	уақытша						
4-4	көлік және қоймалау						
	тұрақты						
	уақытша						
4-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі						
	тұрақты						
	уақытша						
4-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда						
	тұрақты						
	уақытша						
4-7	өзге де түрлері						
	тұрақты						
	уақытша						
5	Агробизнес - 2020 бағдарламасының жобаларында, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
5-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы						
	тұрақты						
	уақытша						
5-2	өнеркәсіп, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
5-3	құрылыс						
	тұрақты						
	уақытша						
5-4	көлік және қоймалау						

	тұрақты					
	уақытша					
5-5	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда					
	тұрақты					
	уақытша					
5-6	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
6-6	"Қолжетімді тұрғын үй - 2020" бағдарламасының жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
6-1	кұрылыс					
	тұрақты					
	уақытша					
6-2	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
7-7	"Ақ бұлақ" бағдарламасының жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
7-1	кұрылыс					
	тұрақты					
	уақытша					
7-2	өзге де түрлері					
	тұрақты					
	уақытша					
8-8	"Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту - 2020" бағдарламасының жобаларында, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
8-1	кұрылыс					
	тұрақты					

	уақытша						
8-2	өзге де түрлері						
	тұрақты						
	уақытша						
9	Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасының жобаларында, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
9-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы						
	тұрақты						
	уақытша						
9-2	өнеркәсіп, барлығы						
	тұрақты						
A	оның ішінде: тау-кен өндіру						
	тұрақты						
	уақытша						
B	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабыдқтау						
	тұрақты						
	уақытша						
9-3	кұрылыс						
	тұрақты						
	уақытша						
9-4	көлік және қоймалау						
	тұрақты						
	уақытша						
9-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі						
	тұрақты						
	уақытша						
9-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда						
	тұрақты						
	уақытша						

9-7	өзге де түрлері						
	тұрақты						
	уақытша						
10	"Өңірлерді дамыту - 2020" бағдарламасының жобаларында, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
10-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы						
	тұрақты						
	уақытша						
10-2	өнеркәсіп, барлығы						
	тұрақты						
	уақытша						
A	оның ішінде: тау-кен өндіру						
	тұрақты						
	уақытша						
B	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабыдқтау						
	тұрақты						
	уақытша						
10-3	кұрылыс						
	тұрақты						
	уақытша						
10-4	көлік және қоймалау						
	тұрақты						
	уақытша						
10-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі						
	тұрақты						
	уақытша						
10-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда						
	тұрақты						
	уақытша						
10-7	өзге де түрлері						

	тұрақты					
	уақытша					
11	Өңірде іске асыралатын басқа да мемлекеттік және салалық бағдарламалар (бағдарламаның атауын көрсету)					
	тұрақты					
	уақытша					
11-1	оның ішінде: ауыл, орман және балық шаруашылығы					
	тұрақты					
	уақытша					
11-2	өнеркәсіп, барлығы					
	тұрақты					
	уақытша					
A	оның ішінде: тау-кен өндіру					
	тұрақты					
	уақытша					
B	оның ішінде: өңдеу, машина жасау және аспаптар жасау, электр-сумен жабыдқтау					
	тұрақты					
	уақытша					
11-3	кұрылыс					
	тұрақты					
	уақытша					
11-4	көлік және қоймалау					
	тұрақты					
	уақытша					
11-5	ақпарат және байланыс; қаржы және сақтандыру қызметі					
	тұрақты					
	уақытша					
11-6	қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда					
	тұрақты					
	уақытша					

1.4	кәсіпорын..... (атауы, қызмет түрі)								
								
								
								
								

Еңбек ресурстарының көздері

адам

№	Көрсеткіштер	Қызметкерлер санаттары						
		жиыны, жолдардың сомасы	Барлық деңгейдегі билік және басқару органдарының басшылары (өкілдері), ұйымдардың басшыларын қоса алғанда	Біліктілік деңгейі жоғары мамандар	Біліктілік деңгейі орташа мамандар (көмекші персонал)	Ақпарат дайындаумен, құжаттаманы ресімдеумен, есепке алумен және қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер	Қызмет көрсету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерді ұсыну, сауда және ұқсас қызмет түрлері саласының қызметкерлері	Ауыл, орм және бал шаруашылы және бал а у л а у саласының білікті қызметкері
1	Барлығы, оның ішінде							
2	Жоғарғы оқу орнының бітірушілері							
3	Техникалық және кәсіптік оқу ұйымдарының бітірушілері							
4	Еңбекші көшіп-қонушылар, барлығы							
4.1	ішкі							
4.2	шетелдік жұмыс күші							
4.3	Оралмандар							
5	ҚР әскери қызметтен босатылғандар							
6	Мектептердің бітірушілері							
7	Б а с бостандығынан а й ы р у							

	орындарынан босатылғандар							
8	Басқалары							

Еңбек ресурстарының теңгерімі

адам

Р/с №	барлығы	Қызметкерлердің санаты						Ірі және ұсақ өнеркәсіп ұйымдарының, көркем кәсіптердің, құрылыстың, көліктің, байланыстың, геология мен жер қойнауын барлаудың білікті жұмысшылары
		Барлық деңгейдегі билік және басқару органдарының басшылары (өкілдері), ұйымдардың басшыларын қоса алғанда	Біліктілік деңгейі жоғары мамандар	Біліктілік деңгейі орташа мамандар (көмекші персонал)	Ақпарат дайындаумен, құжаттаманы ресімдеумен, есепке алумен және қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер	Қызмет көрсету, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерді ұсыну, сауда және ұқсас қызмет түрлері саласының қызметкерлері	Ауыл, орман және балық шаруашылығы және балық аулау саласының білікті қызметкерлері	
Сұраныс								
1								
Ұсыныс								
2								
Еңбек ресурстарының теңгерімі, (-) жетіспеушілік, (+) артық								
3								

Жұмыспен қамту картасын толтыру тәртібі бойынша түсініктеме

1. «Халықтың саны» деген 1-жолда осы көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасы (мемлекеттік статистика органдары деректерінің негізінде), сондай-ақ, демографиялық ахуал мен көші-қон процестеріндегі болжамды өзгерістері ескеріле отырып, халықтың күтілетін саны көрсетіледі.

Халықтың t жылдан (S_t) кейін күтілетін саны мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_t = S_0 * \left(1 + \frac{(N - M) + (S_{пр} - S_{ғыл})}{\bar{S}} * 1000\%\right)^t$$

мұнда, S_0 – халықтың базалық жылдағы саны;
 \bar{S} – көрсетілген кезеңге халықтың орташа саны (кезеңнің басына және соңына орташа арифметикалық сан ретінде айқындалады);

N – туған адамдардың саны;

M – қайтыс болғандардың саны;

$S_{пр}$ – келген адамдардың саны;

С вы б – кеткен адамдардың саны;
t – есепті жылды базалық жылдан ажырататын жыл саны.

2. «Экономикалық белсенді халық» (бұдан әрі – ЭБХ) деген 2-жолда осы көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасын ескере отырып айқындалатын ЭБХ саны көрсетіледі (мемлекеттік статистика органдарының деректері бойынша)

2-жолда көрсетілген ЭБХ саны жұмыспен қамтылған (3-жол) және жұмыссыз (4-жол) халықтың сомасына тең келеді.

3. «Жұмыспен қамтылған халық» деген 3-жолда осы көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасын (мемлекеттік статистика органдары мәліметтерінің негізінде), сондай-ақ, нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жоспарлы шаралардың, мемлекеттік және салалық бағдарламалардың шеңберінде жұмыс орындарын құру нәтижесінде жұмыспен қамтылған халық санының ықтимал көбеюі ескеріле отырып, жұмыспен қамтылған халықтың саны к ө р с е т і л е д і .

3-жолда көрсетілген жұмыспен қамтылған халықтың саны жалдамалы (1)-жол) және өзін-өзі жұмыспен қамтыған (2)-жол) халықтың сомасына тең келеді.

«Жалдамалы қызметкерлер» деген 1)-жолда және «Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық, оның ішінде» деген 2)-жолда жалдану арқылы жұмыс істейтін және өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны көрсетіледі.

Бұл ретте, экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша бөліп көрсетілген өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық мәртебесінің өзгеру мүмкіндігі (еңбек қатынастарын заңдастыру және/немесе жалдану арқылы істейтін жұмысқа а у ы с у) е с к е р і л е д і .

«Нәтижелі жұмыспен қамтылғандар» деген А жолда: жұмыс берушілер – орташа айлық табысының деңгейіне қарамастан; өндіріс кооперативтерінің мүшелері; жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелгендер және белсенді жұмыс і с т е й т і н д е р) ;

тек өзі тұтыну үшін жеке қосалқы шаруашылығында өнім өндірумен а й н а л ы с а т ы н д а р ;

отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін қызметкерлері – орташа айлық табысының деңгейіне қарамастан және «кооперативтердің мүшелері»; жеке қосалқы шаруашылығында сату (айырбастау) үшін өнім өндірумен айналысатындар – орташа айлық табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан жоғары адамдар көрсетіледі.

«Нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар» деген Б жолда: жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелгендер қатарындағы жұмыс і с т е м е й т і н д е р т і р к е л м е г е н д е р) ;

тек өзі тұтыну үшін жеке қосалқы шаруашылығында өнім өндірумен айналысатындар ;

отбасылық кәсіпорындардың ақы төленбейтін қызметкерлері – орташа айлық табысының деңгейіне қарамастан және «кооперативтердің мүшелері»; жеке негізде жұмыспен қамтылғандар (тіркелгендер және белсенді жұмыс істейтіндер) ;

жеке қосалқы шаруашылығында сату (айырбастау) үшін өнім өндірумен айналысатындар – орташа айлық табысының деңгейі ең төмен күнкөріс деңгейі шамасынан төмен адамдар көрсетіледі.

Бұл ретте, нәтижелі жұмыспен қамту тауарлар, жұмыстар мен қызметтер өндірісінен еңбекақы төлеу түрінде табыс алуды немесе кәсіпкерлік қызметтен табыс табуды қамтамасыз ететін қызметті білдіреді.

2)-жолда көрсетілген «өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың» саны нәтижелі жұмыспен қамтылған (А жол) және нәтижесіз жұмыспен қамтылған (Б жол) халықтың сомасына тең келеді.

4. «Жұмыссыз халық» деген 4-жолда және «Уәкілетті органдарда тіркелген жұмыссыз халық» деген 1)-жолда жұмыссыздардың (4-жол) жалпы санын және уәкілетті органдарда ресми тіркелген жұмыссыздардың (1)-жол) санын бағалау жөніндегі деректер көрсетіледі.

Жұмыссыздардың жалпы санын бағалау осы көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасы (мемлекеттік статистика органдарының деректері бойынша) ескеріле отырып, сондай-ақ жұмыс орындарының қысқаруы, алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босатылуы, жұмыссыздық деңгейін төмендету жөніндегі шараларды қабылдаудан, жұмыс орындарын құрудан күтілетін болжамды нәтижелер ескеріле отырып жүзеге асырылады.

5. «Табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен аз отбасылар, оның ішінде» деген 5-жолда жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен (ең төмен күнкөріс деңгейінен 40 % – халыққа әлеуметтік қолдау көрсету кезінде қолданылатын табыс шегі) өңірдегі халық санының болжамы көрсетіледі.

Халықтың осы тобының санын бағалау осы көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасы (жергілікті атқарушы органдардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің деректері), сондай-ақ халық табысының ықтимал өсуі, оның ішінде нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары (табысы аз халықтың еңбек етуге қабілетті бөлігіне арналған) есебінен өсуі (Аумақтарды дамыту бағдарламасының, статистика органдарының, аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің деректері бойынша) ескеріле отырып жүзеге асырылады.

6. «Балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды алушылар, оның ішінде» деген 1)-жолда балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды

алушылардың - отбасылардың саны көрсетіледі (аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің деректері бойынша).

Бұл жолда балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды алушылар отбасыларының құрамындағы еңбек етуге қабілетті барлық адамдардың саны көрсетіледі.

7. «Атаулы әлеуметтік көмекті алушылар» деген 2)-жолда атаулы әлеуметтік көмекті алушылар отбасыларының саны көрсетіледі (аудандық, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің деректері бойынша).

«Еңбек етуге қабілетті адамдар» деген жолда атаулы әлеуметтік көмекті алушылар отбасыларының құрамындағы еңбек етуге қабілетті барлық адамдардың саны көрсетіледі.

8. Паспорттың көрсеткіштері әрбір жол бойынша экономикалық қызметтің негізгі түрлеріне сәйкес бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы;
- 2) өнеркәсіп, оның ішінде:
 - а) тау-кен өндірісі мен карьерлерді әзірлеу,
 - б) өңдеуші, машина жасау және аспап жасау, электрмен-сумен жабдықтау;
- 3) құрылыс;
- 4) көлік және қоймалау;
- 5) ақпарат және байланыс, қаржы және сақтандыру қызметі;
- 6) қызмет көрсету, көтерме-бөлшек сауда;
- 7) білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, өнер, ойын-сауық және демалыс;
- 8) мемлекеттік басқару, қорғаныс.

9. Еңбек ресурстарына қосымша қажеттілікте іске асырылатын Мемлекеттік және салалық бағдарламалардың, Аумақтарды дамыту бағдарламаларының және жоғарыда көрсетілген Бағдарламаларға енбейтін жеке бастамалардың шеңберіндегі еңбек ресурстарына қажеттілік туралы мәліметтер көрсетіледі.

10. «Өңір бойынша барлығы» деген 1-жолдағы барлық бағанда экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

1-1 – 1-9-жолдарда ЭҚЖС сәйкес тұрақты және уақытша жұмыс орындарына қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

11. «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының жобаларында барлығы» деген 2-жолда «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын барлық жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

2-1 – 2-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік

қалыптасқан қызметкерлер саны көрсетіледі.

12. «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама жобаларында, барлығы» деген 3-жолда Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын жобаларға байланысты, оның ішінде Индустрияландыру картасына енгізілген жобалар бойынша қалыптасқан қажеттілік (құрылыс кезеңі сияқты, пайдалануға берілгеннен кейін д е) к ө р с е т і л е д і .

3-1 – 3-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

13. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының жобаларында» деген 4-жолда «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде іске асырылатын барлық жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны к ө р с е т і л е д і .

4-1 – 4-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

14. «Агробизнес – 2020» бағдарламасы жобаларында», барлығы» деген 5-жолда «Агробизнес – 2020» бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

5-1 – 5-6-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

15. 6 – 8-2-жолдарда «Қолжетімді тұрғын үй – 2020», «Ақ бұлақ» және «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту – 2020» бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын барлық жобаларға қажет болатын жұмыс күшінің с а н ы к ө р с е т і л е д і .

16. «Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы жобаларында, барлығы» деген 9-жолда «Моноқалаларды дамытудың 2012 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде іске асырылатын барлық жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны к ө р с е т і л е д і .

9-1 – 9-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

17. «Өңірлерді дамыту 2020, барлығы» бағдарламасының жобалары бойынша » деген 10-жолда «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы шеңберінде іске асырылатын барлық жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны к ө р с е т і л е д і .

10-1 – 10-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

18. «Өңірде іске асырылатын басқа да мемлекеттік және салалық

бағдарламалар (бағдарламаның атауын көрсету)» деген 11-жолда басқа да мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру үшін көзделген барлық жобаларда қажеттілік қалыптасқан жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

11-1 – 11-7-жолдарда ЭҚЖС сәйкес іске асырылатын жобаларда қажеттілік қалыптасқан қызметкерлердің саны көрсетіледі.

19. «Кәсіптер мен мамандықтар бөлінісінде кәсіпорындар бойынша аудан (облыс) бөлінісіндегі еңбек ресурстарына қажеттілік» деген бөлімде кәсіптер мен мамандықтар бөлінісінде кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда қажет болатын жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

Кәсіптер мен мамандықтар бөлінісінде кәсіпорындар, мекемелер және ұйымдар бойынша еңбек ресурстарына қажеттілік ауылдың, кенттің, ауылдық округтің, қаладағы ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қаланың, елорданың аумағындағы кәсіпорындарда, мекемелерде, барлық меншік нысанындағы ұйымдарда сауалнама мен анкета жүргізу әдісімен көрсетіледі.

20. Еңбек ресурстарының көздерінде өңірлік еңбек нарығына ықтимал еңбек ресурстарының ағыны көрсетіледі.

21. «Барлығы, оның ішінде» деген 1-жолда өңірлік еңбек нарығына жаңадан қосылатын адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

22. «Жоғары оқу орындарының бітірушілері» деген 2-жолда жоғары оқу орындарының жұмысқа орналасуға мұқтаж бітірушілерінің саны (ЖОО-ының, білім беру, ішкі саясат жөніндегі өңірлік уәкілетті органдардың деректері бойынша) көрсетіледі. Мыналар:

өңірде тұрақты тұратын жоғары оқу орындарының бітірушілері; аталған көрсеткіштің соңғы бес жылдағы динамикасын ескере отырып, қайта оралатын бітірушілердің болжамды саны ескеріледі.

23. «Техникалық және кәсіптік оқыту ұйымдарының бітірушілері» деген 3-жолда соңғы бес жылдағы динамикасын ескере отырып, біліктілігі орташа деңгейдегі маман ретінде жұмыс орындарына орналасуға үміткер бола алатын колледж бітірушілерінің немесе ақпарат дайындаумен, құжаттаманы ресімдеумен және қызмет көрсетумен айналысатын немесе білікті қызметкерлердің саны (білім беру жөніндегі аумақтық уәкілетті органдардың деректері бойынша) көрсетіледі.

Аталған жолда сол өңірде тұрақты тұратын колледждердің бітірушілер көрсетіледі.

24. «Еңбекші көшіп-қонушылар, барлығы» деген 4-жолда еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алған еңбекші көшіп-қонушылардың саны көрсетіледі.

«ішкі» деген 1)-жолда мемлекет ішінде (өңір ішінде, сол сияқты басқа өңірлерден келген) орын ауыстыратын адамдардың саны көрсетіледі.

«шетелдік жұмыс күші» деген 2)-жолда қажеттілікті және жұмыс

берушілердің сұранысын қазақстандық қызметкерлердің есебінен қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауын ескере отырып, өңірге тартылатын шетелдік жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

«оралмандар» деген 3)-жолда оралман мәртебесін алған этникалық қазақтардың саны көрсетіледі.

Бағалау соңғы бес жылдағы көші-қон процестері динамикасы негізінде (мемлекеттік статистика органдары мен халықтың көші-қоны, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар жөніндегі өңірлік уәкілетті органдарының деректері бойынша) жүргізіледі.

25. «Қазақстан Республикасы Қарулы күштері қатарынан босатылғандар» деген 5-жолда Қазақстан Республикасы Қарулы күштері қатарынан босатылатын адамдардың саны туралы мәліметтер (қорғаныс істері аумақтық департаменттерінің бағалауы бойынша) көрсетіледі.

26. «Мектеп бітірушілері» деген 6-жолда есепті жылда орта білімнен кейінгі оқу орындарына түспеген, өңірдегі жалпы орта білім беретін мектептер бітірушілердің саны (білім беру жөніндегі уәкілетті органдардың деректері бойынша) көрсетіледі.

27. «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар» деген 7-жолда жұмысқа орналастыру қажет болатын, Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың саны (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті департаменттерінің бағалауы бойынша) көрсетіледі.

28. «Өзгелері» деген 8-жолда жұмыс іздеп өңірлік еңбек нарығына шығуы мүмкін қызметкерлер мен мамандардың (жоспарлы жобалардың аяқталуына байланысты, оңтайландырумен немесе штат санының қысқаруымен байланысты босатылатындар) саны көрсетіледі.

29. «Еңбек ресурстарының теңгерімі» деген бөлімде күтілетін сұранысты еңбек ресурстарымен салыстыру көрсетіледі.

Реттік нөмірі 1-жолда сұранысқа ие жұмыс күші бойынша сандық деректер көрсетіледі.

Реттік нөмірі 2-жолда еңбек нарығын толтырған жұмыс күшінің саны көрсетіледі.

Реттік нөмірі 3-жолда қызметкерлердің негізгі санаттары бойынша өңірлік еңбек нарығындағы тапшылық немесе артық болуы көрсетіледі.

30. Реттік нөмірі 3-жолда көрсетілетін еңбек нарығындағы теңгерімсіздік саны сұраныс (реттік нөмірі 1-жол) пен ұсыныс (реттік саны 2-жол) сомасына тең болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын

адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
2-қосымша

----- ауданының
(қаласының) Халықты жұмыспен
қамту орталығының директорына

мекенжайы бойынша тұратын

ӨТІНІШ

Мені «Оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу» бағыты бойынша
Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасына қатысушылар қатарына
енгізуді сұраймын.

Қосымша ___ парақта (қажет болған жағдайда):
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
еңбек кітапшасының (бар болса) немесе еңбек қызметін растайтын өзге
құжаттың (табысы аз және жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы
қызметкерлер қатарындағы жұмыс істейтін адамдар үшін) көшірмесі;
білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ бар болса,
оқудан өткенін растайтын басқа да құжаттардың (куәлік, сертификат)
көшірмелері;

«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама
нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907
бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде №
6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы
анықтаманың (Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу туралы шешім
қабылданғаннан кейін ұсынылады) көшірмесі;

жұмыс берушінің толық емес жұмыс уақыты немесе ұзақтығы қысқартылған
жұмыс уақыты режиміне ауыстыруы немесе әлеуметтік демалыс беру туралы
немесе мәжбүрлі тоқтату туралы актісі (жұмыспен ішінара қамтылған
жалдамалы қызметкерлер үшін).

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін
қажетті менің дербес деректерімді жинақтау мен өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйлерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді

п а й д а л а н у ғ а р ұ қ с а т б е р е м і н .

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш білдіруші жауапты болады.

Күні қолы

(кесу сызығы)

_____ азаматтың өтініші
20__ ж. «__» _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді.

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы:

*ұсынылған құжаттың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Біліктілікті арттырудың, кәсіптік даярлаудың және қайта даярлаудың
тегін курстарына жіберу жөнінде мемлекеттік қолдау көрсету туралы
өлеуметтік келісімшарт**

_____ 20__ жылғы «__» _____

(ж а с а л ғ а н о р н ы)

_____ атынан _____

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (уәкілетті өкілдің
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

_____ бұдан әрі «
Халықты жұмыспен қамту орталығы» деп аталатын, бір тараптан және _____

_____,
(Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың
сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

бұдан әрі «Бағдарламаға қатысушы» деп аталатын, екінші тараптан, төмендегі
туралы осы өлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – келісімшарт) жасады:

1. Келісімшарттың мәні

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушыны біліктілікті арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау (бұдан әрі – кәсіптік оқыту) тегін курстарына жіберуге, ал Бағдарламаға қатысушы кәсіптік оқытудың өзіне белгіленген түрінен Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында, кәсіптік оқыту келісімшартында және оқу ұйымының ішкі тәртібімен айқындалған тәртіппен және шарттарда өтуге міндеттенеді. Келісімшарт шеңберінде Бағдарламаға қатысушыға мынадай мемлекеттік қолдау шаралары көрсетіледі: _____

(Бағдарламаға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілсін)

2. Келісім тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушы, ал Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушы адамдарды оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу мен мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар) көзделген жағдайларда, Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналасуға кепілдік беретін жұмыс беруші және/немесе оқытушы ұйым (бұдан әрі - тараптар) болады.

3. Жұмыс беруші мен оқытушы ұйым Келісімшарттың жасалуын Халықты жұмыспен қамту орталығына, келісімшартқа қосылатыны туралы, _____ жылғы _____ № _____ қол қоюға құқығы бар жауапты лауазымды тұлғаның қолымен және мөрмен (бар болған жағдайда) куәландырылған, жазбаша өтініш (хабарлама) беру арқылы растайды, ол келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

4. Келісімшарт Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының 20 __ жылғы «__» _____ № __ бұйрығының негізінде жасалды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы мыналарға:

1) Бағдарламаға қатысушыны оқытушы ұйымға

(Бағдарламаға қатысушы алатын мамандық (кәсіп) немесе біліктілігін арттыру көрсетілісін)

алу үшін (біліктілігін арттыру үшін) _____ мерзімімен өтетін

(о қ у к е з е н і)

кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға жіберуге;

2) оқуға, әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірибесіне жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге арналған материалдық көмекті Бағдарламаға қатысушыға Қағидаларда айқындалған тәртіппен жағдайларда және шарттарда көрсетуге ;

3) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті, ақпаратты тараптардың сұратуы бойынша, уақтылы және толық көлемде ұсынуға ;

4) оқытушы ұйымға Бағдарламаға қатысушыны кәсіптік оқыту жөніндегі қызметтердің ақысын уақтылы және толық көлемде төлеуге;

5) тараптарға кәсіптік оқыту және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультация беруге ;

6) кәсіптік оқыту барысында Бағдарламаға қатысушы игерген дағдылар мен машықтарды аралық және қорытынды бағалауға қатысуға міндетті.

6. Халықты жұмыспен қамту орталығының құқықтары:

1) тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты құжаарды және материалдарды тараптардан сұратуға және алу ;

2) Тараптардан келісімшарттық, кәсіптік оқыту шартының уақтылы және тиісінше орындалуын талап ету ;

3) Келісімшарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда, оқытушы ұйымның кәсіптік оқыту жөнінде нақты көрсеткен қызметтері көлеміне пропорционалды ақы төлеу бойынша қайта есептеу жүргізуге, сондай-ақ Бағдарламаға қатысушыдан осы қызметтер көлемінің құны мен кәсіптік оқытуға арналған материалдық көмектің төленген сомаларын бюджетке өтеуін талап ету;

4) Келісімшарт шеңберіндегі өзге де мәселелерді шешу.

7. Бағдарламаға қатысушы мыналарға:

1) кәсіптік оқытудан өтуге;

2) оқытушы ұйымның ішкі тәртібі талаптарын сақтауға;

3) дәлелді себепсіз сабақтан қалмауға;

4) тараптардың сұратуы бойынша, тараптар міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақытылы және толық көлемінде ұсынуға міндетті.

5) тұрақты жұмысқа орналасқан, әскери қызметке шақырылған, қайтыс болған, оқу бағдарламасын толық көлемде игеруге мүмкіндік бермейтін жүкті болу, аурулар салдарынан сабақтарды босатқан жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ жиырма тоғыз жасқа толмаған балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және кәмелетке

толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар қатарындағы Бағдарламаға қатысушылар кез келген себептер бойынша, төленген материалдық көмек пен стипендия сомасын қоса алғанда оқуға арналған шығыстарды бюджетке өтеуге;

б) Бағдарламаға қатысушының кәсіптік оқытудан өтуіне кедергі келтіретін мән-жайлардың туындағаны туралы үш жұмыс күнінен кешіктірмей тараптарды х а б а р д а р е т у г е ;

7) Бағдарламаға қатысушыға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде өзіне жүктелетін міндеттемелерді адал атқаруға міндетті.

8. Бағдарламаға қатысушының құқықтары:

1) кәсіптік оқыту және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша к о н с у л ь т а ц и я л а р а л у ғ а ;

2) оқытуға арналған материалдық көмекті, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен алуға;

3) Келісімшарттың, кәсіптік оқыту шартының уақтылы және тиісінше орындалуын тараптардан талап етуге құқылы.

9. Оқытатын ұйымның құқығы:

1) халықты жұмыспен қамту орталығымен келісім бойынша Бағдарламаға қатысушыларды мынадай жағдайларда:

1) сабақты дәлелсіз себептермен қатарынан үш оқу күнінен көп босатқан;

2) үлгерімі нашар немесе аралық аттестаттау қанағаттанғысыз болған;

3) оқытатын ұйымның ішкі тәртібін бұзған жағдайларда оқудан шығаруға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2) Қайта даярлаудан және/немесе біліктілікті арттырудан өту уақытында Бағдарламаға қатысушыларға әлеуметтік демалыс ұсынылады.

10. Бағдарламаға қатысушыны оқудан шығарған кезде оқытатын ұйымдарға кәсіптік даярлау бойынша нақты ұсынылған қызметтердің көлемі төленеді.

11. Бағдарламаға қатысушы тұрақты жұмысқа орналасқан, әскери қызметке шақырылған, қайтыс болған, оқу бағдарламасын толық көлемде игеруге мүмкіндік бермейтін жүкті болу, аурулар салдарынан сабақтарды босатқан жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ жиырма тоғыз жасқа толмаған балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар қатарындағы Бағдарламаға қатысушылар кез келген себептер бойынша, төленген материалдық көмек пен стипендия сомасын қоса алғанда оқуға арналған шығыстарды бюджетке өтейді.

3. Форс-мажорлық жағдайлар

12. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған: өрт, жер сілкіну, су тасқыны мен басқа да апатты құбылыстар; соғыс іс-қимылдары мен тағы да өзге төтенше және апатты (форс-мажор) жағдайларда міндеттемелерін толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады,

13. Форс-мажорлық мән жайлар туындаған кезде, осы Келісімшартқа сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде, бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) х а б а р д а р е т п е у е м н е с е м і н д е т т і .

14. Хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау Тараптарды, мұндай хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау тиісті форс-мажорлық мән жайлардан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық мән жайдың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама, форс-мажорлық мән жай жалпыға белгілі және көпшілік сипатта болған әрі дәлелдеуді оқажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің куәлігімен р а с т а л у ы т и і с .

15. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдай орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер форс-мажорлық мән жайлар туындауына байланысты, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

4. Басқа да жағдайлар

16. Келісімшартқа қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

17. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушы қол қойған және жұмыс берушінің және/немесе оқытушы ұйымның Келісімшартқа қосылғаны туралы хабарламасын алған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы «__» _____ дейін қолданылады.

5. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Жұмыспен қамту орталығы

Бағдарламаға қатысушы

(Халықты жұмыспен қамту орталығының
толық атауы)

(Бағдарламаға қатысушының тегі,
аты, әкесінің аты)

(мекенжайы)

(мекенжайы)

(телефон, факс)

(телефон, факс)

(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

(қолы)

М.О.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы)

**Әлеуметтік келісімшартқа қосылу
туралы жұмыс берушінің
өтініші (хабарламасы)**

Осы арқылы _____ атынан _____
(жұмыс берушінің атауы) (ереже, жарғы және т.б.)

негізінде әрекет ететін _____
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты)

және _____

(халықты жұмыспен қамту (Бағдарламаға қатысушының тегі, орталығы) аты
, ә к е с і н і ң а т ы)

арасында жасалған 20__ жылғы «__» _____ № _____ әлеуметтік
келісімшартқа қосылуға ниет білдіреді және төмендегілер туралы:
_____ мамандығы (кәсібі) бойынша
_____ нысанында кәсіптік

оқуды (даярлау, қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру) табысты аяқтағаннан кейін Бағдарламаға қатысушыны алған мамандығы (кәсібі) бойынша _____ мерзімге жұмысқа орналастыруға міндеттеме алады.

Өндірістік практикадан өту орны _____.

Осы өтінімге мыналарды қоса беремін (құрылтай құжаттарының көшірмелері, банк деректемелері қоса берілсін):

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.)

М.О. (бар болған жағдайда)

_____ (лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.)

М.О.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесуді және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына 5-қосымша

Нысан

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы)

Әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы білім беру ұйымының өтініші (хабарламасы)

Осы арқылы _____ атынан _____

(білім беру ұйымының атауы) (ереже, жарғы және т.б.)

негізінде әрекет ететін _____

_____ (уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты)

және _____

(халықты жұмыспен қамту

(Бағдарламаға қатысушының

орталығының атауы) _____ тегі, аты, әкесінің аты)

арасында жасалған 20__ жылғы «__» _____ № _____ әлеуметтік келісімшартқа қосылуға ниет білдіреді және төмендегілер туралы дайын екенін мәлімдейді:

1. Бағдарламаға қатысушыны _____ мамандығы (кәсібі) бойынша _____

_____ түрінде

(даярлау, қайта даярлау немесе біліктілікті арттыру)
кәсіптік оқуға қабылдау;

2. Кәсіптік оқу мерзімі: 20__ жылғы «__» __ бастап 20__ жылғы «__» _

_____ дейін.

3. Оқу құны _____ құрайды.

4. Өндірістік практикадан өту орны мен шарттары _____.

Осы өтінімге мыналарды қоса беремін (құрылтай құжаттарының көшірмелері, банк деректемелері қоса берілсін):

_____ (лауазымы) _____ (қолы) _____ (уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.)

М.О. (бар болған жағдайда)

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
б-қосымша

Нысан

Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналастыруға

№ _____ жолдама

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы Бағдарламасына қатысушы _____

_____ (қатысушының Т.А.Ә.)

_____ бастап _____ дейін _____ ай мерзімге

(тұрақты жұмысқа/инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде бос жұмыс орындарына/ мемлекеттік, салалық аймақтарды дамыту бағдраламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларға/элеуметтік жұмыс орнына/жастар практикасына орналасу үшін кезінде толтырылады)

_____ ұйымға

_____ (ұйым/мекеме атауы)

_____ (кәсіп/мамандық атауы)

мамандығы (кәсібі) бойынша тұрақты жұмысқа/инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде бос жұмыс орындарына /мемлекеттік, салалық

аймақтарды дамыту бағдраламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларға /
элеуметтік жұмыс орнына/жастар практикасына орналасу үшін жіберіледі.

Жұмыспен қамту
орталығының директоры қолы
Ұсыну мерзімі

М . О .

(кесу сызығы)

Жұмыспен қамту орталығына қайтарылады

Жолдамаға № _____ хабарлама

_____ (жұмыс берушінің атауы)
201_ жылғы _____ Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасына
қатысушы _____

_____ (қатысушының Т.А.Ә.)
201_ жылғы _____ жасалған еңбек келісімшартқа сәйкес (201_
жылғы _____ № _____ бұйрық)
_____ бастап _____ дейін _____ ай дейінгі мерзімге (_____
тұрақты жұмысқа қабылдаған кезде толтырылмайды)

_____ (кәсібі/мамандығы бойынша)
ретінде тұрақты жұмысқа/инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде
бос жұмыс орындарына/элеуметтік жұмыс орнына/жастар практикасына
қабылданды.

Жұмыс берушінің жауапты өкілі _____
(қолды таратып жазу)

М.О. (бар болған жағдайда)
Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
7-қосымша

Нысан _____ ауданының (қаласының)
_____ халықты жұмыспен қамту орталығының директорына

ӨТІНІШ

Мені «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету» бағыты бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасына қатысушылар қатарына енгізуді сұраймын.

Қосымша _____ парақта:
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелуді, уақытша тіркеу растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы, ауыл әкімдерінің анықтамасы)көшірмесі;
білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом) және/немесе оқудан өткенін растайтын басқа да құжаттардың (куәлік, сертификат) көшірмелері (бар болса) ;

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинақтау мен өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйелерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді пайдалануға рұқсат беремін.

*ұсынылған құжаттардың дәйектілігіне өтініш білдіруші жауапты болады.

К ү н і _____ қ о л ы

(к е с у с ы з ы ғ ы)

_____ азаматтың
өтініші 20__ ж. «__» _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы:_____

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.
Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарды оқытуды, олардың жұмысқа
орналасуына жәрдемдесуді және оларға
мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді
ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына
8-қосымша

Нысан

(қаласының)

Халықты

ауданының
жұмыспен

қамту

орталығының

директорына

мекенжайы

бойынша

тұратын

ӨТІНІШ

Мені «Оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу» бағыты бойынша Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бағдарламасына қатысушылар қатарына енгізуді және жастар практикасына/элеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастыруды сұраймын.

Қосымша ___ парақта (қажет болған кезде):
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
еңбек кітапшасының (бар болса) немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжаттың (табысы аз және жұмыспен ішінара қамтылған жалдамалы қызметкерлер қатарындағы жұмыс істейтін адамдар үшін) көшірмесі;
білімі туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом), сондай-ақ бар болса, оқудан өткенін растайтын басқа да құжаттардың (куәлік, сертификат) көшірмелері.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинақтау мен өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйлерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді пайдалануға рұқсат беремін.

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш білдіруші жауапты болады.

К ү н і

қ о л ы

(к е с у с ы з ы ғ ы)

_____ азаматтың өтініші 20__ ж. «__
» _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы: _____

*ұсынылған құжаттың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

ж ә н е

элеуметтік

даму

министрінің

2015

жылғы

10

сәуірдегі

№

221

бұйрығына

2-қосымша

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларсы (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «Жеке кәсіпкерлік туралы» 2006 жылғы 31 қаңтардағы заңдарына және "Жұмыспен қамту 2020" жол картасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысы сәйкес әзірленді (бұдан әрі – Бағдарлама) және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге бағытталған шаралар тиісті жылға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде:

1) жол жүруге және тұруға материалдық көмек ұсына отырып, кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту және бизнес-жоспар әзірлеуге жәрдемдесу;

2) микрокредиттер беру, оның ішінде 500 000 тенге соммасына дейін (бұдан әрі – шағын кредиттер) беру;

3) бір жылға дейінгі мерзімге жобаны сүйемелдеу жөніндегі сервистік қызметтерді (маркетингтік, заң, бухгалтерлік және басқа да көрсетілетін қызмет түрлері) ұсыну;

4) 500 000 теңгеге дейінгі сомаға шағын кредиттер алған адамдарды қоспағанда, жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту және/немесе салу және/немесе Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде отарлы мал шаруашылығын дамыту үшін жабдықтар сатып алу жолымен іске асырылады.

Кәсіпкерлік бастаманы мемлекеттік қолдау шараларын ынталандыру, олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, даму әлеуеті орташа және жоғары ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда, қалалық әкімшілік бағынысты аумақтардағы кенттерде іске асырылады.

Тірек ауылдық елді мекендер кәсіпкерлік бастаманы мемлекеттік қолдауды іске асыру үшін басым елді мекендер болып табылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудандық (қалалық) комиссия (бұдан әрі – комиссия) – ауданның (қаланың)

жергілікті атқарушы органының жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

2) банк – тірек ауылдық елді мекендерде өз қызметін жүзеге асыратын Бағдарламаға қатысушыларға кредит беру бойынша қызметтер ұсынатын екінші деңгейдегі банк;

3) Бағдарламаға қатысушылар – жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлер) келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де санаттары;

4) Бағдарлама операторы – халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) блок-модуль – бизнес-жобаларды қамтамасыз ету, оның ішінде шалғайдағы жерлерді энергиямен, сумен жабдықтаудың балама көздерін дайындау үшін арнайы жабдықтармен жарақтандырылған модульді ұтқыр кешен;

6) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, бухгалтерлік есепті жүргізу, бюджеттік есепке алуды және республикалық бюджет пен өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н ;

7) ВАК – Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

8) инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган – аудандық/қалалық, облыстық маңызы бар жергілікті атқарушы органның инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру мәселелеріне жауапты құрылымдық бөлімшесі;

9) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті орган – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін құрылымдық б ө л і м ш е с і ;

10) кәсіпкерлікті дамыту картасы – аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары әзірлейтін және бекітетін әрі олардың

қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін, басқа мемлекеттік, салалық бағдарламалармен және аумақтарды дамыту бағдарламаларымен байланысын қоса алғанда, іске асыру жоспарланған бизнес-жоспарлардың тізбесін қамтитын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі шаралар кешені;

11) кәсіпкерлік негіздеріне оқыту – бір айға дейін Қазақстан Республикасында бизнесті жүргізудің заңды негіздеріне, қаржы және салық салуға, бизнес құруға және дамытуға, бизнес-жоспарларды әзірлеу жөніндегі практикалық дағдыларды игеруге бағдарланған кәсіпкерлік қызметінің негізгі ұғымдары мен ережелеріне қысқа мерзімді оқыту;

12) кредиттік серіктестік – жеке және (немесе) заңды тұлғалар оған қатысушылардың кредитке және басқа қаржыға, оның ішінде банк қызметтеріне қажеттіліктерін олардың ақшаларын шоғырландыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздердің есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

13) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

14) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылар отбасыларының шекті саны;

15) мастер-жоспар – кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдау арқылы оның экономикалық және табиғи ресурстарын тиімді пайдалану есебінен азаматтарды нәтижелі жұмыспен қамтуды кеңейтуге бағытталған Тірек ауылдық елді мекенді дамытудың кешенді жоспарының құрама компоненті;

16) материалдық көмек – кәсіпкерлік негіздеріне оқудан өтіп жатқан Бағдарламаға қатысушыға жол жүруге және тұруына жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге төленетін ақшалай қаражат;

17) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын тұжырымдау мен қалыптастыру саласындағы, сондай-ақ өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

18) микрокредиттік ұйым – микрокредит беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

19) микроқаржы ұйымы – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтумен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының заңдарында рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

20) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандар отбасыларының шекті саны;

21) өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

23) өтініш беруші – Бағдарламаға қатысу үшін халықты жұмыспен қамту орталығына өтініш берген жеке тұлға;

24) сервистік қызмет көрсететін ұйым – кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қызметтер кешенін (консультациялық, маркетингтік, заң, бухгалтерлік, жобаны сүйемелдеу жөніндегі қызметтер және басқа да көрсетілетін қызмет түрлері) көрсететін ұйым;

25) сервистік қызметтер – жобаны сүйемелдеу жөнінде консультациялық, маркетингтік, заң, бухгалтерлік қызметтер көрсету жөніндегі қызметтер кешені және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі басқа да көрсетілетін қызмет түрлері;

26) субсидиялау жөніндегі қаржылық агент – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы;

27) субсидиялау шарты – субсидиялау жөніндегі қаржы агенті, Бағдарламаға қатысушы, банк арасында жасалатын жазбаша келісім, оның шарттары бойынша субсидиялау жөніндегі қаржы агенті банк берген Бағдарламаға қатысушының кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара субсидиялайды;

28) уәкілетті өңірлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға, сондай-ақ банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын ұйым және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;

29) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Кредиттер беру тәртібі

4. Бағдарламаға қатысуға және мемлекеттік қолдау алуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына жүгінеді, онда оларға микрокредит және шағын кредит алудың ықтимал нұсқалары, материалдық көмек, сервистік көрсетілетін қызметтер ала отырып, кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы консультация беріледі.

1 Параграф: Микрокредиттер беру

5. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер микрокредит алу үшін жұмыспен қамту орталықтарына мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

- 1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмелері;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы, ауыл әкімінің анықтамасы);
- 3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту бойынша бизнес-ұсыныс;
- 4) жоба үшін жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамытуға жабдықты сатып алуға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім (қажет болған жағдайда).

Жеке ісін кеңейтуді жоспарлайтын адамдар төлем қабілеттілігін (адамға қызмет көрсетілетін екінші деңгейдегі банктің немесе оның филиалының қол қойылған және мөр басылған адамның банктің немесе оның филиалының алдындағы (адам бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда, мұндай анықтама осы банктердің әрқайсысынан беріледі) міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берген күннің алдында үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегі жоқ екені туралы анықтамасының түпнұсқасы) растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

2 Параграф: Шағын кредиттер беру

6. Шағын кредит алуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке ісін ұйымдастыру бойынша бизнес-ұсыныс.
- Шағын кредит жеке ісін ұйымдастыруға беріледі.

Шағын кредит берудің басым бағыттары құс, ұсақ мал сатып алу, халық қолөнерін дамыту, өзін-өзі тез ақтайтын қызметтерді көрсету болып табылады.

7. Екінші бағытқа қатысудың басым құқығы әйелдерге, еңбек қызметімен айналысу үшін денсаулық жағдайы бойынша қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектерге, зейнеткерлік жасына жеткенге дейін елу жастан асқан адамдарға, ауыл тұрғындары қатарынан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастарға беріледі.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың қатарынан қатысуға басым құқық нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар мәртебесіне ие адамдарға беріледі.

3 Параграф: Кредиттер беру шарттары

8. Бағдарламаға қатысушыларға кредит беру мынадай шарттарды қамтиды:

1) микрокредит қайтарымдылық негізінде микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдар, қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым үшін кепіл немесе кредиттік серіктестіктердің барлық қатысушыларына немесе қаржылық жай-күйі уәкілетті өңірлік ұйымның талаптарын қанағаттандыратын үшінші тұлғаларға кепілдіктер берген кезде беріледі.

Бюджеттік кредиттің қайтарылуын қамтамасыз ету құны сыйақы сомасын ескергенде бюджеттік кредиттің мөлшерінен кем болмауға тиіс; шағын кредит қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым үшін кепіл берген кезде қайтарымдылық негізде беріледі; кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын талап қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымның ішкі саясатында айқындалады;

2) нысаналы сипатта болады – жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту;

3) микрокредит және шағын кредит тұтынушылық мақсаттарға, бұрынғы қарыздарын өтеуге және жылжымайтын тұрғын мүлікті сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметті жүзеге асыруға берілмейді;

4) микрокредит беру мерзімі – бес жылдан аспайды;

5) шағын кредит беру мерзімі – үш жылдан аспайды;

6) микрокредиттің ең жоғары сомасы құрайды: жеке ісін ұйымдастыруға немесе кеңейтуге (осы Қағидалардың 60-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) – 3 миллион теңгеге дейін;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар үшін – 5 миллион теңгеге дейін;

7) шағын кредиттің ең жоғары сомасы – бес жүз мың теңгеден аспайды;

8) соңғы қарыз алушыға, микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы және/немесе микрокредит бойынша қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым негізгі берешекті өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсынуы мүмкін, ол микрокредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспауға тиіс;

9) шағын кредит бойынша қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым соңғы қарыз алушыға шағын кредит беру мерзімінің ұзақтығы алты айдан аспайтын мерзімге негізгі берешекті өтеу бойынша жеңілдікті кезең береді;

10) бұрын берілген микрокредиттер және шағын кредиттер есебінен соңғы қарыз алушы қайтарған қаражатты шоғырландыру кезінде осы Қағидалардың шарттарына сәйкес қайтадан кредит беруді жүзеге асыруға жол беріледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Кешенді дамыту үшін іріктелген тірек ауылдарда тұратын және жобаларды іске асыратын Бағдарламаға қатысушылар үшін мемлекеттік қолдау мынадай қ о с ы м ш а ш а р т т а р д ы қ а м т и д ы :

1) микрокредиттің ең жоғары сомасы бес миллион теңгеден аспайды;

2) микрокредит беру мерзімі – бес жылға дейін;

3) қолданыстағыларға қатысты жаңа тұрақты жұмыс орындарының кемінде 10 пайызын құруды қамтамасыз еткен жағдайда Бағдарлама қаражатынан тыс берілген екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы м ө л ш е р л е м е с і н с у б с и д и я л а у ;

4) олар таңдаған Бағдарламаның бағыттарына сәйкес мемлекеттік қолдаудың б а р л ы қ ш а р а л а р ы н ұ с ы н у .

10. Кәсіпкерлік бастаманы мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кәсіпкерлікті дамыту картасын, сондай-ақ тірек ауылдардың мастер-жоспарын ескере отырып жүзеге асырылады.

4 Параграф: Кәсіпкерлікті дамыту картасын қалыптастыру

11. Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары аумақтарды дамыту бағдарламаларына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты

түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандырудың ұсынылатын схемасын ескере отырып, 3 жылға арналған Кәсіпкерлікті дамыту картасын әзірлейді және оны облыстың кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі уәкілетті органымен келісу бойынша бекітеді.

12. Кәсіпкерлікті дамыту карталарын әзірлеуге жауапты ұйымдарды іріктеуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

13. Кәсіпкерлікті дамыту карталарын әзірлеуге ауылдық (кент) округтердің әкімдері, тұрғындар, кәсіпкерлер мен кредиттік серіктестіктердің өкілдері қатысады, олар қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді, технологиялық циклдардың дамуын, басқа мемлекеттік, салалық бағдарламалармен және аумақтарды дамыту бағдарламаларымен байланысын қоса алғанда, іске асыру болжанатын бизнес жобалардың тізбесіне енгізу үшін ұсыныс енгізеді.

14. Кәсіпкерлікті дамыту картасында мыналар көзделеді:

1) нақты аумақ үшін Бағдарламаны іске асырудың нақты тиімділік көрсеткіштерінің (индикаторлардың) тізбесі, Бағдарламаға қатысушыларды заңдастыруды қоса алғанда күтілетін нәтижелер;

2) Бағдарламаға әлеуетті қатысушылардың кәсіпкерлік белсенділігімен байланыстыра отырып, нақты аумақ үшін қызметтің басым түрлері;

3) басқа мемлекеттік, салалық бағдарламалармен және аумақтарды дамыту бағдарламаларымен байланысы;

4) картаны іске асыруға болжанатын бюджет;

5) қызметтің басым түрлерінің технологиялық тізбегін дамыту (кластерлік тәсіл) ;

6) түпкілікті өнім және нарық сыйымдылығына бағаларды талдай отырып, қызметтің әрбір басым түрі бөлінісіндегі жалпы қаржылық-экономикалық көрсеткіштер .

15. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ауданның (қаланың) уәкілетті органы ұсынылған Кәсіпкерлікті дамыту картасының жобасын ауданның кәсіпкерлікті дамытудың бекітілген бағыттарына сәйкестігін тексереді және оны облыстың кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі уәкілетті органымен келіседі .

16. Облыстың кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі уәкілетті органымен келіскеннен кейін Кәсіпкерлікті дамыту карталарын аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары бекітеді.

Аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдары өзгерістерді ескере отырып, Кәсіпкерлікті дамыту картасын түзетуі мүмкін, бірақ жылына бір реттен жиі емес .

17. Кәсіпкерлікті дамыту картасында көзделген көрсеткіштердің және лимиттің жеткізілген жалпы сомасы негізінде жергілікті атқарушы орган тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімді қалыптастырады.

18. Өңірлердің жергілікті атқарушы органдары Бағдарлама операторына микрокредит беру жөніндегі жиынтық бюджеттік өтінімді жібереді.

19. Қалыптастырылған Кәсіпкерлікті дамыту картасы халықты жұмыспен қамту орталығына, микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына, кредиттік серіктестіктер және/немесе уәкілетті өңірлік, оның ішінде қаржы агенттігі мәртебесіне ие ұйымға, сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарға ұсынылады және аудандардың (қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың және халықты жұмыспен қамту орталықтарының интернет-ресурстарына орналастырылады.

5 Параграф: Тірек ауылдарды кешенді дамытудың мастер-жоспарын қалыптастыру

20. Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес келісу және сәйкес қорытынды алу үшін жергілікті атқарушы органдар тірек ауылдар тізбесінің жобасын тиісті негіздемелермен қоса, тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесінде айқындалған критерийлерге сәйкестігін бағалау, келісу және тиісті қорытынды алу үшін өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

21. Жергілікті атқарушы органдар Бағдарламаға қосу және пилоттық тірек ауылдық елді мекендерді кешенді дамыту мастер-жоспарын әзірлеу үшін өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісілген тірек ауылдық елді мекендер тізбесінен ауылдарды іріктейді.

22. Ауылдық округтер әкімдері ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен тірек ауылдардың мастер-жоспарын әзірлейді.

23. Тірек ауылдың мастер-жоспары жергілікті қоғамдастық жиынының талқылауына шығарылады және оны ынтымақты жауапкершілік қағидаттарында жеке және заңды тұлғалар іске асырады.

24. Жергілікті қоғамдастық жиынында мақұлданған тірек ауылдың мастер-жоспары аудандық комиссияның қарауына шығарылады және оң қорытынды алғаннан кейін өңірлік комиссияның қарауына жіберіледі.

25. Өңірлік комиссиядан оң қорытынды алған тірек ауылдың мастер-жоспары бағалау, тиісті орталық уәкілетті органмен бірлесе отырып қаржыландыру бойынша қорытындыны ұсыну және ВАК қарауына шығару үшін Бағдарлама операторына жіберіледі.

ВАК мақұлдаған мастер-жоспарды ауданның (қаланың) мәслихаты бекітеді

және жергілікті атқарушы органдар іске асырады.

26. Тірек ауылдың мастер-жоспары кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдау арқылы оның экономикалық және табиғи ресурстарын тиімді пайдалану есебінен азаматтарды нәтижелі жұмыспен қамтуды кеңейтуге бағытталған Тірек ауылдық елді мекенді дамытудың кешенді жоспарының құрама компоненті
б о л ы п т а б ы л а д ы .

27. Тірек ауылдың мастер-жоспары мыналарды:
экономикалық дамудың ағымдағы жағдайын және тірек ауылдың халқын нәтижелі жұмыспен қамтуды талдауды;
тірек ауылдың даму мүмкіндіктері мен жағдайларын оның экономикалық қызметтің нақты түріне мамандануын ескере отырып айқындауды;
қолданыстағы мемлекеттік және салалық бағдарламалар, сол сияқты жеке инвестициялар шеңберінде көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын мастер-жоспарды іске асыру тетіктері мен құралдарын;
инвестициялар тартуды, шикізат қорын дамытуды, қайта өңдеуді, ілеспе және көмекші өндірістерді, инфрақұрылымды дамытуды, ауылды дамыту жөніндегі жұмысқа өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз азаматтарды тартуды көздейтін тірек ауылды дамыту жөніндегі шараларды іске асырудың қ а д а м д ы қ ж о с п а р л а р ы н ;

қолданыстағы мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да қаржыландыру көздері шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларының көлемін, іске асыру мерзімдерін және жауапты орындаушыларды айқындауды қамтиды.

28. Жергілікті өкілді атқарушы орган бекіткен тірек ауылды дамытудың мастер-жоспары негізінде ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы, ауылдық округтің (кенттің) әкімі бірлесіп:

1) перечень проектов, направленных на развитие предпринимательства, финансируемых как за счет государственных и отраслевых программ, так и из и н ы х ф и н а н с о в ы х о р г а н и з а ц и й ;

2) осы елді мекенге көшуге ниет білдірген үміткерлерді қамтамасыз етуге қажетті үйлердің (пәтерлердің, жатақханалардың) санын;

3) құрылатын жұмыс орындарының санын;

4) микрокредиттер алуға үміткер адамдардың санын;

5) оқуға үміткер және жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдардың санын;

6) жобаларды банктерден алған кредиттердің есебінен іске асыратын адамдардың және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға үміткерлердің санын;

7) қаржыландырудың қажетті көлемі мен көздерін айқындайды.

29. Тірек ауылдың мастер-жоспарында көзделген іс-шараларды қаржыландыру Бағдарламаны, сондай-ақ басқа да қолданыстағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға бөлінген қаражат есебінен және

шегінде

жүзеге

асырылады.

Ақмола, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстарында (әр өңірде бір тірек ауылдан) пилотты режимде әзірленген тірек ауылдарды дамытудың мастер-жоспарларын қаржыландыруға арналған қаражат жеткізілген лимиттердің жалпы сомасының 10 пайызынан аспайтын мөлшерде қосымша жоспарланады.

Тірек ауылдарды дамытуды қаржыландыру үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бөлінген қаражатты өңірлер арасында бөлу бекітілген тірек ауылдарды дамытудың мастер-жоспарларының негізінде тиісті республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің өтінімі бойынша ВАК шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

30. Облыстың жергілікті атқарушы органдары тірек ауылдық елді мекендердің мастер-жоспарларында көзделген іс-шаралардың орындалуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

31. Бағдарлама операторы өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, тірек ауылдардың мастер-жоспарларының іске асырылуына мониторинг жүргізеді және бақылауды жүзеге асырады және ВАК-қа олардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынады.

6 Параграф: Кредиттік ұйымдарды іріктеу тәртібі

32. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредит жергілікті атқарушы органға 0,01 % жылдық сыйақы ставкасымен қайтарымдылық, жеделділік және ақылылық қағидаттарында 5 жылға беріледі;

33. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары микрокредитті ұйымдастыру үшін уәкілетті өңірлік ұйымдарды айқындайды.

34. Осы бұйрықпен бекітілген уәкілетті өңірлік ұйымдар Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттік серіктестіктерге кредит берудің белгіленген қағидаларына (бұдан әрі – Кредит беру қағидалары) сәйкес Бағдарламаға қатысу үшін микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарды және кредиттік серіктестіктерді іріктеу бойынша ашық конкурс өткізеді.

35. Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктер арасында конкурс өткізбей, соңғы қарыз алушыларға кредит беруді қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымның өзі жүзеге асыруы мүмкін.

36. Бағдарламаға қатысу құқығын алған микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары және кредиттік серіктестіктер мен уәкілетті өңірлік ұйымның арасында кредит беру туралы шарт жасалады.

37. Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары және/немесе кредиттік серіктестіктер үшін уәкілетті өңірлік ұйым беретін кредиттер бойынша жылдық сыйақы мөлшерлемесін уәкілетті ұйым өңірлік комиссиямен келісім бойынша

уәкілетті өңірлік ұйым үшін белгіленген кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін және оның кредит беруді ұйымдастыруға байланысты жоспарланған шығыстарын негізге ала отырып белгілейді.

38. Уәкілетті өңірлік ұйымның қаржы агенттігі мәртебесі болған жағдайда, кредиттік шарт тікелей уәкілетті өңірлік ұйым мен соңғы қарыз алушы арасында ж а с а л а д ы .

39. Соңғы қарыз алушы үшін қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым ұсынатын микрокредиттер бойынша жылдық сыйақының ең жоғары тиімді мөлшерлемесі өңірлік комиссиямен келісім бойынша белгіленеді.

Соңғы қарыз алушы үшін шағын кредиттер бойынша жылдық сыйақының ең жоғары тиімді мөлшерлемесін қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым өңірлік комиссияның келісімі бойынша 5 %-дан аспайтын мөлшерде б е л г і л е й д і .

40. Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдар ұсынатын соңғы қарыз алушы үшін кредиттік ресурстар бойынша жылдық сыйақының ең жоғары тиімді мөлшерлемесін уәкілетті өңірлік ұйым өңірлік комиссиямен келісім бойынша б е л г і л е й д і .

41. Кредиттік ресурстар бойынша жылдық ең жоғары тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мәні кәсіпкерлік қызметтің түріне байланысты сараланады.

7 Параграф: Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары немесе қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым арқылы кредит қаражатын алу шарттары

42. Үміткер қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым немесе конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары арқылы микрокредит алуға ниет білдірген жағдайда, халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынылған өтініштер мен құжаттарды қарайды, мемлекеттік қолдау алу түрлері бойынша үміткерлердің тізімі мен:

1) Кәсіпкерлікті дамыту картасына (немесе өңірдегі кәсіпкерлікті дамытудың б а с ы м б а ғ ы т т а р ы н а) ;

2) Тірек ауылдың мастер-жоспарымен және жолдайды: ауданның (қаланың) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органына; болжамды жобаны іске асыру орны бойынша ауылдық округтің, кенттің ә к і м і н е ;

конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына немесе қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға; үміткер мәлімдеген инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және/немесе Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін ілеспе

жабдықты сатып алу қажет болған жағдайда ауданның (қаланың) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және/немесе салу жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

43. Уәкілетті органдар, ауылдық округтің, кенттің әкімі мен ұйымдар сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығына :

1) болжамды жобаның Тірек ауылдың мастер-жоспарына, Кәсіпкерлікті дамыту картасына (немесе өңірде кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына) сәйкестігі туралы қорытындыны (ауданның (қаланың) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органы);

2) жобаны іске асырудың орындылығын келісуді не дәлелді түрде бас тартуды (ауылдық округтің, кенттің әкімі);

3) үміткерлерге Бағдарламаның осы бағытына қатысуға кредит беру мүмкіндігі туралы қорытындыны (конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары, қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым) ;

4) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және/немесе салу және/немесе Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін жабдықтар сатып алу мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) туралы қорытындыны (инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру жөніндегі уәкілетті орган (аудан) жібереді.

44. Қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым арқылы шағын кредит алуға ниет білдірген жағдайда, халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынылған өтініштер мен құжаттарды:

1) Кәсіпкерлікті дамыту картасына (немесе өңірдегі кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарына) ;

2) тірек ауылдың мастер-жоспарына сәйкес қарайды және қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға жібереді.

Қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым сұрау салуды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде үміткерлерге шағын кредит беру мүмкіндігі туралы қорытындыны халықты жұмыспен қамту орталығына жібереді.

45. Халықты жұмыспен қамту орталығы жоғарыда көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін бес күг ішінде Бағдарламаның аталған бағытына әлеуетті қатысушылар құрамына қосу не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге бұл туралы жазбаша хабарлайды.

46. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаның аталған бағытына қатысушылардың құрамына енгізілген адамдармен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшарттар жасасады.

47. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларды сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарға жібереді, онда бір айға дейінгі мерзімде бизнес-жоспар дайындауға жәрдемдеседі және жол жүруге және тұруға материалдық көмек ұсына отырып, кәсіпкерлік негіздеріне оқуын қамтамасыз е т е д і .

Оқуды өткізу кестесі халықты жұмыспен қамту орталығымен келісіледі.

Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйым Бағдарламаға қатысушы жобасының бизнес-жоспарының іске асырылуын экономикалық және қаржылық тұрғыдан негіздейтін қорытынды береді.

Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйым тұрғылықты жерінен тыс жерде орналасқан жағдайда Бағдарламаға қатысушыға материалдық көмек көрсетіледі.

48. Жол жүруге және тұруға материалдық көмек төлеу кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан өткені туралы растайтын құжаттар негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

49. Кәсіпкерлік негіздеріне оқымай, микрокредит алуға жұмыс істеп тұрған бизнесін кеңейтетін немесе бұдан бұрын кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткен адамдар не кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарынан микрокредит алған жылдың алдындағы үш жылдан аспайтын мерзім ішінде өткенін растайтын тиісті құжаттары бар адамдар үміткер бола алады.

50. Бағдарламаға қатысушы бұрын конкурстық негізде іріктелген микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға микрокредит алу үшін өтініммен жүгінеді.

Бағдарламаға қатысушы шағын кредит алу үшін қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымға өтініммен жүгінеді.

51. Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым бес жұмыс күні ішінде жобаға бағалау жүргізеді және Бағдарламаға қатысушыға микрокредит немесе шағын кредит беру мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды және қорытындыны халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

52. Бағдарламаға қатысушылардың жобаларын қарау кезінде микроқаржы (микрокредиттік) ұйым не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым:

1) өтініш берушілердің жеке ісін ұйымдастыруға немесе кеңейтуге арналған бизнес-жоспарын бағалауды жүзеге асырады;

2) Бағдарламаға қатысушылармен дербес әңгімелесу жүргізеді және қажет болған кезде төлем қабілеттілігін және/немесе кепілдікпен қамсыздандырудың болуын айқындау үшін өтініш берушінің табысына және ресурстарына қосымша т е к с е р у жү р г і з е д і .

53. Оң шешім қабылданған жағдайда микроқаржы (микрокредиттік) ұйымының не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйымның

қорытындысы бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталықтарына жіберіледі.

54. Теріс шешім жағдайында микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым бас тарту себептерін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлайды, өтініш берушіге құжаттар топтамасын қайтарады және халықты жұмыспен қамту орталықтарын хабардар етеді.

55. Шарт жасасу және микрокредитті немесе шағын кредитті бөлу не бөлуден бас тарту туралы ақпаратты микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

56. Халықты жұмыспен қамту орталықтары микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде бұдан бұрын жасалған әлеуметтік келісімшарттарға қажет болған жағдайда тиісті өзгерістер енгізеді.

57. Микрокредит алғаннан кейін экономика салалары бөлінісінде ауылда кәсіпкерлікті дамытудың белгілі бір басым бағыттары немесе Кәсіпкерлікті дамыту карталары шеңберінде уәкілетті өңірлік комиссиямен келісім бойынша микрокредиттің нысаналы мақсатын өзгертуге жол беріледі.

58. Бағдарламаға қатысушы кредит алуға оң қорытынды алғаннан немесе кредиттік серіктестік арқылы микрокредит немесе шағын кредит алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйыммен бір жылға дейінгі мерзімге жобаны сүйемелдеу бойынша қосымша қызметтер (бухгалтерлік, маркетингтік, заңдық және басқа да көрсетілетін қызмет түрлерін) ұсынуға шарт жасасуға құқылы.

59. Кәсіпкерлікті дамыту үшін микрокредит немесе шағын кредит алған Бағдарламаға қатысушылар салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуге тиіс.

60. Микрокредиттерді мерзімінен бұрын өтеген Бағдарламаға қатысушылардың жеке ісін кеңейтуге микрокредит алу үшін қайтадан өтініш білдіруге және бес миллион теңгеге дейін микрокредит алуға құқығы бар.

Бағдарлама шеңберінде бұрын микрокредит алған, салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелген, қолданыстағыларға қатысты қосымша жаңа тұрақты жұмыс орындарының кемінде он пайызын құрған жағдайда берілген микрокредиттерді мақсатты пайдаланғанын растаған адамдар микрокредит алуға құқылы.

Микрокредит алуға қатысу шарттары осы Қағидаларға сәйкес айқындалады.

8 Параграф: Кредиттік серіктестіктер арқылы микрокредит алу шарттары

61. Егер үміткер микрокредитті кредиттік серіктестік арқылы алуға ниетті болған жағдайда, оның жұмыс істеп тұрған кредиттік серіктестікке қосылуына немесе Кредит беру қағидаларына сәйкес уәкілетті өңірлік ұйым жүргізетін кредиттік серіктестіктерді іріктеу жөніндегі конкурсқа қатысатын жаңа кредиттік серіктестік құруына болады.

62. Халықты жұмыспен қамту орталығы өтінішті және құжаттарды кредиттік серіктестік мүшесінен алғаннан кейін Бағдарламаның екінші бағытына қатысушылардың құрамына енгізу не одан бас тарту туралы шешім қабылдайды және шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды бұл туралы жазбаша хабардар етеді.

63. Жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыны осы Қағидалардың 72-тармағында көзделген қызметтерді алу үшін сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымға жібереді.

9 Параграф: Екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарттары

64. Тірек ауылдық елді мекендерде тұратын адамдарды екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен бекітілген Бизнестің жол картасы 2020 қаржыландыру тетігі, тәртібі мен көздері бойынша жүзеге асырылады.

65. Іріктелген тірек ауылдарда сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға үміткерлер:

1) тиісті жыл басынан кредит алған не екінші деңгейдегі банктерден оң шешім алған;

2) ұсынылған жобалары тірек ауылды дамытудың мастер-жоспарына енгізілген және «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасының басым бағыттарына сәйкес келетін;

3) кредит сомалары бес миллион теңгеден аспайтын;

4) қолданыстағы санға қатысты жаңа тұрақты жұмыс орындарының кемінде оң пайыз көлемін қамтамасыз ететін немесе жаңа бағыттарда жұмыс орындарын құратын жеке және заңды тұлғалар бола алады.

66. Тұтынушылық мақсатқа, бұрынғы қарызды өтеуге және жылжымайтын мүлік сатып алуға ұсынылатын овердрафт түріндегі кредиттер сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға жатпайды.

67. Халықты жұмыспен қамту орталығы үміткерден осы Қағидаларға 6-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қолдау туралы өтінішті алғаннан кейін бес жұмыс күші ішінде: осы Қағидалардың 66-тармағына сәйкес шарттарға ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексеруді; ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдаудың және дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің (бұдан әрі – ӨҮК) қарауына үміткерлердің тізімін дайындауды;

құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған не жобалар сәйкес келмеген жағдайларда үш жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды дәлелді бас тартумен үміткерге қайтаруды жүзеге асырады.

68. Халықты жұмыспен қамту орталығы он жұмыс күні ішінде үміткерлер тізімін және жобаларды қажетті құжаттар топтамасымен қоса кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органға қарау үшін жібереді, ол осы жобаны ӨҮК қарауына шығарады.

69. ӨҮК жобаларды қарайды және осы Қағидалардың 64-тармағына сәйкес сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды.

70. ӨҮК шешімі хаттамамен ресімделеді және кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі уәкілетті органға жіберіледі, ол оны тиісті халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

71. Халықты жұмыспен қамту орталығы үш жұмыс күні ішінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы оң шешім алған үміткерлерді Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу туралы шешім қабылдайды және қолданыстағыларға қатысты жаңа тұрақты жұмыс орындарының кемінде он пайызын құру бойынша міндеттемелерді көздейтін әлеуметтік келісімшарт жасайды.

3. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту

72. Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталықтары ұсынған инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін жабдықтар сатып алуға арналған өтінімдер тізбесін қарайды, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін мәлімделген және жобаларды іске асыру мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі), оларды қаржыландырудың қажетті көлемі туралы қорытынды дайындайды және оны халықты жұмыспен қамту орталығына жібереді.

73. Микрокредит алғаннан кейін Бағдарламаға қатысушы мен инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган арасында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін жабдықтар сатып алуға шарт жасалады.

74. Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті орган инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамыту және/немесе салу жобалары бойынша техникалық-экономикалық негіздемені немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Техникалық-экономикалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама жүргізу республикалық бюджеттен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және/немесе салуға көзделген нысаналы трансферттер есебінен жүргізіледі.

75. Техникалық-экономикалық негіздемені және/немесе жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, мемлекеттік сараптамадан өткізу, авторлық және техникалық қадағалауды жүргізу шығыстары инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуды және/немесе салуды талап өтеуге көзделген шығындардан бөлек ескеріледі.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін жабдықтар сатып алуға, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге және мемлекеттік сараптама жүргізуге, жергілікті смета жасауға арналған шығыстарды олардың қажеттілігі бойынша жергілікті атқарушы органдар а й қ ы н д а й д ы .

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамыту және/немесе салу республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарлама қатысушылары іске асыратын жобаларға, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамытуға арналған жобаларға жабдық сатып алу республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы трансферттердің есебінен жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдар нысаналы трансферттерді белгіленген техникалық шарттарға немесе заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттамаға және бизнес-ұсыныстарға сәйкес пайдаланады.

76. Инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытудың және/немесе салудың және/немесе Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобаларға, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамытуға сатып алынатын жабдықтың

құны, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны мен мемлекеттік сараптама жүргізу құнын есептегенде, берілетін кредит сомасына қарамастан, Бағдарламаға бір қатысушыға шаққанда 3 млн. теңгеден аспауға тиіс.

77. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамыту және/немесе салу қолданыстағы жүйелерге жетіспейтін инфрақұрылымды: Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін жолдарды, кәріз, жылумен және сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, телефон және электр желілерін жеткізуді болжайды.

Жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу елді мекенді дамытудың бас жоспарына (ауылда – инженерлік-коммуникациялық желілердің жергілікті схемаларына) сәйкес болуға тиіс және бір немесе бірнеше жобаны қамтамасыз етуге бағытталуы мүмкін.

Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамыту және/немесе салу Қазақстан Республикасында сәулет, қала салу және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

78. Бағдарлама қатысушылары іске асыратын жобаларға арналған жабдық сатып алу, кәріз, жылумен және сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, телефон және электр желілерінің болмауын алмастыратын жабдықпен, сондай-ақ Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар шеңберінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін блок-модульдермен жарактандыруды қарастырады. Шалғайдағы мал шаруашылығы үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуды және/немесе салуды және/немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін жабдықты сатып алуды таңдау экономикалық орындылығына қарай айқындалады.

79. Жүргізілген инженерлік инфрақұрылым жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық меншігінің теңгеріміне беріледі.

Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін сатып алынатын жабдық қабылдау-беру актілері арқылы Бағдарламаға қатысушының меншігіне беріледі. Бұл ретте микрокредитті қайтару мерзімі ішінде Бағдарламаға қатысушы жабдықтың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және растайды.

80. Шартта көзделген инфрақұрылымдық жобаны іске асыру мониторингі инфрақұрылымды дамыту жөніндегі уәкілетті органға жүктеледі.

4. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және консультациялық қызметтер көрсету

81. Кәсіпкерлік негіздеріне бір айға дейінгі мерзімде тегін оқыту мыналарды көздейді:

- 1) бизнес-жоспар дайындауға жәрдемдесу;
 - 2) жол жүруге және тұруға материалдық көмек ұсыну.
- Кәсіпкерлік негіздеріне оқитындарға материалдық көмек:
- 1) жол жүруге – 2 айлық есептік көрсеткішті;
 - 2) тұруға – 10 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

82. Облыстың халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарды іріктеуді жүзеге асырады. Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарды іріктеу кезінде мынадай критерийлер ескеріледі:

кәсіпкерлік негіздеріне оқыту және сервистік қызмет көрсету жөніндегі мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың шеңберінде штатында тиісті бағыттар бойынша жұмыс тәжірибесі бар білікті мамандарының болуы;

кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жөнінде қызмет көрсететін әлеуетті өнім берушіде қызмет көрсету кестелерінің, оқу бағдарламаларының, оқуды жүргізу әдістерінің, әдістемелік құралдарының болуы;

сервистік қызметтер көрсету әлеуетті өнім берушіде қызмет көрсету әдісін (орнында немесе барып) ескере отырып, олардың осыған ұқсас қызметтердің орташа нарықтық бағасына сәйкес келуге тиіс құны көрсетілген қызметтердің егжей-тегжейлі тізбесі болуы керек.

Өңірлік комиссия индикаторларды, сондай-ақ тиісті шарттарда көрсетілуге тиіс қызмет көрсету мониторингі құралдарын келіседі.

83. Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту құны Бағдарлама шеңберінде білім беру ұйымдарында біліктілігін арттыруға оқыту құнына теңеседі, оның мөлшерін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

84. Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдар Бағдарламаға қатысушылардың қалауы бойынша бір жылға дейінгі мерзімге жобаларды, оның ішінде консультациялық (бухгалтерлік, заң, маркетингілік) жобаларды сүйемелдеу жөніндегі сервистік қызметтерді көрсетеді.

Жобаларды сүйемелдеу жөніндегі сервистік қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды олардың қажеттілігі бойынша жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Жобаны сүйемелдеу жөніндегі сервистік қызметтер:

1) жұмыс уақытында телекоммуникациялық байланыс пен интернет бойынша ;

2) жұмыс уақытында сервистік ұйымның орналасқан жері бойынша;

3) екі айда кемінде бір рет Бағдарламаға қатысушының тұрғылықты жері бойынша консультациялар өткізу арқылы көрсетіледі.

Бағдарламаға қатысушының тұрғылықты жері бойынша сервистік қызметтер көрсету кестесі халықты жұмыспен қамту орталығымен келісіледі.

85. Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйым шартқа сәйкес Бағдарламаға қатысушыға қызмет көрсетеді.

Сервистік қызметтер көрсету жөніндегі ұйымдарға жобаны сүйемелдеу бойынша қызметтеріне ақы төлеу Бағдарламаға қатысушының қызметтерді толық көлемде алғанын растайтын құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге бағытталған шараларды қаржыландыру

86. Қаржылық тәртіпті қамтамасыз ету және бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізу үшін өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган мен облыс әкімдерінің арасында Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша инженерлік-коммуникациялық жүйелерді тарту және қолданыстағыларына қосу мақсатында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамыту және/немесе салу және/немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасалады.

87. Бағдарлама операторы мен өңірлік даму жөніндегі уәкілетті орган бюджет заңнамасына сәйкес қаржыландырудың жеке жоспары негізінде тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша облыстық бюджеттерге нысаналы трансферттерді аударуды жүргізеді.

88. Нысаналы трансферттер жергілікті атқарушы органдарға әрбір объекті бойынша бөлінбей аударылады.

Облыстардың жергілікті атқарушы органдары инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жетіспейтін объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін жабдықтарды сатып алуға өтінімдерді алуына қарай іске асырылуына қаражат бөлінген объектілер бөлінісіндегі жиынтық ақпаратты өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

89. Қаражат бөлу және бюджеттік кредиттің мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, Бағдарлама операторы мен облыстардың әкімдері арасында осы Қағидада ескертілген шарттармен кредиттік шартқа қол қойылады.

90. Бағдарлама операторы бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік кредиттерді тиісті республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша аударды.

91. Облыстардың әкімдері ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне қарай :

1) Бағдарлама операторына – сервистік қызметтер көрсетілген, микрокредиттер және шағын кредиттер алған, жеке ісін ұйымдастырған немесе

кеңейткен, кәсіпкерлік негіздерін оқудан өткен Бағдарламаға қатысушылардың саны туралы, соңғы қарыз алушылардың кредит қаражатын мақсатты пайдалануы туралы ;

2) өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органға – салынған және реконструкцияланған және/немесе сатып алынған және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылған объектілердің, сатып алынатын жабдықтардың, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамыту үшін сатып алынатын жабдықтардың саны туралы есептерді ұсынады.

92. Қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым не микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары немесе кредиттік серіктестіктер берілген микрокредиттің немесе шағын кредиттің мақсатты пайдаланылуын және Бағдарламаға қатысушылардың шартқа сәйкес өздеріне қабылдаған міндеттемелерін орындауын сүйемелдеуді және бақылауды жүзеге асырады.

Бағдарламаға қатысушының қаражатты мақсатты пайдалануы туралы есебі жұмыспен қамту орталықтарына жіберіледі.

Микрокредиттер немесе шағын кредиттер алған Бағдарламаға қатысушылар кредит беруші ұйымдарға олар берген микрокредиттің немесе шағын кредиттің мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары микрокредиттер және шағын кредиттер алған Бағдарламаға қатысушылардың тізімдерін аудандардың (қалалардың) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынады.

Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымы, кредиттік серіктестік не қаржы агенттігі мәртебесіне ие уәкілетті өңірлік ұйым Бағдарламаға қатысушыларға берілген микрокредитті қайтаруға мониторинг жүргізеді және есептерді, сондай-ақ микрокредитті уақытынан бұрын өтеген адамдардың тізімдерін Бағдарламаға қатысушыны жіберген жұмыспен қамту орталығына ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне қарай ұсынады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына

1-қосымша

----- ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен қамту орталығының директорына
----- мекенжайы

бойынша тұратын _____

Нысан

ӨТІНІШ

Мені жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдау шеңберінде Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағыты бойынша қатысушылардың қатарына енгізуді сұраймын.

Қосымша _____ парақта:
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмелері (мекенжай анықтамасы, ауыл әкімінің анықтамасы);
жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту бойынша бизнес-ұсыныс;
жоба үшін жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамытуға және/немесе салуға және/немесе Бағдарламаға қатысушылар іске асыратын жобалар үшін, оның ішінде шалғайдағы мал шаруашылығын дамытуға жабдықты сатып алуға өтінім.

Жеке ісін кеңейтуді жоспарлайтын адамдар:
төлем қабілеттілігін (адамға қызмет көрсетілетін екінші деңгейдегі банктің немесе оның филиалының қол қойылған және мөр басылған адамның банктің немесе оның филиалының алдындағы (адам бірнеше екінші деңгейдегі банктің немесе олардың филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болған жағдайда, мұндай анықтама осы банктердің әрқайсысынан беріледі) міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берген күннің алдында үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегі жоқ екені туралы анықтамасының түпнұсқасы) растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Оң шешім қабылданған жағдайда жеке әлеуметтік келісімшартқа қол қоюға міндеттенемін.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинақтауға және өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйелерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді пайдалануға рұқсат беремін.

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

К ү н і

қ о л ы

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші 20__
ж. «__» _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы:

Күні қолы

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға
мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Бизнес-ұсыныс

жеке ісін ұйымдастыру немесе кеңейту үшін

1. Жобаның атауы _____
2. Тегі, аты, әкесінің аты _____
3. Біліктілігі (кәсібі, мамандығы) _____
4. Кәсіпкерлік негіздерін оқу туралы мәліметтер (аяқтау күні, ұйымның атауы, оқу бейіні) _____
5. Жобаның сипаттамасы (мақсаты, ерекше белгілері, іске асыру кезеңдері – тактикалық жоспар, мақсаттарға қол жеткізу жолдары, қызметтерді немесе өндірілген өнімді тұтынатын болжамды тұтынушылар) _____
6. Жобаның болжамды құны _____ мың теңге
7. Қажетті кредит сомасы _____ мың теңге
8. Планируемый срок кредита _____
9. Жоба іске асырылған жағдайда кемінде _____ тұрақты жұмыс орны құрылатын болады.
10. Кредитті өтеу үшін төлемді шегеру қажеттілігі (бар, жоқ)
11. Қолда бар мүліктің, техниканың және жобаны іске асыру үшін қажетті жабдықтың сипаты _____
12. Жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды тарту қажеттілігі (жол, электр, сумен жабдықтау, кәріз не септик, байланыс және оның болжамды құны _____ мың теңге).
13. Бағдарлама қатысушылары іске асырып жатқан жобалар үшін жабдықты, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға арналған жабдықты сатып алу қажеттігі _____ болжамды құны _____ мың теңге.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін

қажетті менің дербес деректерімді жинақтауға және өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйлерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді пайдалануға рұқсат беремін.

Күні	қолы		
Жұмыспен	қамтуға	жәрдемдесудің	
белсенді	шараларына	қатысатын	
адамдарға	кәсіпкерлікті	дамытуға	
мемлекеттік	қолдауды	ұйымдастыру	
және	қаржыландыру	қағидаларына	
3-қосымша			
Нысан			

Жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және/немесе салуға және/немесе

Бағдарламаға қатысушы іске асыратын жобалар үшін жабдықты, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін жабдықты сатып алуға өтінім

1. Жобаның атауы _____
Жобаның болжамды құны _____ мың теңге;
2. Тегі, аты, әкесінің аты _____
3. Жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның сипаты: жолдар (ұзындығы (км), жол төсемінің ені м, бетінің сипаттамасы (түрі), су өткізгіш қондырғыларды орнату қажеттілігі _____ болжамды құны _____ мың теңге;

электрмен жабдықтау (желінің ұзындығы (км), тіреулердің, оның ішінде қос тіреулердің қажетті саны, желідегі қажетті кернеу (вольт), төмендеткіш трансформатор сатып алу және орнату қажеттілігі) _____ болжамды құны _____ мың теңге;

сумен жабдықтау (желінің ұзындығы (км), өткізу қабілеті тәулігіне текше м., байланыстырушы құбырдың диаметрі мм, өрт сөндіру жүйесін, оның ішінде өрт гидрантын жайластыру қажеттілігі) _____ болжамды құны _____ мың теңге;

кәріз (су бұру) – қолданыстағы жүйеге қосу – ұзындығы км, өткізу қабілеті тәулігіне текше м., байланыстырушы құбырдың диаметрі мм, қайта жіберу құдықтары құрылыстарының қажетті саны, сорғы жабдықтарын сатып алу және орнату қажеттілігі) _____ болжамды құны _____ мың теңге;

септик жайластыру – қажетті көлемі текше м. _____ болжамды құны _____ мың теңге.

4. Байланыс (желінің ұзындығы км, тіреулердің қажетті саны, абоненттік нөмірлердің қажетті саны) _____

5. Бағдарламаға қатысушылар іске асырып жатқан жобалар үшін жетіспейтін ілеспе, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамытуға арналған жабдықтың сипаттамасы _____ болжамды құны _____

м ы ң

т е ң г е

_____ ;
(жетіспейтін жабдықтың атауы)

6. Бағдарламаға қатысушылар іске асырып жатқан жобалар үшін, оның ішінде жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және жабдықты сатып алудың жалпы құны _____ мың теңгені құрайды.

Күні _____ қолы _____
Жұмыспен _____ қамтуға _____ жәрдемдесудің
белсенді _____ шараларына _____ қатысатын
адамдарға _____ кәсіпкерлікті _____ дамытуға
мемлекеттік _____ қолдауды _____ ұйымдастыру
және _____ қаржыландыру _____ қағидаларына
4-қосымша

Тірек ауылдық елді мекендерді айқындау әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Әдістеме жергілікті атқарушы органдарының тірек ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - ТАЕМ) айқындау тәсілдерін белгілейді.

ТАЕМ – бұл дамыған әлеуметтік-инженерлік инфрақұрылымы бар, ауылдық елді мекендердің (бұдан әрі – АЕМ) белгілі тобына мемлекеттік, білім беру, денсаулық сақтау, қаржылай-делдалдық, мәдени-демалыс және сервистік қызмет көрсететін, _____ абаттандырылған _____ елді _____ мекен.

2 . Т А Е М - д і а н ы қ т а у :

1) мемлекет кепілдік берген мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттыру (АЕМ тұрғындарына әлеуметтік инфрақұрылым ұйымдарының қызмет көрсетуін _____ ұтымды _____ радиусқа _____ дейін _____ азайту);

2) халықтың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету;

3) демографиялық ахуалды жақсарту үшін негіздерді құру;

4) ауылдық жерде өмір сүру беделін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Жергілікті атқарушы органдардың ұзақ мерзімге арналған стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында ауыл халқының өмір сүру және еңбек ету

жағдайларын жақсартуға бағытталған (өндірістің және халықтың шоғырлануы, өндірістік, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдардың құрылысын салу және қайта жаңарту) ТАЕМ-дегі өзара байланысқан іс-шаралар кешені көрсетіледі.

2. ТАЕМ-нің негізгі міндеттері

3. ТАЕМ-нің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) ТАЕМ тартылыс аймағында орналасқан елді мекендер тобының тұрғындарына әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, оның ішінде білім беру, медициналық қызмет көрсету, мәдениет, демалыс, спорт объектілері (мәдениет үйлері, клубтар, кітапханалар, спорттық және ойын-сауық мекемелері) салаларында қызмет көрсетуге қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2) ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар өндірушілеріне сервистік қызмет көрсету (сервистік дайындау цехтары, ауыл шаруашылығы тауарларын сақтау қоймалары, қайта өңдеу цехтары, мал сою пункттері және басқалар);

3) мемлекеттік қызметтерді ұсыну (халыққа қызмет көрсету орталықтарының (ХҚКО) филиалдарынан анықтамалар алу, мүлікті тіркеу, азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ), нотариус қызметтері және басқалар);

4) сауда-тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету (сауда нүктелері, қоғамдық тамақтану пункттері, тұрмыстық қызметтер, тұрмыстық техниканы жөндеу, жанар-жағар май станциялары (ЖЖМС), қонақүйлер, ательдер, техникалық қызмет көрсету станциялары (ТҚС) және басқалар);

5) қаржылық қызметтерді (банктердің филиалдары, шағын несиелік ұйымдар, ауылдық кредиттік серіктестіктер, сақтандыру компанияларының филиалдары және басқалар) қамтамасыз ету;

6) көліктік қызметтерді (дамыған логистикалық жүйе, автобекеттері және басқалар) ұсыну.

3. ТАЕМ-ді айқындаудың өлшемдері

4. Тірек ауылдық елді мекендер тек қана:

1) ауылдық және кенттік округтердің орталықтары болып табылатын;

2) даму әлеуеті 50 балдан кем емес жоғары және орта әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті бар;

3) қаладан немесе аудан орталығынан 20 шақырымнан кем емес радиуста орналасқан;

4) халқының саны ауданның ауылдық және кенттік округтері орталықтарының арасындағы орташа арифметикалық көрсеткіштен кем емес АЕМ қатарынан анықталады.

6. Тірек ауылдық елді мекенде мыналар болуға тиіс:

- 1) елді мекендер жүйесінде басымды түрде ортада және елді мекендер тобын қамтудың ұтымды радиусында орналасу;
- 2) басым базалық кәсіпорын (ірі ауыл шаруашылығы өндірісі және басқалар);
- 3) басым түрде шекаралық аумақта орналасу;
- 4) басқа ТАЕМ-нен 50 шақырымнан кем емес қашықтықта орналасу;
- 5) қамсыздандыру нормативтеріне сәйкес дамыған әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым;
- 6) перспективалық даму және құрылыс салу үшін аумақтар (бос жерлердің болуы, шектеу факторларының болмауы);
- 7) өткізу нарықтарына көліктік қол жетімділік;
- 8) қолайлы экологиялық ахуал.

4. Ақпарат көздері

7. ТАЕМ-ді айқындау үшін ақпарат көздері мыналар болып табылады:

- 1) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері;
- 2) АЕМ әлеуметтік-экономикалық жағдайын және даму перспективасын тексеру барысында жергілікті атқарушы органдардан алынған ақпарат;
- 3) ведомстволық байқаулардың деректері.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға
мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы әлеуметтік келісімшарт

_____ « ____ » _____ 20__ жыл
(ж а с а л ғ а н о р н ы)
_____ атынан _____

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы) (уәкілетті өкілдің лауазымы, тегі, аты, әкесінің а т ы)

_____ бұдан әрі «
Халықты жұмыспен қамту орталығы» деп аталатын, бір тараптан және _____

_____’
(Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

бұдан әрі «Бағдарламаға қатысушы» деп аталатын, екінші тараптан, төмендегі туралы осы әлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – келісімшарт) жасады:

1. Келісімшарттың мәні

1. Халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушының арасында Бағдарламаға қатысушыны өнімді жұмыспен қамтуға және оның табыс деңгейін арттыруға жәрдемдесу мақсатында мемлекеттік қолдау көрсету туралы
К е л і с і м ш а р т _____ ж а с а л д ы .

2. Халықты жұмыспен қамту орталығы мынадай мемлекеттік қолдауды
к ө р с е т е д і _____;

_____;

(мемлекеттік қолдау шараларының нақты тізбесі, олардың көлемі мен беру мерзімдері)

3. Келісімшарт _____
(тұлғаны Бағдарламаға қатысшылар құрамына қабылдау туралы шешім қабылдаған органның атауы)

20__ ж. «__» _____ №__ шешімінің негізінде жасалды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) бағдарламаға қатысушыға шағын несие алудың, материалдық көмек ала отырып кәсіпкерлік негіздерін оқудың, қосымша сервистік қызметтер алудың ықтимал нұсқалары туралы консультациялар беруге;

2) бағдарламаға қатысушыға:

_____ кәсіпкерлік негіздерін оқытудан өтуді;
(ұйымның атауы, мекенжайы, оқу мерізімі)

_____ шағын несие алу үшін
(шағын несие алудың мақсаты не бизнес-ұсыныстың атауы) _____

_____ (шағын қаржы (шағын несие) ұйымының не қаржы агенттігі мәртебесі бар

өңірлік уәкілетті ұйымның атауы, мекенжайы, басшысының Т.А.Ә.) шағын қаржы (шағын несие) ұйымына не қаржы агенттігі мәртебесі бар өңірлік уәкілетті ұйымға өтініш беруді ұсынады.

5. Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарлама шеңберінде берілген шағын несиенің мақсатты пайдаланылуын растайтын (жабдық, ірі қара мал, ұсақ қара мал сатып алғаны туралы, құрылыс салғаны туралы, жөндеу, қосымша жұмыс орнын құрғаны туралы және т.б. ақпарат) сонымен қатар салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркелу туралы ақпаратты, деректерді с ұ р а т у ғ а қ ұ қ ы л ы .

6. Бағдарламаға қатысушы міндеттенеді:

1) келісімшарт қолданылатын кезеңдегі отбасының құрамы туралы, өзінің табысы мен отбасы мүшелерінің табысы туралы шынайы ақпаратты, Бағдарлама шеңберінде берілген шағын несиенің мақсатты пайдаланылғанын растайтын деректерді, сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы оң шешім болған жағдайда, қолданыстағы жұмыс орнына шаққанда кемінде 10 % жаңа тұрақты ж ұ м ы с о р н ы н а ш у ғ а ;

2) кәсіпкерлікті дамыту үшін микрокредит алған жағдайда салық заңнамасына сәйкес салық органдарында тіркеуден өтуге;

3) мынадай міндеттемелерді орындауға:
- _____ дейінгі мерзімде;
- _____ дейінгі мерзімде;
- _____ дейінгі мерзімде.

4) өзіне қабылдаған міндеттемелерінің орындалуы мен Бағдарлама шеңберінде берілген шағын несиенің мақсатты жұмсалғаны туралы есепті ай сайын, есептіден кейінгі айдың 10 күніне кешіктірмей, Халықты жұмыспен қамту о р т а л ы ғ ы н а ұ с ы н у ғ а ;

5) осы келісімшарттың талаптарын орындауға кедергілер пайда болған жағдайда, көрсетілген мән-жайлар туындаған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Халықты жұмыспен қамту орталығын хабардар етуге міндеттенеді.

7. Бағдарламаға қатысушының құқықтары:

1) кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, шағын несие беру, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жөніндегі ұсынылған іс-шараларды талқылауға;

2) кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру мен қаржыландыру қағидаларында және Келісімшарттың _____, _____, _____ тармақтарында көзделген қаражатты;

3) микрокредиттерді мерзімінен бұрын өтеген жағдайда жеке ісін кеңейтуге микрокредит алу үшін қайтадан өтініш білдіруге және бес миллион теңгеге дейін микрокредит алуға құқылы.

3. Басқа да жағдайлар

8. Осы Келісімшарттың _____ тармағымен (тармақтарымен) көзделген мемлекеттік қолдау шаралары Бағдарламаға қатысушыға _____

_____ (шешім қабылдаған органның атауы)

20__ жылғы «__» _____ шешіміне сәйкес беріледі. Мемлекеттік қолдау көрсету Келісімшарттың шарттары сақталған кезде жүзеге асырылады және _____ дейін жүргізіледі.

9. Келісімшарттың шарттары орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Жұмыспен қамту орталығы:

1) Келісімшарттың _____ тармақтарында көзделген мемлекеттік қолдауды, сондай-ақ, Қатысушыға атаулы әлеуметтік көмек төлемін (ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес тағайындалған жағдайда), Келісімшарт шарттарының, бөлінген ақша қаражатының нысаналы жұмсалудың орындалмау немесе тиісінше орындалмау себептерін растайтын құжаттары ұсынылғанға дейін, тоқтата тұруға;

2) Комиссия шешімінің негізінде, Келісімшарт бұзылатын күнге дейін 10 күн бұрын Қатысушыны бұл жөнінде жазбаша хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен бұзуға;

3) Бағдарлама шеңберіндегі атаушы әлеуметтік көмек пен мемлекеттік қолдау көрсетуден бас тартуға құқылы.

4. Келісімшарттың қолданылу мерзімі

10. Келісімшарттың қолданылу мерзімі 20__ жылдың «__» _____ 20__ жылдың «__» _____ дейін айқындалады.

5. Келісімшарттың шарттарын орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігі

11. Келісімшарттың шарттарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Дамуды мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына сәйкес жауапкершілікте болады.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

12. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған: өрт, жер сілкіну, су тасқыны мен басқа да апатты құбылыстар; соғыс іс-қимылдары мен

т.б. сияқты төтенше және апатты (форс-мажор) жағдайларында міндеттемелерін толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады;

13. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімге сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш жұмыс күнінің ішінде, бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндетті.

14. Хабардар етпеу немесе уақытылы хабарламау Тараптарды, мұндай хабардар етпеу немесе уақытылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайдан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама, форс-мажорлық жағдай жалпыға белгілі және көпшілік сипаты болған әрі дәлелдеуді қажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің куәлігімен
р а с т а л у ы т и і с .

15. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдай орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер, форс-мажорлық жағдайлар туындауына байланысты, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

7. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Жұмыспен қамту орталығы	Бағдарламаға қатысушы
_____ (Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)	_____ (Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты)
_____ (мекен жайы)	_____ (мекен жайы)
_____ (телефон, факс)	_____ (телефон, факс)
_____ (уәкілетті өкілдің тегі, аты,	_____ (қолы)

(қолы)

М.О.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдарға кәсіпкерлікті дамытуға
мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру
және қаржыландыру қағидаларына
б-қосымша

----- ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен қамту орталығының директорына
----- мекенжайы

бойынша тұратын _____

ӨТІНІШ

Жеке кәсіпкерлік бастаманы қолдау шеңберінде Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағытына сәйкес екінші деңгейдегі банктің кредиті бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы қолдаухат беруді сұраймын.

Қ о с ы м ш а _____ п а р а қ т а :
жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың
көшірмесі (мекенжай анықтамасы, ауылдық әкімнің анықтамасы);
кредит беру туралы екінші деңгейдегі банк шешімінің көшірмесі;
кредит беру бойынша оң шешім туралы екінші деңгейдегі банк шешімінің
к ө ш і р м е с і .

Оң шешім қабылданған жағдайда жеке әлеуметтік келісімшартқа қол қоюға және қолданыстағы санға қатыстылығы бойынша жаңа тұрақты жұмыс орындарының кемінде он пайызын құруға немесе жаңа жобаны іске асыру кезінде кемінде _____ жаңа жұмыс орындарын құруға міндеттенемін.

Жұмыспен қамтудың көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинақтауға және өңдеуге келісім беремін.

Ақпараттық жүйлерде заңмен сақталатын құпиясы бар деректерді пайдалануға рұқсат беремін.

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығы үшін өтініш беруші жауап береді.

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші
20__ ж. «__» _____ қабылданды, № _____ болып тіркелді.
Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы:

_____, _____
Күні қолы
*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ж ә н е
ә л е у м е т т і к даму министрiнiң
2 0 1 5 жылғы 10 сәуірдегі
№ 2 2 1 б ұ й р ы ғ ы н а
3-қосымша

Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттік серіктестерге конкурстық негізде кредит беру қағидалары Жалпы ережелер

1. Осы Микроқаржы ұйымдарына және кредиттік серіктестіктерге конкурстық негізде кредит беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасы (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберінде конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, кредиттік ресурстарды іріктеу және микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерге беру, сондай-ақ олардың бөлінген кредиттік ресурстарды мақсатты пайдалануына мониторинг жүргізу шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) бағалаушы – бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар және міндетті түрде бағалау палатасының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

2) Бағдарлама Операторы – халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

3) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке

алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы о р г а н ;

4) өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

5) қарыз алушы – Бағдарлама шеңберінде соңғы қарыз алушыларға микрокредит беру жөніндегі конкурста жеңген кредиттік ұйым;

6) кредит бойынша сыйақы ставкасы – берілген кредиттік ресурстарға кредит сомасында пайызбен көрсетіліп белгіленген төлем мөлшері;

7) кредиттік ресурстар – қамтамасыздық және мақсатты пайдалану шарттарында кредитті пайдаланғаны үшін қарыз алушының сыйақы төлеуімен, уәкілетті өңірлік ұйым кредиттік ұйымдарға белгілі бір кезеңге беретін ақшалай қ а р а ж а т ;

8) кредиттік серіктестік (бұдан әрі – КС) – жеке және (немесе) заңды тұлғалар оған қатысушылардың кредитке және басқа қаржыға, оның ішінде банк қызметтеріне қажеттіліктерін олардың ақшаларын шоғырландыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздердің есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;

9) кредиттік ұйымдар (бұдан әрі – КҰ) – Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қызметін жүзеге асыратын микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары және кредиттік серіктестіктер;

10) КС үшін соңғы қарыз алушылар – КС мүшелері, жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оралмандар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де с а н а т т а р ы ;

11) микрокредиттік ұйым – (бұдан әрі – МКҰ) – микрокредит беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

12) микроқаржы ұйымы – (бұдан әрі – МҚҰ) – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтумен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

13) соңғы қарыз алушылар – жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оралмандар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де санаттары;

14) техникалық сарапшылар – кредиттік ұйымдар ұсынатын қызметтердің конкурс құжаттамасы талаптарына сәйкестігі туралы сараптау қорытындысын әзірлеуге қатысу үшін тартылатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болып белгіленген сараптау комиссиясы;

15) тіркеуші органдар – кепілдік мүлікке Кепіл шартын және/немесе құқық белгілейтін құжаттарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркеуге уәкілетті органдар;

16) уәкілетті өңірлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экономиканың белгілі бір салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті ұлттық басқарушы холдинг және акцияларының жүз пайызы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлға, сондай-ақ банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын ұйым және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;

3. Республикалық бюджеттен облыстың жергілікті атқарушы органдарына қайтарымдылық, мерзімділік және ақылылық қағидаттарында жылдық 0,01 % сыйақы ставкасымен бюджеттік кредит беріледі.

4. Облыстың жергілікті атқарушы органы уәкілетті өңірлік ұйымды айқындайды және 5 жылдан аспайтын мерзімге кредит береді және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес онымен келісім жасайды.

Уәкілетті өңірлік ұйым үшін:

1) қаржы агенттігі мәртебесі бар уәкілетті өңірлік ұйым үшін жылдық сыйақы ставкасы 0,01% мөлшерінде белгіленеді;

2) басқа заңды тұлғалар үшін кредит бойынша жылдық сыйақы ставкасы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган эмитеттеген, тиісті мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша бағалы қағаздардың ұйымдасқан қайталама нарығындағы операциялардың нәтижелері бойынша өткен тоқсанда қалыптасқан мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша кірістің орташа мөлшерлік ставкасы деңгейінде белгіленеді.

5. Уәкілетті өңірлік ұйым осы Қағидаларда белгіленген шарттарда КҰ-ға конкурстық негізде кредиттік ресурстар ұсынады.

6. КҰ кредит беруді жүзеге асыру мақсатында уәкілетті өңірлік ұйым:

1) конкурсқа қатысатын КҰ-ға қойылатын талаптарды, оларға кредиттік ресурстар беру және соңғы қарыз алушыларға кредит беру шарттарын айқындайды;

2) өтініштерді бағалау және КҰ-ды іріктеу арқылы конкурс өткізеді;

3) КҰ-ға кредиттік ресурстарды беруді қамтамасыз етеді;

4) кредиттік ресурстардың мақсатты пайдаланылуына және олардың уақтылы өтелуіне мониторинг жүргізуді жүзеге асырады.

7. КҰ ұйымдары арасында конкурс өткізбей соңғы қарыз алушыларға кредит

беруді қаржы агенттігі мәртебесі бар уәкілетті өңірлік ұйымның өзі жүргізе
а л а д ы .

Соңғы қарыз алушылар бұрын берілген микрокредиттер және мини кредиттер есебінен қайтарған қаражаттын шоғырландыру кезінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдарға кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдауды ұйымдастыру және қаржыландыру Қағидаларының шарттарына сәйкес қайтадан кредит беруді жүзеге асыруға жол беріледі.

2. Кредиттік ұйымдарға кредит беру шарттары

8. КҰ-ға кредиттік ресурстар жеделділік, қайтарымдылық, ақылылық, қамтамасыздық және мақсатты пайдалану шарттарында ұсынылады.
КҰ - ға к р е д и т б е р у ш а р т т а р ы :

1) кейіннен соңғы қарыз алушыларға кредит беру үшін КҰ-ның айналым қ а р а ж а т ы н т о л ы қ т ы р у д ы ;

2) кредиттік ресурстарды игеру мерзімі – бес айға дейін;

3) кредит беру мерзімі – бес жылдан аспайды;

4) уәкілетті өңірлік ұйымның ұсынатын кредиттері бойынша жылдық сыйақы ставкасын ол өңірлік комиссиямен келісім бойынша уәкілетті өңірлік ұйым үшін белгіленген кредиттер бойынша сыйақы ставкасына және оның кредит беруді ұйымдастырумен байланысты жоспарланған шығыстарына қарай белгілейді;

5) негізгі берешекті бойынша кредит беру мерзімі ұзақтығының үштен бірінен аспайтын мерзімге жеңілдікті кезеңді;

6) кредит және сыйақы бойынша қайтарылған қаражат сомасына пропорционал КҰ-ның кепілін алып тастауды;

7) өңірлік комиссиялардың келісімі бойынша транш түрінде кредит қаражатын бөлу мүмкіндігін көздейді.

9. К р е д и т т і к р е с у р с т а р :

1) кредиттік серіктестіктерге КС барлық мүшелерінің немесе қаржылық жай-күйі уәкілетті өңірлік ұйымның талаптарына жауап беретін үшінші тұлғалардың кепілдіктерінің негізінде кепілсіз;

2) МҚҰ-ға (МКҰ-ға) міндетті кепілдік қамтамасыз ету негізінде беріледі. Бұл ретте, бюджеттік кредиттің қайтарылуын қамтамасыз ету құны сыйақы сомасын ескергенде, бюджеттік кредит мөлшерінен кем болмауға тиіс.

МҚҰ-ны (МКҰ-ны) кепілдік қамтамасыз етуге қойылатын талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

10. МҚҰ-ның (МКҰ-ның) кепілдікті қамтамасыз етілуін бағалауды уәкілетті өңірлік ұйым конкурстық негізде айқындаған бағалаушы «Қазақстан

Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізуге тиіс.

Бюджеттік кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бағалау жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді қарыз алушы жүргізеді.

11. КҰ-ға қойылатын біліктілік талаптары осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген талаптарды қамтиды.

12. КҰ-ға іріктеу мынадай өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) МҚҰ (МҚҰ) үшін:
берілген микрокредиттердің саны;
ұсынылған микрокредиттердің орташа мөлшері;
меншікті капиталдың мөлшері;
портфель қатері;

соңғы қарыз алушыға арналған кредит бойынша сыйақы ставкасы;
ауыл тұрғындарына микрокредит беру саласындағы жұмыс тәжірибесі және
кредит беру нарығындағы кәсіби біліктілігі;

2) КС үшін:
меншікті капиталдың мөлшері;
соңғы қарыз алушыға арналған кредит бойынша сыйақы ставкасы;
микрокредит алуға үміткер қатысушыларда бизнес-жоспарлардың болуы;
жеке немесе жалға алынған кеңселік үй-жайының болуы;
кредиттік портфельдің көлемі;

жұмыс істейтін кәсіпкерлер қатарындағы адамдардың КС құрамында болуы;
КС төрағасы лауазымында тауарлар, жұмыстар, қызметтер нарығында жұмыс
тәжірибесі, микрокредит алуға үміткер қатысушылардың тиісті
бизнес-жоспарлары бар адамның болуы;

Іріктеу өлшемдерін бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады. МҚҰ іріктеу өлшемдерінің мәні осы Қағидаларға 3-қосымшада берілген.

3. Кредиттік ұйымдарды кейіннен кредит беру үшін іріктеу жөнінде конкурс өткізу

13. Кредиттік ұйымдарды іріктеу бойынша конкурсты өткізу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

14. Уәкілетті өңірлік ұйым жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, өңірлердегі Қазақстанның микроқаржы ұйымдары қауымдастығы өкілдерінің, уәкілетті өңірлік ұйымның және өзге де мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйым қызметкерлерінің қатарынан конкурстық комиссияны қалыптастырады.

15. Конкурстық комиссия конкурс комиссиясы мүшелерінің тақ санынан

тұрады және кемінде бес адамды қамтуға тиіс.

Конкурс комиссиясының құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурс комиссиясының мүшелері кіреді. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

16. Конкурслық комиссияның төрағасы уәкілетті өңірлік ұйымның басшысы не оның қызметін басқаратын, комиссия отырыстарында төрағалық ететін, жұмысын жоспарлайтын және оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын басшының орынбасарынан төмен емес адам болып табылады.

17. Комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Комиссия мүшесінің өзінің дауысын комиссияның басқа мүшесіне беруіне болмайды. Комиссияның шешімдері ашық дауыс беру арқылы комиссия отырысына қатысып отырғандардың қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады.

18. Конкурслық комиссияның хатшысы уәкілетті өңірлік ұйымның конкурсты ұйымдастыруға және жүргізуге жауапты қызметкері болып табылады. Конкурслық комиссияның хатшысы конкурслық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурслық комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беру құқығына ие болмайды.

19. Конкурслық комиссияның хатшысы КҰ-ға конкурслық құжаттаманы ұсынады, олардан конкурслық өтінімі бар конверттерді қабылдайды, конкурслық комиссияның конверттерін ашу бойынша конкурслық комиссия отырысының күн тәртібі жөнінде ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және оны өткізгеннен кейін отырыс хаттамаларын ресімдейді; келіп түскен конкурслық өтінімдерді және конкурслық өтінімдері бар конверттерді КҰ-ға беру уақыты мен күні және КҰ-ның уәкілетті өкілінің (конкурслық өтінімдері бар конверттерді ұсынған және конкурсқа қатысатын адамның) тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген КҰ-ны тіркеу журналын жүргізеді.

20. Уәкілетті өңірлік ұйым конкурслық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірақ КҰ конкурсқа қатысу өтінімдерін беретін соңғы күнге дейін кемінде он бес күнтізбелік күн бұрын конкурс өткізу туралы хабарландырудың мәтінін бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жариялайды.

21. Қайталама конкурс жүзеге асырылған жағдайда уәкілетті өңірлік ұйым конкурслық құжаттама қайта бекітілген күннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей, осы Қағидалардың 19-тармағында көзделген талаптарды орындауға міндетті.

Конкурс өткізу туралы хабарландыру мәтіні жарияланғанға дейін конкурслық

құжаттаманы ұсынуға жол берілмейді.

22. Конкурстық құжаттама уәкілетті өңірлік ұйым белгілеген, бірақ бір айлық есептік көрсеткіштен аспайтын төлемге ақылы негізде ұсынылады, және оны уәкілетті өңірлік ұйым конкурс өткенге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей б е р е д і .

23. КҰ конкурсқа қатысу үшін ұсынатын конкурстық өтінімнің жарамдылық мерзімі конкурстық өтінім салынған конвертті ашқан күннен бастап кемінде күнтізбелік алпыс күн болуға тиіс.

24. Жарамдылық мерзімі конкурстық құжаттамада көрсетілген мерзімнен анағұрлым қысқа конкурстық өтінімнен бас тартылады.

25. КҰ дайындаған конкурстық өтінім, сондай-ақ конкурстық өтінімге қатысты барлық хат-хабар мен құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалып, ұсынылады. КҰ ұсынып отырған ілеспе құжаттама мен баспа әдебиет, оларға нақты, нотариат куәландырған мемлекеттік немесе орыс тілінде аудармасы қоса берілген жағдайда, басқа тілде жасалуы мүмкін және бұл жағдайда конкурстық өтінімді дұрыс талдау мақсатында, мемлекеттік немесе орыс тілінде жазылған құжаттар басымдыққа ие болады.

26. Конкурстық өтінімді КҰ тігілген түрде, беттерін нөмірлеп ұсынады және соңғы бетіне қолы қойылған болады және мөрмен куәландырылады. Банктік кепілдеменің түпнұсқасы конкурстық өтінімге бөлек тіркеледі.

27. Конкурстық өтінім басылуға немесе өшпейтін сиямен жазылуға және оған КҰ басшысы қол қоюға тиіс.

28. Уәкілетті өңірлік ұйым (оның жауапты тұлғасы) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін келіп түскен конкурстық өтінімдердің ешқайсысын ашпайды және оларды табыс еткен әлеуетті қатысушыларға қ а й т а р а д ы .

29. Кері қайтарып алу туралы хабарлама КҰ-ға жазбаша нысанда, бірақ конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімінен кешіктірмей жіберілуге тиіс .

30. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурстық өтінімдерге өзгеріс енгізуге жол берілмейді.

31. КҰ конкурстық құжаттама ережелеріне түсініктеме беру туралы жазбаша сұрау жіберуге құқылы, бірақ ол конкурстық өтінім ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейінгі он жұмыс күнінен кешіктірілмеуі керек. Уәкілетті өңірлік ұйым сұрау тіркелген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұраудың кімнен келіп түскенін көрсетпей, мұндай түсініктемелерді конкурстық құжаттаманы берген барлық КҰ-ға хабарлайды.

32. Уәкілетті өңірлік ұйым конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің жеке бастамасымен немесе

конкурстық құжаттаманы алған КҰ өкілдерінің сұрауына жауап ретінде хаттама ресімдеу арқылы конкурстық құжаттамаға өзгеріс енгізуге құқылы.

33. Уәкілетті өңірлік ұйым конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру үшін конкурстық құжаттаманы алған КҰ өкілдерімен кездесу өткізуге құқылы. Мұндай кездесудің хаттамасы тез арада конкурстық комиссияға және барлық әлеуетті қарыз алушыларға жіберіледі.

34. Өтінімдерді қабылдау аяқталған соң келесі күні конкурсқа қатысушылардың тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жарияланады.

35. Конкурстық комиссияның отырысы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тағайындалуға тиіс. Әрбір лот бойынша барлық қажетті құжаттарымен екі ҚҰ-нан кем өтінім берілген жағдайда конкурс өткізілмеген болып есептеледі.

36. Егер конкурстық комиссия мүшелерінің қажетті санының болмауы себебінен конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы белгіленген күн мен уақытында өтпеген жағдайда, конкурстық комиссияның хатшысы конкурсқа ұсынылған конкурстық өтінімдер салынған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және жарияланған мерзімнен 24 сағаттан кешіктірмей, конверттерді ашуды өткізу күні мен уақыты туралы жариялайды. Бұл ретте жаңадан берілген өтінімдер қ а б ы л д а н б а й д ы .

37. Конкурстық комиссияның отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді барлық келген қатысушылардың немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан кезде қатысып отырған адамдарға конкурсқа қатысушы КҰ-ның атауы мен мекенжайын, соңғы қарыз алушы үшін сыйақы ставкасын көрсете отырып, олар сұратқан қарыз сомасын, егер олар құжат жүзінде көрсетсе, конкурстық өтінімнің кері қайтарып алынуын және өзгертілуін, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар немесе жоқ екендігі туралы ақпаратты жариялайды.

38. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде конкурстың қорытындысын шығарады.

39. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді олардың толық болуы тұрғысынан зерделейді, сондай-ақ жалпы конкурстық өтінімдердің дұрыс ресімделуін тексереді.

40. Конкурстық комиссия осы Қағидалардың 39-тармағында айтылған сәйкессіздіктер анықталған жағдайларда конкурстық өтінімнен бас тартады.

41. Конкурстық өтінім Конкурстық құжаттама талаптарына жауап бермейді деп белгіленіп, конкурстық комиссия одан бас тартқан жағдайда, кейін оны белгіленген талаптарға сәйкес деп таныла алмайды.

42. Конкурстық өтінім сәйкес келген жағдайда конкурстық комиссияның мүшелері балдық жүйе бойынша бағаланатын осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген өлшемдер негізінде КҰ-ны іріктеуді жүзеге асырады. Конкурстық комиссия балдарды есептеу арқылы МҚҰ, МКҰ мен КС қатарынан кредиттік ресурстарды алуға әлеуетті үміткерлердің тізімін айқындайды. Ең жоғары балл жинаған МҚҰ, МКҰ мен КС жеңген болып есептеледі.

43. Конкурса қатысушылардың бірнешеуінің жинаған балы тең болған кезде, конкурс жеңімпазы конкурстық комиссия мүшелерінің қарапайым дауыс беруімен анықталады.

44. Мынадай:

1) егер оған екі конкурса қатысушыдан кем қатысса;
2) егер конкурс қатысушыларының ұсыныстары конкурс шарттарын қанағаттандырмайды деп танылса;

3) ұсынылған конкурс өтінімдері конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда конкурс өтпеді деп танылады.

Бұл жағдайларда конкурстық комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттама рәсімделеді.

45. Конкурс өтпеді деп танылған жағдайда, комиссия конкурсты қайта өткізу туралы шешім қабылдайды.

46. Қайталама конкурс өтпеді деп танылған кезде, осы Қағидалардың 44-тармағында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес, комиссияның шешімі бойынша соңғы қарыз алушыларға микрокредит беру үшін КҰ анықталады, ол туралы тиісті хаттама жасалуға тиіс.

47. Қажет болған жағдайда заңнамаға сәйкес уәкілетті өңірлік ұйым техникалық сарапшылардан тұратын сараптау комиссиясын құра алады.

48. Техникалық сарапшылар (сараптау комиссиясы) үш жұмыс күні ішінде КҰ ұсынған қызметтердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді және конкурстық комиссия шешім қабылдаған кезде олардың дауыс беруге құқығы болмайды.

49. Техникалық сарапшылардың (сараптау комиссиясының) қорытындысы конкурса ұсынылған конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыру және конкурс жеңімпазын анықтау кезінде, ол конкурстық құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана ескеріледі.

50. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған техникалық сарапшылар (сараптау комиссиясының мүшелері) қол қояды және ол конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

51. Конкурса қатысатын кредиттік ұйым конкурстық өтінімдерін бағалау және салыстыру жөніндегі конкурстық комиссия отырысының нәтижелері б о й ы н ш а :

1) конкурстық комиссияның төрағасы, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары конкурстық баға ұсыныстарын бағалауды және салыстыруды жү р г і з у к ү н і :

конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған адамдарға өткізілген конкурс нәтижесін жариялайды және қатысушыларға конкурс жеңімпазын х а б а р л а й д ы ;

конкурс жеңімпазына конкурстық комиссияның төрағасы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған жазбаша хабарламаны береді;

конкурса қатысушыларға не оның уәкілетті өкілдеріне өткізілген конкурстың қорытындысы туралы хаттаманың көшірмесін ұсыну күні, уақыты және орны туралы ақпаратты береді;

2) конкурстық комиссияның хатшысы:

конкурса қатысушы кредиттік ұйымның конкурстық өтінімдерін бағалау және салыстырып қарау жөніндегі конкурстық комиссия отырысы өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей, конкурс қорытындысы туралы хаттама жобасын жасайды және оған отырысқа қатысқан конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің, сондай-ақ конкурстық комиссия хатшысы өзінің қол қоюын және әрбір бетін дәйектеуін қамтамасыз етеді;

конкурса қатысушы кез келген кредиттік ұйымның талап етуі бойынша (ол туралы мәліметтер конкурса қатысуға өтінімдерді тіркеу журналына енгізілген) мұндай жазбаша сұрауды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті өкілдерге өткізілген конкурс қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін өтеусіз негізде жіберуді не ұсынуды ұйымдастырады.

Өткізілген конкурс қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде облыстың жергілікті атқарушы органына көрсетілген хаттаманың көшірмесін жібереді.

52. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда осы конкурстық комиссияның кез келген мүшесінің ерекше пікір айтуға құқығы бар, ол жазбаша жазылуға және конкурстық комиссияның отырысы хаттамасына қоса берілуге тиіс. Конкурстық комиссияның қандай да бір мүшесі өндірістік немесе басқа да себептер бойынша болмаған жағдайда конкурстық комиссияның хаттамасында оның болмауының себебі және осы фактіні растайтын қағаз құжатқа сілтеме көрсетіледі.

53. Жеңімпаздарды бекіткеннен кейін екі жұмыс күні ішінде конкурстық комиссияның хатшысы бұқаралық ақпараттық құралдарына конкурс қорытындысын жариялау мәселесі жөнінде хабарландыру беруге бастамашы

б о л а д ы .

54. Егер конкурс жеңімпазы үш жұмыс күні ішінде тиісті шарттарға қол қоймаса немесе берілген кепілдікті қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда, онда уәкілетті өңірлік ұйым КҰ-мен (конкурсты жеңген) кепілдікті қамтамасыз ету құнына сәйкес тиісті кредиттік ресурстар беруге немесе жеңімпаздан кейінгі ең көп балл жинаған конкурстың басқа қатысушысымен шарт жасауға құқығы б а р .

55. Кредиттік серіктестікке кредиттік ресурстар төленген жарғы капиталының көлеміне байланысты (жарғы капиталының 1 бірлігіне кредиттің 10 бірлігінен асырмай) беріледі.

4. Кредиттік ұйымдарға кредит беру тәртібі

57. КҰ-ға кредит беру жөніндегі өткізілген конкурс қорытындысы бойынша уәкілетті өңірлік ұйым мен МҚҰ (МКҰ) және/немесе КС (конкурсты жеңген) а р а с ы н д а :

кредит ұсыну шарттары, соңғы қарыз алушыға микрокредит беру шарттары, тараптардың құқықтары, міндеттемелері мен жауапкершіліктері белгіленген к р е д и т б е р у т у р а л ы ш а р т ;

кепіл беруші мен кепіл ұстаушының өтініштері мен кепілдіктері, кепіл заттан өндіріп алу және тараптардың жауапкершілігі көзделген кепіл шарты жасалады.

57. Кредиттік ресурс беру ақша аудару арқылы ғана жүзеге асырылады.

58. Төлемдерді өтеу кестесі кредиттік ресурстарды берген күні дайындалады ж ә н е р е с і м д е л е д і .

59. Кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттардың түпнұсқаларын қарыз алушы уәкілетті өңірлік ұйымға қабылдау-тапсыру актісі бойынша жібереді.

60. Барлық құжаттар, хат алмасу, шоттардан үзінді-көшірмелер, төлем тапсырмалары, КҰ-мен келіссөздердің актілері олардың кредиттік досьесіне тігіледі.

5. Кредиттік ресурстардың мақсатты пайдаланылуына және олардың уақтылы өтелуіне мониторинг жүргізу

61. Кредиттік ресурстарды бергеннен кейін уәкілетті өңірлік ұйым кредиттік ресурстар беру шартына сәйкес мониторингтің жасалған актілерін міндетті түрде қоса отырып, кредиттік ресурстардың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады. Кредиттік ресурстар мақсатсыз пайдаланылған жағдайда уәкілетті өңірлік ұйым кредит беру және кепіл туралы шарттарда көзделген қаржы санкциялары шараларын қолданады.

62. Кредиттік ресурстар толық өтелген кезде уәкілетті өңірлік ұйым

кепілдікті қамтамасыз ету бойынша ауыртпалықты алу туралы өкім дайындайды және уәкілетті тіркеуші органға басшының қолы қойылған хат жібереді.

63. КҰ-ның өтініші бойынша уәкілетті өңірлік ұйым кредиттің өтелген сомасының бөлігіне мөлшерлес кепілдікті қамтамасыз ету бойынша ауыртпалықты алу туралы өкім дайындайды.

Бұл ретте кепілдікті қамтамасыз етудің құны кредит бойынша сыйақы ставкасының сомасын ескергенде, кредит мөлшерінен аз болмауға тиіс.

64. Уәкілетті өңірлік ұйым қабылдау - тапсыру актісінің негізінде қарыз алушыға құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқалары мен хат жібереді.

Микроқаржы (микрокредиттік)
ұйымдары мен кредиттік
серіктестіктерге конкурстық

негізде кредит беру

қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Жұмыспен қамту 2020 жол картасының екінші бағыты шеңберіндегі жобаларға кредит беру туралы келісім

_____ қ. 20__ ж. «__» _____ «_____
_____» (толық атауы) мемлекеттік мекемесі 20__ ж. «__» _____
_____ сенімхат негізінде әрекет ететін бұдан әрі «ЖАО» деп аталатын «_____
_____» ММ-нің (толық атауы) атынан бастығы _____ (Т.А.Ә.),
бұдан әрі «уәкілетті өңірлік ұйым» деп аталатын екінші тараптан Жарғы
негізінде жұмыс істейтін «_____» АҚ (толық атауы) атынан
басшысы _____ (лауазымы) _____ (Т.А.Ә.) Жұмыспен
қамту 2020 жол картасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру мақсатында
бірлесіп «Тараптар» деп, әрқайсысы жеке «Тарап», не жоғарыда көрсетілгендей
аталатындар кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі жобаларды қаржыландыру туралы
о с ы к е л і с і м д і ж а с а с т ы .

Осы Келісімде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:
жергілікті жұмыспен қамту органдары – Бағдарлама аясында жұмыспен
қамтуға жәрдемдесу функцияларын іске асырушы жергілікті атқарушы
органдардың аудандық (қалалық) жұмыспен қамту орталықтары;
Бағдарлама Операторы – халықты жұмыспен қамту саласындағы
басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген
шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
кредиттік ұйымдар (бұдан әрі – КҰ) – Қазақстан Республикасының

заңдарында белгіленген тәртіппен қызметін жүзеге асыратын микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары және кредиттік серіктестіктер;
микрокредиттік ұйым – (бұдан әрі – МКҰ) – микрокредит беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;
микроқаржы ұйымы – (бұдан әрі – МКҰ) – коммерциялық ұйым болып табылатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелумен және есептік тіркеуден өтумен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;
кредиттік серіктестік (бұдан әрі – КС) – жеке және (немесе) заңды тұлғалар оған қатысушылардың кредитке және басқа қаржыға, оның ішінде банк қызметтеріне қажеттіліктерін олардың ақшаларын шоғырландыру арқылы және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа көздердің есебінен қанағаттандыру үшін құрған заңды тұлға;
өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдардың, жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;
соңғы қарыз алушы – КҰ-мен кредит беру туралы шарт жасаған жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оралмандар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де с а н а т т а р ы ;
өңір – облыс.

2. Келісім мәні

1. Осы Келісім ЖАО мен уәкілетті өңірлік ұйым арасындағы өзара іс-әрекет тәртібін, осы Келісімнің 1-қосымшасына сәйкес ауылда кәсіпкерліктің басым бағыттарының тізбесін, Соңғы қарыз алушылар жобаларын іріктеу және бекіту тәртібін, сондай-ақ өңірде Бағдарламаны іске асыруға қатысты өзге де маңызды ш а р т т а р д ы б е к і т е д і .

2. Тараптардың келісімі бойынша Бағдарлама бойынша өңірге қаржыландыру көлемі мынадай мөлшерде белгіленді:

- 1) ЖАО қаражатынан – _____ млн. теңге;
- 2) уәкілетті өңірлік ұйымның қаражатынан (микрокредит беруге тиісті құқықтары болған жағдайда) – _____ млн. теңге;

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) соңғы қарыз алушыларға (Бағдарламаға қатысушыларға) кредит беру үшін жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге;
- 2) уәкілетті өңірлік ұйымды белгілеуге және онымен кредиттік ресурстар беру туралы шарт жасауға;
- 3) осы Келісімнен туындайтын өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) микрокредит алуға КҰ үміткерлерінің (соңғы қарыз алушының) тізімін ұсынуға;
- 2) КҰ мен соңғы қарыз алушыларға кредиттік ресурстар беру шарттарын келісу үшін өңірлік комиссияға шығаруға;
- 3) ішкі рәсімдерге және уәкілетті өңірлік ұйым мен КҰ кредиттік процесіне араласпау қағидатын сақтауға;
- 4) кредиттік шартқа сәйкес уәкілетті өңірлік ұйымның кредиттік ресурстарын игеру және мақсатты пайдалану мониторингін жүргізуге;
- 5) уәкілетті өңірлік ұйымның сұрауы бойынша осы Келісімнің орындалуымен байланысты ақпарат беруге;
- 6) осы Келісімнен туындайтын өзге де міндеттемелерді мойнына алуға міндеттенеді.

3. Уәкілетті өңірлік ұйым:

- 1) өңірлік комиссияның келісімі бойынша КҰ мен соңғы қарыз алушыларға кредиттік ресурстар беру шарттарын белгілеуге;
- 2) кредиттік ресурстар беру жөнінде конкурс өткізуге және КҰ-ны өз бетінше белгілеуге;
- 3) ЖАО-ға кәсіпкерлік негіздеріне үйретуді талап ететін үміткерлердің тізімін жіберуге;
- 4) ЖАО-дың сұрауы бойынша осы Келісімнің орындалуымен байланысты ақпаратты беруге;
- 5) КҰ кредит беру механизмдерін және қағидасын жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар енгізуге;
- 6) осы Келісімнен туындайтын өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

4. Уәкілетті өңірлік ұйым:

- 1) ЖАО-дан алынған кредиттік ресурстардың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;
- 2) соңғы қарыз алушыларға, сондай-ақ кейіннен өңірде соңғы қарыз алушыларға кредит беру үшін конкурстық негізде КҰ-ға кредиттік ресурстар беруге;
- 3) кредиттік шартқа сәйкес оларға тікелей кредит беру кезінде КҰ-ның және соңғы қарыз алушылардың кредиттік ресурстарды игеру және мақсатты

пайдалануына мониторинг жүргізуге;

4) осы Келісімнен туындайтын өзге де міндеттерді мойнына алуға міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Осы Келісімде тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

5. Құпиялылық

1. Тараптар осы Келісім шарттарына қатысты ақпарат, қаржылық, коммерциялық және өзге де Келісім жасау және орындау барысында алынған ақпараттың құпия болып табылатыны және Келісімде және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші адамдарға жариялауға жатпайтынымен келіседі.

2. Бағдарламаны іске асыру туралы осы Келісімнің **2-қосымшасына** сәйкес есеп беру шеңберінде ЖАО уәкілетті өңірлік ұйымға, уәкілетті өңірлік ұйымның акционеріне және де өзге мемлекеттік органдарға осы Келісімді жасауға және орындауға қатысты ақпарат беруге құқық береді.

6. Дауларды шешу

1. Келісімге байланысты және одан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктері Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі. Реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

2. Осы Келісім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес түсіндіріледі және реттеледі.

7. Қорытынды ережелер

1. Келісімнің ережелерін өзгертуге және/немесе толықтыруға болады. Келісімде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана Тараптар үшін жарамды және міндетті болып табылады.

2. Осы Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 2 (екі) данада жасалды, олардың әрқайсысының тең заңдық күші бар.

3. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

4. Тараптар Келісімге қол қойылғаннан кейін барлық алдыңғы талқылаулар, ұсынымдар, сондай-ақ хаттар заңдық күшін жоғалтатынына және Келісім мәтініне ауыстырылатынына келіседі.

5. Келісімде көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

8. Тараптардың мекенжайы, банк деректемелері және қолдары

ЖАО атауы	КҰ атауы
« _____ » мемлекеттік мекемесі	_____ « _____
Мекенжайы: _____	Мекенжайы: _____
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің	Банк: _____
Қазынашылық комитеті ММ	БИК: _____
БИК _____	IBAN: (шот нөмірі) _____
IBAN _____	
БСН _____	
« _____ » ММ бастығы	Басшы « _____ »
_____ (Т.А.Ә.)	_____ (Т.А.Ә.)

Тараптардың қолдары

_____	_____
_____	_____

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы
бағдарламасының екінші бағыты
шеңберіндегі жобаларға кредит
беру туралы келісімге
1-қосымша

Экономика салалары бөлінісінде ауылдағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағыттарының үлгілік тізбесі*¹

ЭҚЖЖ коды	Атауы
Агроөнеркәсіптік кешен	
01	Өсімдік өсіру және мал шаруашылығы, аң аулау және 01.11 Дәнді дақылдарды өсіруді қоспағанда, оқ салаларда қызмет көрсету
02	Орман шаруашылығы және ағаш дайындау
10	Азық-түлік тағамдары өндірісі
11.06	Мия өндірісі
11.07	Минералды сулар мен басқа да алкогольсіз сусын өндірісі

Жеңіл өнеркәсіп

13	Тоқыма бұйымдар өндірісі
14	Киім өндірісі
15	Тері және соған жататын өнім өндірісі
16	Жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдары өндірісі; сабаннан жасалған бұйымдар және тоқу арналған материалдар өндірісі
17	Қағаз және қағаз өнімдері өндірісі
Құрылыс материалдарының өндірісі	
23	Құрылыс материалдарының өндірісі
Металлургия, металл өңдеу, машина жасау	
33	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
Туризм	
55	Тұруды ұйымдастыру қызметтері
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	
86	Денсаулық сақтау саласындағы қызмет
Өнер, ойын-сауық және демалыс	
91	Кітапханалардың, мұрағаттар, мұражайлар мен басқа да мәдени қызмет көрсету мекемелерінің қызметі
93.1	Спорт саласындағы қызмет
Өзге де қызметтер көрсету	
95	Компьютерлерді, жеке тұтыну заттарын және тұрмыстық тауарларды жөндеу

- Тізбе аймақтық комиссия шешімімен толықтыруы мүмкін

Тараптардың қолдары

--	--

¹ «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 4-тармағында белгіленген кәсіпкерлік қызмет түрлерін қоспағанда

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы
бағдарламасының екінші бағыты
шеңберіндегі жобаларға кредит
беру туралы келісімге

2-қосымша

Нысан

Соңғы қарыз алушыларға микрокредит беру туралы есеп

№	Соңғы қарыз	Жобаның атауы	К Ұ атауы	Қарызға берілетін қаражаттың нысаналы мақсаты (әрбір қарыз	Кредит беру	Кредит бойынша

алушының атауы				қаражаты бағытының атауы және сомасы көрсетіледі)	Кредит берген күні	мерзімі, айлар	Кредит сомасы, теңге	сыйақы ставкасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
ЖИЫНЫ:								

Кестенің жалғасы

Иске асырылатын орын (аудан, қала)	Экономика саласы	Жобаны іске асыру есебінен құрылатын жаңа жұмыс орындары	№	күні	№	күні
			Конкурс комиссиясының хаттамасы		Кредит беру туралы шарттар	
10	11	12	13	14	15	16

Лауазымды тұлға _____ Т.А.Ә.
қолы, мөр

Жауапты қызметкер _____ Т.А.Ә.
қолы

Микроқаржы (микрокредиттік)
ұйымдары мен кредиттік
серіктестіктерге конкурстық
негізде кредит беру
қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Микроқаржы ұйымдарының кепілдікті қамтамасыз етуіне қойылатын талаптар

Кепіл беруші	Қамтамасыз ету түрі	Міндеттемелердің орындалу деңгейі	Қамтамасыз дандырылу коэффициенті (кепілдікті қамтамасыз ету құнына сыйақы сомасын ескере отырып кредиттік ресурстар сомасының арақатынасы)	I және II топтарды қосқан кепіл құрылымындағы үле	
				кемінде (ен төмен үлесті шектеу),%	асырмай (ен жоғары үлесті шектеу),%
	Ақшалай қаражат (депозит, кепілдікке берілген ақша),		1:1	50 %	Шектеусіз

1. Қарыз алушы (заңды тұлға); 2. Кез келген үшінші тұлға (заңды не жеке тұлға)	I т о п	Жылжымайтын мүлік (ғимараттар, құрылыстар , тұрғын үй-жайлар, пәтерлер және т.б.)	сұратылып отырған қарыздың барлық сомасына міндеттемелердің орындалуын камтамасыз ету үшін қабылдауға болады	1:1,3	50 %	Шектеусіз
		Жылжымалы мүлік (автокөлік, ауыл шаруашылығы техникасы, автожол техникасы және т.б.)		1:2	Шектеусіз	60 %
	II т о п	жер учаскесі немесе жерді пайдалану құқықтары (дәнді дақылдарды, көкөніс және т.б. (жайылым жерлерді қоспағанда) өсіруге арналған жер учаскелері. Жерді пайдалану мерзімі кредит беру мерзімінен кемінде 3 (үш) жылға артық болуы керек	I топты қосқанда міндеттемелердің орындалуын камтамасыз ету үшін қабылдауға болады		Шектеусіз	40 %
		өсімдік өсіру өнімдері (астық)			Шектеусіз	35 %
		ауыл шаруашылығы малдары (жылқы, түйе, ірі қара мал)			Шектеусіз	35 %

Микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдары мен кредиттік серіктестіктерге негізде кредит беру қағидаларына 3-қосымша Нысан

1. МҚҰ (МКҰ) үшін іріктеу өлшемдері және балл берудің ұсынылатын шәкілі

P/c №	Іріктеу өлшемдері	Көрсеткіштің мағынасы									
		1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл	6 балл	7 балл	8 балл	9 балл	10 балл
1.	Берілген микрокредиттердің саны (бірлік) (мағынасы жоғары болған сайын, балы көп)	65-ге дейін	65-тен 130-ға дейін	130-дан 195-ке дейін	195-тен 260-қа дейін	260-тан 325-дейін	325-тен 390-ға дейін	390-нан 455-ке дейін	455-тен 520-ға дейін	520-дан 585-ке дейін	585-тен жоғары
2.	Берілген микрокредиттердің орташа мөлшері (мың		2501-ден	2 001-ден	1 601-ден	1 201-ден	801-ден			201-ден	101-ден

	теңгемен)(мағынасы төмен болған сайын, балы көп)	3 001-ден жоғары	3000-ға дейін	2500-г дейін	2000-ға дейін	1600-ге дейін	1200-ге дейін	401-ден 800-ге дейін	400-г дейін	200-ге дейін	100-г дейін
3.	Өзіндік капиталдың активтерге қатынасы (%-бен) (қатынасы жоғары болған сайын, балы көп)	15	17	19	21	23	25	27	29	32	35
4.	Портфель қатері (%-бен) (негізгі қарыз бойынша 30 күнінен асатын ағымдағы мерзімі өткен берешекпен микрокредит-тер сомасының МҚҰ мен МКҰ жалпы несие портфеліне ара-қатынасы) (мағынасы жоғарылаған сайын, балы төмен)	18,1-ден 20-ға дейін	16,1-ден 18-ге дейін	14,1-ден 16-ға дейін	12,1-ден 14-ке дейін	10,1-ден 12-ге дейін	8,1-ден 10-ға	6,1-ден 8-ге дейін	4,1-ден 6-ға дейін	2-ден 4-ке дейін	2-ге дейін
5.	Конкурстық құжаттамада көзделген соңғы қарыз алушы үшін ең жоғары тиімді жылдық сыйақы ставкасы(%-бен),(белгіленген ставкадан мағынасы төмендеген сайын , балы жоғары)	Конкурстық құжаттамада белгіленген	0,2% аз	0,4% аз	0,6% аз	0,8% аз	1% аз	1,2%аз	1,4% аз	1,6% аз	1,8% және одан артық
6.	Кредит беру нарығындағы ауыл халқына микрокредит беру саласында жұмыс тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі (ай бойынша) МҚҰ және МКҰ қызметінің мерзімі көбейген сайын балы жоғары)	6	10	16	22	30	37	42	48	54	60

2. КС үшін іріктеу өлшемдері мен балл беру үшін ұсынылатын шәкіл

P/c №	Іріктеу өлшемдері	Көрсеткіш мәні									
		1 балл	2 балл	3 балл	4 балл	5 балл	6 балл	7 балл	8 балл	9 балл	10 балл
1	Меншікті капитал мөлшері (мың теңге) (көп болған сайын балл да жоғары)	100 дейін	101-ден 150-ге дейін	151-ден 300-ге дейін	301-ден 450-ге дейін	451-ден 600-ге дейін	601-ден 750-ге дейін	751-ден 900-ге дейін	901-ден 1050-ге дейін	1051-ден 1300-ге дейін	1501-ден жоғары
2	Соңғы қарыз алушы үшін конкурстық құжаттамада көзделген ең жоғары тиімді жылдық сыйақы ставкасы (%-)	Конкурстық құжат	0,2% аз	0,4% аз	0,6% аз	0,8% аз	1% аз	1,2% аз	1,4% аз	1,6% аз	1,8% ; және

	б е н) (белгіленген ставкадан мәні аз болған сайын балл да жоғары)	тамада белгілен ген									одан жоғар
3	Ауылды елді мекендерге микрокредит беру саласындағы жұмыс тәжірибесі мен кредит беру нарығындағы кәсіби біліктілігі (аймен) (МКҰ қызмет мерзімі үлкен болған сайын балл да жоғары)	6-ға дейін	6-дан 8-ге дейін	8-де н 10-ға дейін	10- нан 12 -ге дейін	12- ден 14 -ке дейін	14-тен 16-ға дейін	16- дан 18 -ге дейін	18- ден 20 -ға дейін	20-дан 22-ге дейін	22-де 24-ке дейін

Микроқаржы (микрокредиттік)
ұйымдары мен кредиттік
серіктестіктерге конкурстық
негізде кредит беру
қағидаларына
4-қосымша

КҰ-ның біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі

- 1) Конкурса қатысуға өтінім;
- 2) техникалық ерекшелік;
- 3) бағалар кестесі;
- 4) конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;
- 5) біліктілік туралы мәліметтер;
- 6) кредиттік портфель туралы ақпарат;
- 7) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5446 тіркелген (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) «Дербес шоттарды жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №622 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша салық берешегі мен міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша қарыздың жоқтығы туралы конкурс жариялану мерзімінен бұрын берілген анықтамасының түпнұсқасы;
- 8) әлеуетті қатысушы орындайтын қызмет түрлерінің тізбесімен жарғыдан нотариат куәландырған үзінді көшірме;
- 9) жарғыдан немесе құрылтайшы немесе құрылтайшы құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарынан нотариат куәландырған үзінді көшірме;
- 10) қолтаңбалардың және мөртабанының үлгілері бар нотариалды куәландырылған карточка;

11) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының **Заңы** қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л ы п т а б ы л а д ы ;

12) КҰ-ның банктің (банктердің) алдында мерзімі асқан берешегінің жоқтығы туралы банктің (банктердің) бірінші басшысының немесе расталуы болғанда оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған банктің (банктердің) мөрі соғылған анықтамасының түпнұсқасы (егер КҰ екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Егер банк анықтамасына оны берген банктің бірінші басшысы қол қойған жағдайда, банк анықтамасына қол қойған адамның қол қою құқығын растайтын құжат (сенімхат)
қ о с а б е р і л у і қ а ж е т ;

13) бірінші басшының немесе оның орнын басатын адамның, бас бухгалтердің (бухгалтердің) қолымен бекітілген, қалыптасу күні және сипаты көрсетілген кредиторлық және дебиторлық берешектер таратылып жазылған қосымшамен соңғы есептілік күніне (тоқсан) қаржылық есептілігінің түпнұсқасы ;

14) ауылды жерлерде микрокредит беруді жүзеге асыруды растайтын мәліметтер (микрокредит беру туралы қол қойылған шарттың көшірмесі);

15) кредит тарихы (кредитордың атауы, кредит сомасы және өтеу мерзімдері көрсетілген әлеуетті қатысушының бұдан бұрын алған кредиттері туралы
а қ п а р а т т ы қ а н ы қ т а м а) ;

16) бірінші басшының немесе оның орнын басатын адамның қолымен және әлеуетті қатысушының мөрімен расталған Микрокредит беру қағидасының
к ө ш і р м е с і ;

17) кредиттік ресурстарды пайдалану және кепілге соттан тыс сату құқығымен мүлік беру туралы уәкілетті орган (құрылтайшы, құрылтайшылардың жалпы жиналысы) шешімінің (хаттамасының) түпнұсқасы;

18) адамның кредит және кепіл беру туралы шарттарға қол қою өкілеттіктерінің жазбаша растамасының (құрылтайшының немесе мүлік иесінің бұйрығы, сенімхаты, шешімі) түпнұсқасы;

19) кепілге берілген кепіл мүлігіне және кепіл мүлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда соттан тыс сатуға

меншік иесінің, ерінің (зайыбының) (неке туралы куәліктің көшірмесі),/некеде тұрғаны және тұрмағаны туралы анықтама, барлық кәметке толған қосымша иегерлерінің (отбасы мүшелерінің, өзге де адамдардың) нотариалды куәландырылған келісімі:

кепіл беруші заңды тұлға болған жағдайда құрылтайшылардың кепіл мүлкін соттан тыс сату құқығымен беруге шешімі хаттамасының түпнұсқасын не нотариалды куәландырылған көшірмесін, сондай-ақ жарғыдан немесе құрылтайшы немесе құрылтайшылардың құрамы туралы мәліметтерді қамтитын құрылтай құжаттарының нотариалды куәландырылған үзінді көшірмесін беру қажет ;

кепіл беруші жеке тұлға болып табылған жағдайда, отбасы құрамы туралы анықтаманың түпнұсқасын ұсыну қажет;

мүліктің иегері/қосымша иегері кәметке толмаған бала болған жағдайда қамқоршылық пен қорғаншылық органдарының кепілге және кепілге ұсынылатын мүлікті соттан тыс сатуға жазбаша рұқсаттың түпнұсқасын беру керек .

20) кепіл берушінің жеке куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесі. Кепіл беруші заңды тұлға болып табылған жағдайда заңды тұлғаның құқық белгілеуші құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін және кредит және кепіл беру туралы шарттарға қол қоюға өкілеттік берілген адамның жеке куәлігін, Ж С Н ұсыну қажет ;

21) кепілдік қамсыздандыруға ұсынылатын құжаттар:

1. қамсыздандыруға ақша берілген жағдайда нотариалды куәландырылған құжаттың көшірмесі ұсынылады :
банк шотының шарты ;

банкке ақшаны орналастыруды растайтын шарт;
ақша кредит мерзімінен кем емес кезеңге шұғыл банк салымын ресімдеген кезде жинақ шоттарына орналастырылған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында қабылданады. Мынадай қажетті шарттар сақталған кезде:

депозит шоттағы қалдықтарды жыл сайын растау;
ақша орналастырылған банк Конкурс ұйымдастырушысының жазбаша рұқсатынсыз және келісімінсіз ақша қалдықтары бойынша іс-әрекет жүргізбеу туралы кепілді міндеттемелер беруі.

2. қамтамасыз етуге ғимарат, құрылыс, тұрғын үй-жай, пәтер және т. с. с. жылжымайтын мүлік түрінде берілген жағдайда меншік құқығының туындауына қарай мынадай нотариалды куәландырылған құжаттардың:

сату-сатып алу шартының, жекешелендіру шартының, айырбастау, сыйға тарту шарттарының, (ғимараттар мен құрылыстар) пайдалануға беруді қабылдау актісінің, мұрагерлік құқығы туралы куәлігінің, сот шешімінің, жылжымайтын

мүлікке және олармен мәмілелерге құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің, ғимараттар мен құрылыстарға техникалық паспорттың (үй кітапшасы), жер учаскесіне құжаттардың, ауыртпалықтардың жоқтығы туралы анықтаманың көшірмелері беріледі.

3. қамтамасыз етуге жер учаскесін немесе жерді пайдалану құқығын берген жағдайда меншік құқығының туындауына орай нотариалды расталған құжаттардың:

сату-сатып алу шартының, жер учаскесін жалға беру шартының, сот органдары шешімінің, жер учаскесін беру туралы әкімнің шешімінің, жер учаскесіне жеке меншік құқығына актінің, тұрақты жерді пайдалану құқығына актінің немесе жерді уақытша (өтеусіз, ақылы) пайдалану құқығы актісінің жер учаскесіне құқықты тіркеу туралы куәліктің, жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісінің немесе жерді пайдалану актісінің жер учаскесі шекарасы жоспарының, жер учаскесі бонитеті балдары көрсетілген тиісті құжаттың ауыртпалықтардың жоқтығы туралы анықтаманың көшірмелері беріледі;

аудандық әкімдіктен (аудандық статистика басқармасы) соңғы 3 жылда жүргізілген ауыл шаруашылығы жұмыстары туралы анықтама; салық комитетінен салық аударымдарын төлегені туралы растау-анықтаманы;

Қазақстан Республикасының бағалау саласында қолданыстағы заңнамасына сәйкес және конкурс өтінімдері салынған конверттер ашылған күнге дейін кемінде күнтізбелік 90 күн бұрын жасалған бағалау актісі.

Кепілге меншік құқығындағы немесе уақытша ақылы жерді пайдалану/жерді тұрақты пайдалану құқығындағы Кепіл берушіге тиесілі жер учаскелері қабылданады. Жерді пайдалану мерзімі кредит беру мерзімінен кемінде 3 (үш) жыл артық болуы керек. Кепілге дәнді дақылдар, көкөніс және т.с.с. өсіру үшін қолданылатын жер учаскелері кепіл берушілер келесі шарттарды орындаған кезде:

1. соңғы 3 (үш) жылда агротехникалық іс-шаралардың сақталуы;

2. берілген жер учаскелер бойынша топырақ бонитетінің балдары:

Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және Шығыс Қазақстан облыстары үшін кемінде 25;

Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Павлодар облыстары үшін кемінде 20;

Маңғыстау, Атырау және Қызылорда облыстары үшін кемінде 18 болуға тиіс.

3. кепіл берушінің бюджет алдында берешегінің болмауы.

4. қамтамасыз етуге жылжымалы мүлікті (автокөлік, ауыл шаруашылығы техникасы, автожол техникасы және т.б.) беру жағдайында мүліктің түріне қарай нотариат куәландырған мынадай құжаттар:

көлік құралдарын тіркеу туралы куәлігі, техникалық паспорт,

мемтехқадағалау анықтамасы, ауыртпалықтардың болмауы туралы ішкі істер
о р г а н ы н ы ң а н ы қ т а м а с ы ;

Қазақстан Республикасының бағалау саласындағы қолданыстағы
заңнамасына сәйкес және конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу
күніне дейін кемінде күнтізбелік 90 күн бұрын жасалған бағалау актісінің
к ө ш і р м е л е р і ұ с ы н ы л а д ы .

Кепілге көлік құралдары, ауыл шаруашылығы, құрылыс-жол және де басқа
кестеде көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын арнайы техника
қабылданады.

Көлік құралдарының санаты	Пайдалану мерзімдері, жыл			
	Өзірлеуші: Қытай	Өзірлеуші: ТМД	Өзірлеуші: Азия, АҚШ	Өзірлеуші: Еуропа Жапония
Ауыл шаруашылығы техникасы, аспалы жабдықтар**	12*-ге дейін	20*-ға дейін	20*-ға дейін	20*-ға дейін
Жүк автокөлігі және олардың тіркемелері	10*-ға дейін	20*-ға дейін (Маз, КамАЗ үшін 25*-ке дейін)	12*-ге дейін	15*-ке дейін
Жүк автомобильдері базасындағы арнайы техника	10*-ға дейін	20*-ға дейін (Маз, КамАЗ үшін 25*-ке дейін)	12-ге дейін	15*-ке дейін
Өзге де арнайы техника	10*-ға дейін	15-ке дейін	15-ке дейін	15-ке дейін
Жеңіл автокөлік	8-ге дейін	12-ге дейін	15-ке дейін	20-ға дейін
Автобустар (15 орыннан жоғары)	8*-ге дейін	8-ге дейін	12-ге дейін	20*-ға дейін
Микроавтобустар (15 орынға дейін)	5-ке дейін	5-ке дейін	10-ға дейін	15-ке дейін

5. қамсыздандыруға өсімдік (астық) өсіру өнімдерін берген жағдайда
нотариат расталған құжаттардың көшірмелері:

астық сатып алу туралы құжаттар (шот фактура, сатып алу-сату, айырбастау шарты, сауда-саттық хаттамасы және т.б.). Астық қолхатын ұстаушы дәнді өзі өндірген болса, егіс алаңдарының болуын растайтын құжаттар, аталған егіс алаңдарының түсімділігі туралы статбасқармасының анықтамасы, элеватордың директоры және өндірістік-техникалық зертхананың бастығы қол қойған Ф-47 дәнді талдау карточкасының түпнұсқасы, астыққа қолхаты, астық қолхатының куәлігі, сәйкестілік (сапа) сертификаты, ХПП-мен астықты сақтау туралы шарт, астықты сақтау қызметін төлеу туралы шарт қажет;
қамтамасыз етуге ауыл шаруашылық малдарын (жылқы, түйе, ірі қара мал) берген жағдайда мынадай нотариалды расталған құжаттардың көшірмелері
б е р і л е д і :

ветеринарлық паспорт, ауыл шаруашылығы малдардың бар болу туралы
ветеринарлық инспекцияның анықтамасы;

Қазақстан Республикасының баға саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес бағалау актісі және конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күніне дейін кемінде күнтізбелік 90 күн бұрын жасалған бағалау актісінің көшірмелері ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы малдары мынадай шарттармен қабылданады: малды міндетті сәйкестендіру; малды ұстау және өсіруге қажетті шарттардың міндетті түрде болуы, азық базасы және азықпен қамтамасыз етілу; белгіленген мерзімдерде ұдайы ветеринариялық тексеруден өту және профилактикалық егуді жүзеге асыру.

Қажеттігіне қарай уәкілетті өңірлік ұйымның шешімі бойынша кепіл заттарын мүліктік (малдың қырылуынан, ауруынан және т.б.) сақтандыруды жүзеге асыруға болады.

24) кепілдік қамсыздандыруды (жылжымайтын мүлік) тәуелсіз бағалау.

* Жай-күйін, күрделі жөндеу жүргізуді бекітуді есепке ала отырып;
* аспалы жабдықтар қосалқы жабдығы болып табылатын ауыл шаруашылық техникасын кепілге алған кезде ғана қабылданады.

Ескертпе: көлік құралдары мен басқа да техника сатуға меншік құқығын сенімхатпен растаған жағдайда кепіл заты бола алмайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у ж әне
ә л е у е т т і к да м у м и н и с т р і н ің
2 0 1 5 ж ы л ғы 1 0 с ә у і р д е г і
№ 2 2 1 б ұ й р ы ғы н а
4-қосымша

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі, «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы заңдарына және «

Жұмыспен қамту 2020 жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 162 қаулысына (бұдан әрі – Бағдарлама
) с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Қағидалар жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесуге, өз еркімен қоныс аударуға, көшуді ұйымдастыруға, оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын көрсетуге арналған нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға бағытталған шаралар:

- 1) көшуге байланысты шығыстарды өтейтін субсидия беруді;
- 2) қызметтік тұрғын үй беру;
- 3) еңбекші жастарға жатақханалардан бөлмелер беру;
- 4) кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарында оқыту (қажет болған кезде);
- 5) жаңа тұрғылықты жерінде жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жолымен іске асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аудандық (қалалық) комиссия – ауданның (қаланың) жергілікті атқарушы органы жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомство аралық комиссия;

2) Бағдарламаға қатысушылар – жұмыссыз, ішінара жұмыспен қамтылған, табысы аз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар және қатысу басымдығы Бағдарламада белгіленген азаматтардың өзге де с а н а т т а р ы ;

3) Бағдарлама операторы – халықты жұмыспен қамту саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) жұмыс беруші – осы Қағидаларға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға бағытталған шараларға қатысатын жеке немесе заңды тұлға;

5) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекет жүзеге асыратын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз халықтың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды мемлекеттік қ о л д а у ш а р л а р ы ;

6) көшуге субсидия беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ;

7) қызметтік тұрғын үй – мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан берілетін және өздерінің еңбек қатынастарының сипатына байланысты міндеттерін орындау кезеңіне Қазақстан Республикасының азаматтарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды қоныстандыруға арналған айрықша құқықтық режимдегі тұрғын үй;

8) қызметтік тұрғын үйді жалдау (жалға беру) – қызметтік тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалдаушыға (жалға алушыға) тұрақты немесе уақытша пайдалануға және ақысын төлетіп пайдалануға беру;

9) өңірлік комиссия – жергілікті өкілді органдар, жұмыс берушілер, кәсіптік одақтар өкілдерінің қатысуымен облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы жанындағы Бағдарламаны іске асыру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия;

10) өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) уәкілетті орган – өңірлік деңгейде халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшесі;

12) халықты жұмыспен қамту орталығы – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында ауданның, облыстың және республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы құратын мемлекеттік мекеме;

13) экономикалық өсу орталығы – соңғы 5-10 жыл бойы экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуімен және жоғары демографиялық әлеуетімен (көші-қон сальдосы оң) сипатталатын елді мекен;

14) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

15) қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін қоныс аударушылар отбасыларының шекті саны;

16) оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан

Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандар отбасыларының шекті саны.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Көшуді ұйымдастыру және субсидия беру

4. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұратын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ оралмандардың көшуі жүзеге асырылады:

- 1) бір ауданның ішінде;
- 2) бір облыс шегінде бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға);
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушыларды.

Оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге көшіріледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бағдарламаға қатысушылардың басқа облысқа көшуі республикалық маңызы бар қалалар мен астананы қоспағанда, уәкілетті органдар ұсынған жұмыс берушілер өтінімдерінің негізінде, тиісті өңірлік комиссияның ұсынымы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Өңірлік комиссия шешімінің негізінде республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыс орталықтарының шегінде тұратын адамдар қатарындағы Бағдарламаға қатысушыларды 2013 жылғы 1 шілдеде құрылысы басталған қызметтік тұрғын үйлерге көшіруге жол беріледі.

7. Бағдарламаға қатысушылар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз, халықтың еңбекке қабілетті табысы аз санатына жатуға;

2) жұмыс берушілер жаңа тұрғылықты жері бойынша мәлімдеген қолданыстағы дерекқордағы жұмыс орындарына сәйкес келетін кәсіптік білімі не Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу туралы жазбаша міндеттемесі болуға;

3) соңғы үш жылда бекітілген тізбеге сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұрақты тұруға тиіс.

8. Бағдарламаға қатысушылардың көшуі қызметтік тұрғын үйдің берілуімен, сондай-ақ көшуге субсидияның төленуімен өз бетінше жүзеге асырылады.

Бұл ретте Бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің жаңа тұрғылықты жері бойынша меншік құқығында тұрғын үйі не тұрақты пайдалануында коммуналдық тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйі болған жағдайда жаңа тұрғылықты жері бойынша қызметтік тұрғын үй берілмейді.

9. Қызметтік тұрғын үй беру және көшуге субсидия тағайындау үшін Бағдарламаға қатысушы отбасының құрамын және көшуге субсидия беру жөніндегі уәкілетті ұйымда алдын ала ашылған жеке шотын көрсете отырып, келген жерінің халықты жұмыспен қамту орталығына осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш береді.

Өтінішке Бағдарламаға қатысушы мен оның көшіп келген отбасы мүшелерінің мынадай құжаттары қоса беріледі:

1) халықты жұмыспен қамту орталығының (шыққан жерінің) жолдамасы;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) әлеуметтік келісімшарт;

4) Бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне келген жері бойынша тұрғын үйі жоқ (бар) екені туралы анықтама.

10. Бағдарламаға қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне көшуге берілетін субсидиялар олар жаңа тұрғылықты жерге келгеннен және қызметтік тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шартын жасағаннан кейін не тұрғын үй мәселесін дербес шешкен кезде келген жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі негізінде беріледі.

Бағдарламаға қатысушының жаңа тұрғылықты жерге келмеген отбасы мүшелеріне көшуге субсидия берілмейді.

Бағдарламаға қатысушыларға көшуге субсидия:

1) бір ауданның ішінде қоныс аударушыларға – отағасына он еселенген айлық есептік көрсеткіш, әрбір отбасы мүшесіне бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) бір облыс шегінде бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға қоныс аударушыларға – отағасына жиырма бес еселенген айлық есептік

көрсеткіш, әрбір отбасы мүшесіне он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

3) бір облыстан басқа облысқа көшетіндерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушыларға отағасына елу еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, отбасының әрбір мүшесіне отыз бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Келген жерінің халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушымен қызметтік тұрғын үйді жалдау (жалға алу) туралы шарт жасасқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде не тұрғын үй мәселесін өз бетінше шешкен жағдайда келген жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі негізінде, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың барлығы болған жағдайда, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көшуге берілетін субсидияны тағайындау туралы шешім шығарады.

Бір елді мекен шегінде көшетін Бағдарламаға қатысушыларға көшуге субсидия төленбейді .

12. Көшуге берілетін субсидияны тағайындау туралы шешімде Бағдарламаға қатысушының отбасы құрамы, оларға берілетін тиісті төлемдердің мөлшері және көшуге субсидия беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған жеке шотының нөмірі көрсетіледі .

13. Халықты жұмыспен қамту орталығы қоныс аударуға берілетін субсидияны тағайындау туралы шешім шығарғаннан кейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей қоныс аударуға субсидия беру жөніндегі уәкілетті ұйымдарға тиісті төлемдерді аударады.

14. Әлеуметтік келісімшарттың талаптарына сәйкес Бағдарламаға қатысушы (отбасымен бірге) келген жерінен алты айдың ішінде кеткен жағдайда көшуге берілетін субсидияның алынған сомасы бюджетке өтеледі.

Әскери қызметке шақырылған, осы елді мекенде тұруға мүмкіндік бермейтін ауруларды, жұмыс берушінің өтінімі бойынша оқуға жіберілген жағдайларды қоспағанда, Бағдарламаға қатысушы отбасы мүшелерінің біреуі келген жерінен бір жыл ішінде кеткен жағдайда, отбасының кетіп қалған мүшесі алған, көшуге берілген субсидия сомасы бюджетке қайтарылады.

15. Бағдарламаға қатысушыларға келген жерлерінде олардың қалауы бойынша қызметтік тұрғын үй беріледі.

Берілетін қызметтік тұрғын үйдің ауданы отбасының құрамына қарай бірге

тұратын отбасы мүшесінің біреуіне он сегіз шаршы метрден не отбасына жүз шаршы метрден аспауға және бір бөлмелі пәтерден не отбасылық үлгідегі жатақхананың бір бөлмесінен кем болмауға тиіс.

Жатақханадан бөлмелер жиырма тоғыз жасқа толмаған еңбекші жастарға (соның ішінде балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айрылған балаларға) олардың бұрынғы тұрған жеріне, оның ішінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада тұрғанына қарамастан жүзеге асырылады.

Мұндай адамдар әскери қызметке шақырылған кезде, жасы мерзімді әскери қызметті өткеру мерзіміне ұзартылады.

Қызметтік тұрғын үйлер, көшіруді және жұмысқа орналастыруды жұмыс берушінің өзі жүзеге асырған Бағдарламаға қатысушыларға, сондай-ақ басқа облыстарға қоныс аударушыларға, олардың бұрынғы тұрған жеріне, оның ішінде облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалада және астанада тұрғанына қарамастан беріледі.

16. Жастар, оның ішінде некеде тұрғандар үшін жатақханалардан бөлмелер мынадай шарттармен беріледі:

- 1) жасы 29-ға дейін болуы;
- 2) қолданыстағы еңбек шартының немесе әлеуметтік келісімшарттың болуы;
- 3) тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысуы тиіс.

Жастарға арналған жатақханадағы бөлмелер 5 жылға дейінгі мерзімге беріледі және жекешелендіруге жатпайды.

17. Жастар үшін жатақханадан бөлме, қызметтік тұрғын үй халықты жұмыспен қамту орталығының тұрғын үй комиссиясы қабылдаған тұрғын үй беру туралы шешімінің және халықты жұмыспен қамту орталығы мен Бағдарламаға қатысушы арасында жасалған қызметтік тұрғын үйді және жатақханадағы бөлмені жалдау (жалға беру) туралы шарт негізінде беріледі.

18. Бағдарламаға қатысушының не оның отбасы мүшесінің екі айдан астам қолданыстағы еңбек шарты болмаған жағдайда, қызметтік тұрғын үйді, жастарға арналған жатақханадағы бөлмені жалға алу шарты мен онымен жасалған әлеуметтік келісімшарт бұзылады. Бұл шарттар Бағдарламаға қатысушы кәсіптік оқудан өту кезеңінде қолданылмайды.

19. Жастарға арналған жатақханадан бөлме берілгеннен кейін Бағдарламаға қатысушы жоғары, жоғарыдан кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына кәсіптік оқудан өтуге жіберіледі.

20. Тұрғын үй комиссиясының шешімі екі дана жасалады, оның біреуі қатаң есептегі құжат ретінде халықты жұмыспен қамту орталығында сақталады, ал екіншісі өтініш берушіге беріледі.

21. Халықты жұмыспен қамту орталығы Бағдарламаға қатысушымен жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шартын халықты жұмыспен қамту орталығының (келген жерінің) тұрғын үй комиссиясы тиісті шешім қабылдағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жасайды.

Бағдарламаға қатысушы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шартының тарапы болады. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шартына Бағдарламаға қатысушының сенім білдірілген адамының қол қоюына жол берілмейді.

Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шарты үш данада жасалады. Жастарға арналған жатақханалардан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шартының бір данасы халықты жұмыспен қамту орталығында сақталады, екіншісі жергілікті атқарушы органға беріледі, ол қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, үшіншісі өтініш берушіге беріледі және жастарға арналған жатақханадан бөлмеге, қызметтік тұрғын үйге қоныстануға құқық беретін бірден-бір құжат болып табылады.

22. Егер шарт жасасу туралы ұсыныс берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Бағдарламаға қатысушы шарттың талаптарымен келіспеуіне байланысты жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу шартына қол қоймаса, халықты жұмыспен қамту орталығы жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді Бағдарламаның басқа қ а т ы с у ш ы с ы н а қ а й т а б ө л е д і .

Бағдарламаның жаңа қатысушысымен шарт жасасу осы Қағидалардың 21-тармағында белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

23. Жалға алу шарты күнтізбелік бір жыл мерзімге жасалады және тараптардың біреуі шарт аяқталғанға дейін күнтізбелік бір ай қалғанда, жалға алу шартының талаптарына сәйкес хабарлама жіберген жағдайларды қоспағанда, жыл сайын автоматты түрде ұзартылады (жатақханадағы бөлмені жалға алудың бесжылдық мерзімі аяқталғанға дейін).

Қоныс аударған Бағдарламаға қатысушы қайтыс болған жағдайда, бұрын жасалған жалға алу шарты қалалық (аудандық) комиссияның келісуімен тұрғын үй комиссиясының шешімі бойынша жалға алушы отбасының кәмелетке толған мүшесімен ұ з а р т ы л у ы м ү м к і н .

Жалға алушының ауысуы тұрғын үйді жалға алу шартын қайта ресімдеуге а л ы п к е л е д і .

24. Бағдарламаға қатысушылар осы Қағидаларға сәйкес жастарға арналған жатақханадан бөлме, қызметтік тұрғын үй алу құқығын бір рет қана іске асырады .

25. Жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алудың ай сайынғы төлемінің мөлшерін Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу реестрінде № 7232 тіркелген Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлем мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес халықты жұмыспен қамту орталығы а й қ ы н д а й д ы .

26. Коммуналдық және пайдалану қызметтерінің шығыстары жастарға арналған жатақханадан бөлмені, қызметтік тұрғын үйді жалға алу төлемінің сомасына кірмейді және Бағдарламаға қатысушы оны өзі төлейді.

27. Жастарға арналған жатақханадан бөлме, қызметтік тұрғын үй жалға берілген кезде қосалқы жалға алуға жол берілмейді.

28. Бағдарламаға қатысушының отбасы мүшесінің жастарға арналған жатақханадан жеке бөлме, қызметтік тұрғын үй беру не Бағдарламаның басқа қатысушысының отбасы құрамында қызметтік тұрғын үй беру туралы өтініші қ а р а л м а й д ы .

29. Жергілікті атқарушы органдар Бағдарламаға қатысушыларды отбасылық үлгідегі жатақханалардан орын беру, осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес тұрғын үй сатып алу есебінен қамтамасыз ете а л а д ы .

30. Бағдарламаға қатысушылардың тиісті біліктілігі болған жағдайда жастарға арналған жатақханаларды, қызметтік тұрғын үйді салу және тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту барысында құрылатын жұмыс орындарына орналасуға басым құқығы болады.

3. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға қызметтік тұрғын үй беру

1 Параграф: Қоныс аударуға қажеттілікті айқындау тәртібі

31. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілерге Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде қоныс аударуға және жұмысқа орналасуға қатысуға үміткерлерді таңдау тәртібі мен шарттары туралы кон с у л ь т а ц и я б е р е д і .

32. Бағдарламаға қатысуға ниет білдірген жұмыс берушілер халықты жұмыспен қамту орталықтарына:

1) мамандықтар (кәсіптер) бөлінісінде қажетті жұмыс күшінің саны кө р с е т і л г е н ;

2) Бағдарламаға қатысушылар үшін жұмыс берушілердің қоса

қаржыландыруымен тұрғын үй салу мүмкіндігі туралы;

3) Бағдарламаға қатысушыларды тұрақты жұмыс орындарын ұсына отырып, жұмысқа орналастыру мүмкіндігі туралы өтінім не Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу туралы жазбаша міндеттеме береді.

33. Халықты жұмыспен қамту орталықтары әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына қажетті еңбек ресурстарын қоныстандыру үшін тұрғын үй салуға қажеттілігі бар жұмыс берушілердің тізілімін жүргізеді.

34. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орташа және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындау өлшемшарттарына сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары елді мекендерді айқындайды және оны Бағдарлама операторына жолдайды.

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орташа және жоғары ауылдық елді мекендерді айқындау үшін өлшемшарттар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған нұсқаулыққа сәйкес есептеледі.

35. Халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыс берушілердің қажеттілігін е с к е р е о т ы р ы п :

1) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұратын, облыстың (ауданның/қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендеріне және экономикалық өсу орталықтарына көшуге қатыса алатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың, жұмыссыздар мен табысы аз адамдардың с а н ы н ;

2) көшуге қатыса алатын жиырма тоғыз жасқа толмаған балалар үйінің тәрбиеленушілерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалардың (осындай адамдарды әскери қызметке шақырған кезде жасы мерзімді әскери қызмет өткеру мерзіміне ұзартылады), жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастардың, оралмандардың ж а л п ы с а н ы н ;

3) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендердегі және экономикалық өсу орталықтарындағы жұмыс берушілердің еңбек ресурстарына қажеттілігін, олардың жұмыс күшіне деген сұранысын қанағаттандыру үшін қосымша еңбек ресурстарын тарту қажеттілігін айқындайды;

4) еңбек ресурстарына қажеттілікті және аудандық/қалалық комиссиялармен келіскеннен кейін ақпаратты уәкілетті органға жібереді;

5) басқа өңірлерде орналасқан әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары

елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына қоныс аударуға қатыса алатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз халықтың санын.

35-1. Халықты жұмыспен қамту орталықтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге көшуге әлеуетті қатыса алатын Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ оралмандардың санын айқындайды.

Ескерту. 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Уәкілетті орган ұсынылған ақпараттың негізінде:

1) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұратын, облыстың (ауданның/қаланың) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендеріне және экономикалық өсу орталықтарына көшуге қатыса алатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз адамдардың жалпы с а н ы н ;

2) басқа өңірлерде орналасқан әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына көшуге қатыса алатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз және табысы аз адамдардың жалпы с а н ы н ;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған өңірлерге көшуге қатыса алатын қоныс аударушылардың, сондай-ақ оралмандардың жалпы саны;

4) көшуге қатыса алатын балалар үйінің тәрбиеленушілерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелет жасына толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалардың (осындай адамдарды әскери қызметке шақырған кезде жасы мерзімді әскери қызмет өткеру мерзіміне ұзартылады), жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастардың, оралмандардың ж а л п ы с а н ы н ;

5) әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендер мен экономикалық өсу орталықтарындағы жұмыс берушілердің еңбек ресурстарына жалпы қажеттілігін, олардың жұмыс күшіне деген сұранысын қанағаттандыру үшін қосымша еңбек ресурстарын тарту қажеттілігін қалыптастырады;

б) және әлеуетті Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны, еңбек ресурстарына қажеттілік пен азаматтардың көшу мүмкіндігі туралы ақпаратты өңірлік комиссияға жібереді.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Өңірлік комиссия берілетін үйлердің жалпы санын негізге ала отырып:

1) м ы н а л а р д ы :

шығу және қабылдау орындарын айқындай отырып, облыстың (ауданның,

қаланың), республиканың шегінде қоныс аударатын азаматтардың ықтимал санын келіседі және қоныс аударуды ұйымдастыру үшін уәкілетті органға және (немесе) халықты жұмыспен қамту орталықтарына ұсыным жібереді;

2) Бағдарламаға қатысушылардың қоныс аударуын, қоныстануын ұйымдастыру мәселелерін қарайды.

38. Өңірлік және аудандық/қалалық комиссияның құрамына жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, уәкілетті органның (халықты жұмыспен қамту орталықтарының) өкілдері, жұмыс берушілердің, кәсіптік одақтардың өкілдері е н г і з і л е д і .

39. Қоныс аударған Бағдарламаға қатысушыларды жұмыспен қамту жаңа тұрғылықты жеріне көшіп келгенге дейін және келгеннен кейін жұмыс берушілермен жасалған ниет білдіру шарты негізінде қамтамасыз етіледі. Жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, Бағдарламаға қатысушыларға жұмыс берушілермен жасалған ниет білдіру шарты негізінде кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, келген жері бойынша оқыту мүмкіндігі ұсынылады.

2 Параграф: Өз еркімен қоныс аударуға және қатысуға үміткерлерді іріктеу тәртібі мен әлеуметтік келісімшарт жасасу

40. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер халықты жұмыспен қамту орталықтарына осы Қағидаларға **5-қосымшаға** сәйкес нысан бойынша өтініш б е р е д і .

41. Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі және отбасы құрамы (мекенжай анықтамасы, ауылдық әкімнің а н ы қ т а м а с ы) ;

3) еңбек кітапшасының (болған кезде) немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжаттың (жұмыс істейтін адамдар үшін) көшірмесі;

4) білімі туралы құжаттың (диплом, аттестат, куәлік), сондай-ақ білімі мен біліктілігін растайтын басқа да құжаттардың (болған кезде) көшірмелері.

Бағдарламаның осы бағытына қатысуға басым құқықты ауыл жастары, сондай-ақ жиырма тоғыз жасқа толмаған балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған балалар (осындай адамдарды әскери қызметке шақырған кезде жасы мерзімді әскери қызмет өткеру мерзіміне ұзартылады) и е л е н е д і .

42. Халықты жұмыспен қамту орталықтары он жұмыс күні ішінде басқа

облысқа, сондай-ақ басқа ауданға көшуге ниет білдірген адамдардың өтініштері мен құжаттарын – уәкілетті органға, аудан ішінде – аудандық/қалалық комиссияның қарауына жібереді.

Уәкілетті орган басқа облысқа, сондай-ақ басқа ауданға көшуге ниет білдіргендердің өтініштері мен құжаттары келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде оларды өңірлік комиссияның қарауына жібереді.

43. Бағдарламаға қатысуға өтініш беруші адамдардың құжаттарын қарау нәтижесі бойынша:

1) аудандық/қалалық комиссиялар:

бір облыс шегінде басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) немесе басқа облысқа көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу не қосудан бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді және өңірлік комиссияға жібереді;

2) өңірлік комиссиялар:

бір облыс шегінде бір ауданнан (облыстық маңызы бар қаладан) басқа ауданға (облыстық маңызы бар қалаға) көшетін азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылар құрамына қосу не қосудан бас тарту туралы ұсынымдар дайындайды және уәкілетті органға және (немесе) халықты жұмыспен қамту орталығына жібереді;

республикалық маңызы бар қаланың, астананың, облыс орталықтарының шегінде 2013 жылғы 1 шілдеде құрылысы аяқталған қызметтік тұрғын үйлерге қоныс аударатын адамдарға қатысты, Бағдарламаға қатысушылар құрамына енгізу не енгізуден бас тарту туралы ұйғарымдарды шығарады және оны уәкілетті органға және (немесе) халықты жұмыспен қамту орталығына жібереді;

басқа облысқа қоныс аударатын азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу не қосудан бас тарту туралы ұсынымдар әзірлейді және уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган өңірлік комиссияның басқа облысқа қоныс аударатын азаматтарға қатысты Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу туралы ұсынымын үш жұмыс күні ішінде шыққан жерінің халықты жұмыспен қамту орталықтарына жібереді.

Өңірлік және аудандық/қалалық комиссияның отырысы Бағдарламаға қатысуға өтініштер мен құжаттардың түсуіне қарай өткізіледі.

44. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына көшетін Бағдарламаның осы бағытына қатысуға үміткерлер мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуге тиіс:

1) өзін-өзі жұмыспен қамтыған, жұмыссыз, халықтың еңбекке қабілетті табысы аз санатына жатуға;

2) жұмыс берушілер жаңа тұрғылықты жері бойынша мәлімдеген қолданыстағы дерекқордағы жұмыс орындарына сәйкес келетін кәсіптік білімі не Бағдарлама шеңберінде кәсіптік оқуды аяқтағаннан кейін тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу туралы жазбаша міндеттемесі болуға;

3) соңғы үш жылда бекітілген тізбеге сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұрақты тұруға тиіс.

45. Осы Қағидалардың 5, 7 және 45-тармақтарында көрсетілген критерийлер балалар үйінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айрылған балалар (мұндай адамдар әскери қызметке шақырылған кезде жасы мерзімді әскери қызметті өткеру мерзіміне ұзартылады), жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандарды және қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар болып табылатын Бағдарламаның осы бағытына қатысушыларға қолданылмайды.

Бекітілген тізбеге сәйкес, осы Қағидалардың 44-тармағы 3) тармақшасында көзделген әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекендерде тұрақты тұру критерийлері басқа облыстарға көшетін үміткерлерге қолданылмайды.

Бұл ретте отбасы мүшелерінің бірінің жұмыспен нәтижелі қамтылуы, коммуналдық қызметтерді, жалдау ақысын төлеу және отбасының бөлінген тұрғын үйде тұруы міндетті шарт болып табылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарында көшуді және қызметтік тұрғын үй салуды, сатып алуды, салып бітіруді, сондай-ақ жастарға арналған жатақханалар салуды және сатып алуды субсидиялауға көзделген жалпы қаражат (жұмыс берушілер тарапынан қоса қаржыландыруды ескере отырып) көлемі негізінде айқындалады.

Қызметтік тұрғын үйлер пәтерлерден, жеке тұрғын үйлерден және жатақханалардағы бөлмелерден тұрады.

47. Халықты жұмыспен қамту орталығы өңірлік не аудандық/қалалық комиссияның ұсынымын алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде өтініш берушілерді Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосу не қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бағдарламаға қатысуға үміткер осы Қағидалардың 7, 44 және 45-тармақтарында көрсетілген критерийлерге сәйкес келмеген жағдайларда, Бағдарламаға қатысушылардың құрамына қосудан бас тартылады.

48. Шыққан жерінің халықты жұмыспен қамту орталықтары шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушілерге жазбаша х а б а р л а й д ы .

49. Халықты жұмыспен қамту орталығының Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгізуден бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шағым жасауға болады.

50. Шыққан және келген жерінің халықты жұмыспен қамту орталықтары қабылданған шешімдердің негізінде Бағдарламаға қатысушылардың көшу тәртібін, мерзімін және оларды қабылдау шарттарын келіседі.

51. Азаматтарды Бағдарламаға қатысушылар қатарына енгізу туралы шешімнің және көшу шарттарын келген жерінің халықты жұмыспен қамту орталықтарымен келісу негізінде шыққан жерінің халықты жұмыспен қамту орталықтары Бағдарламаға қатысушыларға қоныс аударуға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес жолдама береді.

52. Келген жеріндегі жұмыспен қамту орталығы шыққан жеріндегі халықты жұмыспен қамту орталығы берген жолдаманың негізінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшарт жасасады, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген қоныс аударушы мен оралманмен жасалған әлеуметтік келісімшартты қоспағанда, жұмыс беруші оның тарапы болады. Жұмыс беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жауапты лауазымды адамның қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылған әлеуметтік келісімшартқа қосылу туралы жазбаша өтініш (хабарлама) беру арқылы әлеуметтік келісімшарт жасасқанын растайды.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Бағдарламаға қатысушыны жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемені жұмыс берушілер орындамаған жағдайда жұмыс берушілер мемлекеттің оқытуға және (немесе) көшуді субсидиялауға жұмсаған шығыстарын өтейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген және оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген оралмандар мен қоныс аударушылар өз еркімен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірдің шегінен тыс жерге өз бетінше көшкен жағдайда (немесе оралмандар Қазақстан Республикасының азаматтығын алудан бас тартқанда) бес жыл ішінде Бағдарламаға қатысушылардың құрамынан шығарылады және мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге жұмсалған мемлекеттік шығыстар сомасын өз еркімен бюджетке қайтарады, ал қайтарудан бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Көшуін және жұмысқа орналасуын жұмыс беруші өзі жүзеге асырған азаматтар басым тәртіппен тиісті мемлекеттік қолдауды ала отырып, Бағдарламаның осы бағытына қатысушылардың құрамына енгізіледі.

55. Бағдарламаға қатысушылардың жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілер ұсынған бос жұмыс орындары пайдаланылады.

56. Бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңдерінде оған қатысушылар туралы ақпарат «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне орналастырылады.

Халықты жұмыспен қамту орталықтары әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеуді және мониторинг жүргізуді жүзеге асырады және Бағдарламаға қатысушылардың өздеріне қабылдаған міндеттемелерін орындауын бақылайды.

4. Еңбек ресурстары ұтқырлығын арттыруға бағытталған шараларды қаржыландыру

1 Параграф: Тұрғын үйді салу және бөлу тәртібі

57. Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгізу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келген қоныс аударушыларды және оралмандарды қоспағанда, қызметтік тұрғын үйлер салуға, сатып алуға және оларға қоныстандыруға қатысатын жұмыс берушілердің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

Жұмыс беруші тарапынан қоса қаржыландырылған жағдайда тұрғын үй салу, сатып алу және бөлу үшін тұрғын үй салу жерін, тұрғын үйдің ықтимал нұсқаларын таңдау оның қатысуымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Көп пәтерлі тұрғын үйді, сондай-ақ жеке, екі (үш) пәтерлі тұрғын үйлерді салған, сатып алған және салып бітірген кезде тұрғын үйдің жалпы сметалық құнынан кемінде 10 % қоса қаржыландыруды:

Бағдарламаға қатысушылардың құрамына енгізілген Бағдарламаға қатысушылар үшін жұмыс берушілердің өтініші бойынша жұмыс беруші;

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге келетін қоныс аударушылар мен оралмандар үшін жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік

даму министрінің м.а. 08.01.2016 № 8 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Облыстардың жергілікті атқарушы органдары мен жұмыс берушілер мынадай міндеттемелерді көздейтін ниет білдіру шартын жасасады:

- 1) тұрғын үйді бірлесіп салу, сатып алу;
- 2) қоныс аударатын азаматтарды міндетті жұмысқа орналастыру;
- 3) жұмыс берушінің қоса қаржыландыруының мөлшері.

60. Жергілікті атқарушы органдар заңнамаға сәйкес тұрғын үй салу үшін жер учаскелерін бөлуді, жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді, мемлекеттік сараптама жүргізуді, қосылуға техникалық шарттарды беруді, сондай-ақ аумақтарды егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына немесе құрылыс салу жоспарына сәйкес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылуды жүзеге асырады.

Жеке тұрғын үйлерді салу кезінде жобаны жергілікті жерге бекіту жергілікті бюджеттің және жұмыс берушінің қаражаты есебінен жұмсалған қаражатқа пропорционал жүзеге асырылады.

Көп пәтерлі тұрғын үйлерді салу кезінде жобаны жергілікті жерге бекіту жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен мердігерді және объектінің нақты құнын айқындағаннан кейін жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі, мердігер және жұмыс беруші тұрғын үй салу және осы құрылысты қоса қаржыландыру шарттары туралы үшжақты шарт жасасады.

Мердігерлік шартқа сәйкес аванс төлемдерін аударған кезде бірінші тәртіпте міндетті түрде жұмыс берушінің қоса қаржыландыру сомасы аударылуға тиіс.

Салынған және пайдалануға тапсырылған тұрғын үй мемлекет пен жұмыс беруші арасында осы тұрғын үйді салуға жұмсалған қаражатқа пропорционал бөлінеді.

Жергілікті атқарушы органның шешімімен жұмыс беруші тарапынан қоса қаржыландыру қаражаты есебінен салынған тұрғын үй жұмыс берушінің меншігіне беріледі, ал мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен салынған тұрғын үй халықты жұмыспен қамту орталығының теңгеріміне беріледі.

61. Халықты жұмыспен қамту орталықтары мен жұмыс берушілер Бағдарламаға қатысушылармен жалға алу шартын жасасады, кейін Бағдарламаға қатысушыға жалға береді.

2 Параграф: Бағдарламаға қатысушыларды мемлекеттік қолдау шараларын қаржыландыру

62. Қызметтік тұрғын үй, жатақхана салу және (немесе) оны сатып алу, Бағдарламаға қатысушыларға көшуге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға субсидия беру үшін облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы трансферттер бөлінеді.

Нысаналы трансферттерді уақтылы аудару, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуына және түпкілікті нәтижесіне мониторинг жүргізу үшін:

1) Бағдарлама операторы мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында Бағдарламаға қатысушылардың қоныс аударуға жұмсалатын шығындарын өтеу бөлігінде;

2) өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында қызметтік тұрғын үй салу және (немесе) сатып алу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) сатып алу бөлігінде нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдер жасалады.

63. Бағдарлама операторы мен өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бюджет заңнамасына сәйкес, қаржыландырудың жеке жоспары негізінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша нысаналы трансферттерді а у д а р а д ы .

64. Қызметтік тұрғын үй, жатақхана салуға және (немесе) оны сатып алуға, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) сатып алуға арналған нысаналы трансферттер объектілер бойынша бөлінбей, бір сомамен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне а у д а р ы л а д ы .

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары тиісті шешімдер қабылданғаннан кейін екі апта мерзімде іске асырылуына қаражат көзделген объектілер бөлінісінде жергілікті инвестициялық жобалар туралы жиынтық ақпаратты өңірлік даму мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және Бағдарлама операторына жібереді.

65. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне қарай Бағдарлама операторына – экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық өсу орталықтарына қоныс аударған, оның ішінде субсидия, тұрғын үй, жатақханадан бөлме алған, жұмысқа орналастырылған (жұмыспен қамтудың түрлері бөлінісінде) Бағдарламаға қатысушылардың саны туралы а қ п а р а т ;

2) жартыжылдық қорытындысы бойынша жылына екі рет өңірлік даму

мәселелері жөніндегі уәкілетті органға – сатып алынған және (немесе) пайдалануға енгізілген қызметтік тұрғын үйлердің, жатақханалардың саны туралы есеп береді.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдардың ұтқырлығын арттыруға
жәрдемдесу және оларға мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету қағидаларына
1-қосымша
Нысан

_____ ауданының (қаласының)
Халықты жұмыспен қамту орталығының
директорына кімнен _____

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)

Қызметтік тұрғын үй (жатақханадан бөлме) беруге және көшуге субсидия тағайындауға

ӨТІНІШ

Сізден _____
(көшу себебі көрсетіледі)
байланысты маған және отбасымның мүшелеріне отбасының мынадай құрамын
ескере отырып:

қызметтік тұрғын үй (жатақханадан бөлме) беруді, қоныс аударуға субсидия тағайындауды және төлеуді сұраймын.
Бізге тиесілі соманы _____

(банктің атауы, банктің ЖСН, банктің БИК, алушының дербес шотының нөмірі көрсетіледі)
аударуыңызды сұраймын.

Мына құжаттарды өтінішке қоса беремін:

20__ жылғы «__» _____

(Бағдарламаға қатысушының қолы)

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдардың ұтқырлығын арттыруға
жәрдемдесу және оларға мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

_____ ауданының (облыстық маңызы бар қаланың,
астананың, республикалық маңызы бар қаланың)
Халықты жұмыспен қамту орталығы

Бұйрық

Күні _____ № _____ ауыл (қала)

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларының **11-тармағына** сәйкес Жұмыспен қамту 2020 жол картасына қатысушылар ұсынған құжаттарды қарап БҰЙЫРАМЫН:

1. _____ отбасына қоныс аударуға мынадай мөлшерде
с у б с и д и я тағайындалсын:

- 1) Бағдарламаға қатысушыға _____ теңге мөлшерінде;
- 2) отбасы мүшелеріне _____ теңге мөлшерінде.

Барлығы _____ теңге.

Онымен бірге отбасының мынадай мүшелері көшеді:

Р / с №	Т.А.Ә.	Туыстық қатынасы

2. Субсидия _____

(банктің атауы, банктің ЖСН, банктің БИК, алушының дербес шотының
немесе төлем карточкасының нөмірі көрсетіледі)
аударылсын.

Басшы _____ Т.А.Ә. қолы

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын

адамдардың ұтқырлығын арттыруға
жәрдемдесу және оларға мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету қағидаларына
3-қосымша

**Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары
ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған өлшемдер**

Жіктеу факторлары	Өлшем бірлігі	Шекті мәндер	Көрсеткіш
1. Экономикалық блок 50			
Топырақтың құнарлығы	Бонитет балы	>45	6
		>25-45	4
		15-25	2
		<15	0
Өткізу нарықтарынан қашықтық дәрежесі	Ауылдық елді мекендерінен аудан орталығына, т/ж станциясына, таяудағы қалаға дейінгі ара қашықтық, км	<=20	5
		>20-60	4
		>60-100	2
		>100	0
Кәсіпкерлік белсенділігі	Ірі (базалық) кәсіпорынның болуы	Бар	4
		Жоқ	0
Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту	Бар	>4	3
		2-4	2
		1	1
	Жоқ	0	0
Ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілуі	1) 100 га егістікке шаққандағы тракторлар	> 0,5	4
		0,4 – 0,5	3
		0,2 – <0,4	2
		<0,2	0
	2) 100 га егістікке шаққандағы комбайндар	> 0,3	4
		0,2 – 0,3	3
		0,1 – <0,2	2
		<0,1	0
Ирригациялық (суармалы) жүйелерді пайдалану	Бар және пайдаланылады		3
	Бар және пайдаланылмайды		1

	Жоқ		0
Егістік	Егістіктің алқабы, га	> 10 000	5
		5 000 – 10 000	3
		1 000 – 5 000	2
		1 000 дейін	1
Жайылымдар	1) Табиғи жайылымдардың болуы, га	> 10000	4
		5 000 – 10 000	3
		1000 – 5 000	2
		до 1000	1
	2) Азықтық дақылдар егісінің (егілген) болуы, га	> 3000	5
		1 000 – 3 000	4
		1 000 дейін	2
Мал шаруашылығы	Ауыл шаруашылығы малдары (шартты бас), оның ішінде:		
	1) асыл тұқымды мал	> 1000	4
		500 – 1000	3
		500 дейін	2
	2) асыл тұқымды емес мал	> 3000	3
1000 – 3000		2	
1000 дейін		1	
2. Инженерлік-инфрақұрылымдық блок 25			
Сумен жабдықтау	Орталықтандырылған (су құбыры)		5
	Орталықтандырылмаған		3
	Тасымалды су		0
Жол	Қатты жабын, аудан орталығына дейін жолдың ұзындығы %	100	5
		>= 75 - 100	4
		> = 50 - 75	3
		< 50	1
Газбен қамту	Табиғи газбен қамтамасыз етілген		5
	Сұйытылған газбен қамтамасыз етілуі (баллонда)		2
	Газдандырылмаған		0
Электр энергиясы	Электр энергиясымен қамтамасыз етілген		5
	Электр энергиясымен қамтамасыз етілмеген		0

Байланыс (телефон)	Бар: 20 нөмірден асады немесе АТС		5
	1-ден 20 нөмірге дейін		2
	- 1 нөмір		1
	Байланыс жоқ		0
3. Әлеуметтік блок 25			
Халықтың саны	Халықтың шоғырлануы, адам	> 5 000	5
		1 000 – 5 000	4
		500 – 1 000	3
		50 – 500	2
		50 дейін	0
Мектептер	Мектептердің бар болуы және олардың нормаларға сәйкестігі		5
	Мектептердің бар болуы, бірақ нормаларға сәйкес келмеуі		3
	Мектептері жоқ, жақын арадағы мектепке дейінгі арақашықтық кемінде 3 км		1
	Мектептері жоқ, жақын арадағы мектепке дейінгі арақашықтық 3 км асады		0
Мектепке дейін мекемелердің болуы	Балабақша		4
	Шағын-орталықтар		2
	Жоқ		0
Денсаулық сақтау*	Мекемелердің бар болуы және олардың нормаларға сәйкестігі		5
	Мекемелердің бар болуы, бірақ нормаларға сәйкес келмеуі		3
	Медициналық мекемелері жоқ		0
Жұмыспен қамту**	Еңбекке қабілетті 100 адамға шаққандағы жұмыспен қамтылған адамдар саны	>= облыстық орташа көрсеткіш	4
		< облыстық орташа көрсеткіш	0
Кедейлік **	Елді мекендердің 100 тұрғынына шаққандағы атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар саны	<= облыстық орташа көрсеткіш	2
		> облыстық орташа көрсеткіш	0
4. Экологиялық блок			
Радиациялық аясы	мкЗв/ч	<0,3	1
		>0,3	0
		1,5 дейін	1

Ауыз судын сапасы	Судағы жалпы минералдық (күрғақ қалдығы) (г/литр)	1,5 - 2	0,75
		>2-3	0,25
		>3	0
Баллдар Жиыны 100			
Даму әлеуеті жоғары ауылдық елді мекендер		70 - 100	
Даму әлеуеті орташа ауылдық елді мекендер		35 - 69	
Даму әлеуеті төмен ауылдық елді мекендер		1 - 34	

* - Бірнеше денсаулық сақтау нысандары немесе мектепке дейін мекемелер болған жағдайда, есептеу кезінде нысан оның маңыздылығы дәрежесі бойынша қ а б ы л д а н а д ы ;

** - Талданып отырған фактордың орташа облыстық көрсеткішпен арақатынасы арқылы есептеледі.

АЕМ – ауылдық елді мекен.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларына 4-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтауға арналған нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді (бұдан әрі - АЕМ) анықтауға арналған нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі № 817 қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларының **35-тармағына** сәйкес ә з і р л е н г е н .

2. Нұсқаулықты АЕМ әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін кешенді бағалауды жүзеге асыру, тұрғындардың өмір сүру жағдайларын жақсарту мақсатында олардың әлеуетін айқындау, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтардың елді мекендерін одан әрі дамыту мәселелері бойынша басқарушылық шешімдерді дайындауы кезінде пайдалану үшін арналған.

2. Ақпарат көздері

3. Қазақстан Республикасының АЕМ әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне кешенді бағалау жүргізу үшін:

- 1) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың деректері;
- 2) жергілікті атқарушы органдардан, министрліктерден, агенттіктер мен ведомстволардан алынған ақпарат;
- 3) ведомстволық статистикалық байқаулардың деректері;
- 4) әлеуметтік сауалнамалардың нәтижелері ақпарат көздері болып табылады.

3. Әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен, орта және жоғары ауылдық елді мекендерді анықтау өлшемдері

4. АЕМ әлеуетін және олардың перспективалығын бағалайтын маңызды жіктеу факторлары ретінде 22 жиынтық көрсеткішті қамтитын өлшемдердің 4 тобы: экономикалық, инженерлік-инфрақұрылымдық, әлеуметтік және экологиялық өлшемдер айқындалған.

5. АЕМ әлеуетін бағалау кезінде экономикалық дамудың басымдықтарын ескере отырып, көрсеткіштердің әрқайсысына балдардың жиынтық саны сомасында олардың маңыздылығын сипаттайтын салмақ белгіленді. Экономикалық блок көрсеткіштерінің салмағы ең үлкен – ең үлкен жиынтық балы 50, инженерлік-инфрақұрылымдық және әлеуметтік блоктардың көрсеткіштері 25-тен аспайды. АЕМ-нің даму деңгейіне экологиялық блоктың әсері түзету коэффициенттері арқылы бағаланады, оларға алғашқы үш блок бойынша алынған балдар көбейтіледі.

6. Экономикалық блоктың жіктеу факторлары:

1) топырақтың құнарлығы – 6 балл. Топырақтың сапасы мен әлеуетті құнарлығын мәні 1-ден 100-ге дейін болуы мүмкін бонитет балдарында көрініс табатын егістіктің бонитировкасы сипаттайды. Көрсеткіштің шекті мәндері Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитетінің деректеріне сәйкес белгіленген және топырақ қабатының сапасының «15 балдан төмен» көрсеткішінен республикадағы «45 балдан жоғары» ең үлкен көрсеткішке дейінгі градациясын көздейді;

2) өткізу нарықтарынан қашықтық дәрежесі – 5 балл. АЕМ-нен аудан орталығына, темір жол станциясына, қалаға дейінгі ара қашықтықты өткізу нарықтарының қол жетімділігі көрсеткіші үшін негіз ретінде пайдалануға болады. Төменгі мән ретінде 20 километрге тең және кем, 5 балға бағаланған арақашықтық қабылданған. Қадамның мөлшері 40 км құрайды, ал көрсеткіштің ең төмен шекті мәні ретінде 100 километрге тең және артық арақашықтық қабылданған;

3) кәсіпкерлік белсенділік – 4 балл. Бұл көрсеткіш заңды тұлға (АҚ, ЖШС, ірі

ШҚ және т.б.) нысанында тіркелген ірі (базалық) кәсіпорынның болуымен сипатталады, онда ауылдық елді мекеннің тұрғындарының елеулі немесе негізгі бөлігі жұмыспен қамтылған болуы керек, осыған байланысты ол халықты жұмыспен қамтуға белгілі түрде әсер етеді. Ірі (базалық) кәсіпорынның негізгі өлшемдерінің бірі нақты ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді араласуы болып табылады;

4) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту – 3 балл. Тиісті аумақта қосылған құнның өсу мүмкіндіктерін сипаттайды және ауыл шаруашылығы және басқа да өнімдерін қайта өңдеу объектілерінің болуымен анықталады. Көрсеткіштің шекті мәндері бір АЕМ-де 0-ден 4-ке және одан асатын қайта өңдеуші цехқа дейін түрленеді;

5) ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілуі – 8 балл. Екі көрсеткішке бөлінеді: 100 га егістікке келетін тракторлардың саны және 100 га егістікке келетін комбайндардың саны. Шекті мәндердің мөлшері 0,2-ден 0,5-ке (0,3) және одан асатын тракторға (комбайнға) дейін түрленеді;

6) ирригациялық (суармалы) жүйелерді пайдалану – 3 балл. Суармалы егін шаруашылығын дамыту жөніндегі мүмкіндіктер ирригациялық жүйелердің болуы мен пайдаланылуын көрсетеді. Суарылатын жерлер жайылымдарға қарағанда ауыл халқының едәуір көп мөлшеріне табысты қамтамасыз ете алады. Ирригациялық жүйелер бар және оларды пайдаланылатын аумақтар 3 балмен, ал жоқтары – 0 балмен бағаланады;

7) егістік – 5 балл. Егін шаруашылығын дамыту мүмкіндіктерін анықтайды. Шекті мәндері ауылшаруашылығы алқабының алаңына байланысты анықталады. Көрсеткіштің шекті мәндері бір АЕМ-де 0-ден 10 000-ға және одан асатын гектарларға дейін түрленеді;

8) жайылымдар – 9 балл, екі көрсеткішке бөлінеді: табиғи жайылымдардың болуы – 4 балл, шекті мәндері алаңға байланысты анықталады және бір АЕМ-де 0-ден 10 000-ға және одан асатын гектарға дейін түрленеді;

азықтық дақылдар егісінің (егілген) болуы – 5 балл, жоғары протеинді азықты алумен анықталады, мал шаруашылығының өнімділігін арттыруға себеп болады. Шекті мәндері алаңына байланысты анықталады және бір АЕМ-де 0-ден 3 000-ға және асатын гектарға дейін түрленеді;

9) мал шаруашылығы – 7 балл. АЕМ-де ауылшаруашылығы малдарының болуын сипаттайды және екі көрсеткішке бөлінеді:

асыл тұқымды мал – 4 балл, генетикалық әлеуеті жоғары малды өсіруге, оларды сақтауға және көбейтуге бағытталған тұқымдық жұмыс жүйесімен қамтылған мал шаруашылығының саласы. Шекті мәндері бір АЕМ-де 0-ден 1 000 -ға дейін және одан асатын шартты баспен анықталады. Асыл тұқымды мал

шаруашылығының өнімдері жоғары қосылған күнмен ерекшеленеді; асыл тұқымды емес мал – 3 балл, шекті мәндері бір АЕМ-де 0-ден 3 000-ға дейін және одан асатын шартты баспен анықталады.

Осы көрсеткіштер түзету коэффициенттеріне көбейту жолымен (ІҚМ – 0,8; қойлар және ешкілер – 0,1; шошқалар – 0,3; жылқылар – 1,0; түйелер – 1,0.) « ш а р т т ы б а с п е н » ө л ш е н е д і ;

7. Инженерлік-инфрақұрылымдық блоктың жіктеу факторлары:

1) сумен жабдықтау – 5 балл. Сумен жабдықтау жүйесінің жай-күйін бағалау халық тұтынуы үшін судың қандай көздерден алынатындығы бойынша жүргізіледі. Орталықтандырылған сумен жабдықталған (су құбыры) АЕМ-нің, орталықтандырылмаған сумен жабдықталған (су тарату пунктінен, ұңғымалардан, құдықтардан, су тазарту қондырғылары бар немесе жоқ жер бетіндегі көздерден) және тасымалды суды пайдаланатын АЕМ-ге қарағанда, жағдайы жақсы болады. Сумен жабдықтау жүйесі бойынша мәндердің мөлшері орталықтандырылған сумен жабдықталған (су құбыры) АЕМ-де 5 балдан тасымалды суды пайдаланатын АЕМ-де 0 балға дейін түрленеді;

2) жол – 5 балл. Жол инфрақұрылымын бағалау үшін АЕМ-нен аудан орталығына дейінгі қатты жабыны бар автокөлік жолдарының пайызы қабылданды. Шекті мәндері қатты жабыны бар 100% болып, одан әрі қадамдық мәні 25% - б е н а н ы қ т а л а д ы .

3) газбен жабдықтау – 5 балл, халықтың тұрмыс деңгейін сипаттайтын инфрақұрылымды дамытудың көрсеткіші. АЕМ-ді табиғи газбен газдандыру – 5 балл, сұйытылған газбен қамтамасыз ету (баллонда) – 2 балл және газбен жабдықталмаған – 0 балл осы көрсеткішті анықтайтын шекті мәндер болып т а б ы л а д ы ;

4) электр энергиясы – 5 балл. Халықтың тұрмыс деңгейінің және аумақтың экономикалық белсенділігінің маңызды көрсеткіші. Шекті мәндер АЕМ-нің электр энергиясымен қамтамасыз етілгенімен немесе қамтамасыз етілмегенімен а н ы қ т а л а д ы ;

5) байланыс (телефондық) – 5 балл. АЕМ-ді телефондандыру деңгейімен анықталады. Көрсеткіштің шекті мәні абоненттік желінің тығыздығымен айқындалады: АТБ – 5 балл, 1-ден 20-ға дейін нөмірлер – 2 балл, 1 нөмір – 1 балл болуы және байланыстың болмауы – 0 балл.

8. Әлеуметтік блоктың жіктеу факторлары:

1) халықтың саны – 5 балл. АЕМ-де халықтың шоғырлануын көрсетеді. Бастапқы мәндері халықтың санына байланысты анықталады және бір АЕМ-де 0-ден 5 000-ға және одан асатын адамға дейін түрленеді;

2) мектептер – 5 балл. Осы көрсеткішті өлшеу «Білім беру ұйымдары желісінің кепілдікті мемлекеттік нормативі туралы» Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 1256 қаулысына сәйкес жүргізіледі, онда ауылдық білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік нормативтер мен стандарттар бекітілген.

Білім беруді дамыту көрсеткішін бағалау білім беру объектілерінің белгіленген нормаларға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және олардың нақты елді мекенде бар болуы, сондай-ақ білім беру ұйымдарының мектеп жасындағы оқушылар тұрақты тұратын АЕМ-нен 3 км астам қашықтығы бойынша жүзеге асырылады;

3) мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің болуы – 4 балл. Көрсеткіштің шекті мәндері АЕМ-де мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің болуы бойынша анықталады: балабақша – 4 балл, шағын-орталық – 2 балл;

4) денсаулық сақтау – 5 балл. Осы көрсеткішті өлшеу «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2131 қаулысына сәйкес жүргізіледі, онда ауылдық денсаулық сақтауды дамыту жөніндегі мемлекеттік нормативтер бекітілген.

Ауылдық денсаулық сақтау жүйесін бағалау денсаулық сақтау объектілерінің белгіленген нормаларға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі және олардың АЕМ-де бар болуы негізінде жүргізіледі;

5) жұмыспен қамту – 4 балл. АЕМ-де жұмыспен қамтылғандар санының экономикалық белсенді халықтың санына арақатынасын сипаттайды және орташа облыстық көрсеткішпен салыстырылады;

6) кедейлік – 2 балл. Ауылдың 100 тұрғынына шаққанда атаулы әлеуметтік көмек алатындардың арақатынасын сипаттайды және орташа облыстық көрсеткішпен салыстырылады.

9. Экологиялық блок мынадай көрсеткіштер бойынша бөлінген:

1) радиациялық ая – өлшем бірлігі - мкЗв/сағ. «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 202 **қаулысына** сәйкес елді мекендердің аумағындағы радиациялық аяның жай-күйін сипаттайтын көрсеткіш сыртқы гамма-сәулелің экспозициялық дозасының қуаты (ЭДҚ) болып табылады, ол 0,3 мкЗв/сағ. аспауы қажет.

0,3 мкЗв/сағ. асатын радиациялық ая деңгейі бар АЕМ басқа көрсеткіштер бойынша жоғары және орта даму әлеуеті болуына қарамастан, ерекше қолайсыз экологиялық жағдайы бар елді мекендердің тобына ауыстырылады;

2) ауыз судың сапасы – «Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға, суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне

қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 104 қаулысына сәйкес судың сапасы және оның тұтынуға жарамдылығын сипаттау үшін оны минералдандыру деңгейі алынады, онда ауыз судағы минералдық тұздардың (құрғақ қалдықтың) шекті жол берілетін жинақталуы (ШЖЖ) 1(1,5) г/л құрайды.

10. Барлық жіктеу факторлары бойынша көрсеткіштер әрбір АЕМ бөлінісінде балмен анықталады.

11. Өлшемдердің үш блогы бойынша алынған АЕМ балдарының жиынтық сомасы экологиялық блок бойынша түзету коэффициентіне көбейтіледі және ауылдық елді мекеннің әлеуетін сипаттайтын жиынтық балды анықтайды.

12. Балдардың жиынтық сомасының негізінде АЕМ үш санатқа (типке) бөлінеді:

1) Даму әлеуеті жоғары АЕМ – 70 балдан астам;

2) Даму әлеуеті орташа АЕМ – 35-69 балл;

3) Даму әлеуеті төмен АЕМ – 1-34 балл.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларына 5-қосымша

Нысан

_____ ауданының (қаласының)
халықты жұмыспен қамту орталығының директорына

_____ мекенжайы бойынша тұратын _____

ӨТІНІШ

Мені Жұмыспен қамту 2020 жол картасы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушылардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу бағыты бойынша қатысушылар қатарына қосуыңызды сұраймын.

Мына құжаттарды өтінішке қоса беремін:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың (мекенжай анықтамасы не ауылдық әкімдерінің анықтамасы) көшірмесі;

3) еңбек кітапшасының (болған жағдайда) немесе еңбек қызметін растайтын

өзге құжаттың (жұмыс істейтін адамдар үшін) көшірмесі;
4) білімі туралы құжаттың (диплом, аттестат, куәлік), сондай-ақ білімі мен біліктілігін растайтын басқа да құжаттардың (бар болса) көшірмесі.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің көзделген белсенді шараларын алу үшін қажетті менің дербес деректерімді жинақтауға және өңдеуге келісім беремін.

Барлығы _____ құжат _____ парақта.
Көшу шартымен таныстым.
Күні _____ қолы _____

Азамат _____ өтініші 20__ ж. «__» _____ қабылданды № _____ болып тіркелді.

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы:

Күні қолы

*ұсынылған құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші жауапты болады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу және оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларына б-қосымша

Нысан

Көшуге № _____ жолдама

Осы жолдама халықты жұмыспен қамту орталығының 20__ ж. «__» _____ шешіміне сәйкес _____ мекенжайы бойынша тұратын _____ берілді.

Онымен бірге отбасының мынадай мүшелері көшеді:

Р/с №	Т.А.Ә.	Туыстық қатынасы

Басшы Т.А.Ә. қолы

Жолдама берілген күн М.О.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдардың ұтқырлығын арттыруға
жәрдемдесу және оларға мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру бойынша мемлекеттік қолдау көрсету туралы өлеуметтік келісімшарт

_____ «__» _____ 20__ жыл
(ж а с а л ғ а н о р н ы)
_____ атынан _____
Халықты жұмыспен қамту (уәкілетті өкілдің лауазымы, орталығының
атауы) тегі, аты, әкесінің аты)
_____ бұдан әрі «
Халықты жұмыспен қамту орталығы» деп аталатын, бір тараптан және _____
_____ ,

(Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын
куәландыратын құжаттың сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)
бұдан әрі «Бағдарламаға қатысушы» деп аталатын, екінші тараптан, төмендегі
туралы осы өлеуметтік келісімшартты (бұдан әрі – келісімшарт) жасады:

1. Келісімшарттың мәні

1. Келісімшарт өлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті төмен елді мекеннен
өлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары елді мекенге көшіру, сондай-ақ
мемлекеттік қолдау шараларын көрсету мақсатында жасалды.

2. Келісім тараптары Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға
қатысушы, ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 шілдедегі №
817 **қаулысымен** бекітілген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді
шараларына қатысушы адамдардың ұтқырлығын арттыруға жәрдемдесу мен
оларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларында (бұдан әрі -
Қағидалар) көзделген жағдайларда, жұмыс беруші (бұдан әрі - Тараптар) болады.

3. Жұмыс беруші Келісімшарттың жасалуын келісімшартқа қосылатыны
туралы, _____ жылғы _____ № _____ жауапты

лауазымды тұлғаның қолымен және мөрмен (бар болған жағдайда) куәландырылған, жазбаша өтініш (хабарлама) беру арқылы растайды.

2. Тараптардың міндеттері

4. Халықты жұмыспен қамту орталығы мыналарға:

1) Бағдарламаға қатысушыны жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеуге жәрдем көрсетуге;

2) Бағдарламаға қатысушыдан қоныс аударуға субсидия тағайындау және қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініші мен құжаттар жиынтығын қабылдауға;

3) тұрғын үй комиссиясының Бағдарламаға қатысушыға қызметтік тұрғын үй (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелер) беру туралы шешімін қабылдауға;

4) Бағдарламаға қатысушымен қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерді) жалға алу шартын жасауға;

5) қоныс аударуға субсидия тағайындау туралы шешім қабылдауға және субсидияны Бағдарламаға қатысушының жеке шотына аударуды жүзеге асыруға;

6) Бағдарламаға қатысушының қызметтік тұрғын үйге (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелерге) қоныстануын қамтамасыз етуге;

7) Бағдарламаға қатысушының тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуына жәрдемдесуге және оны бақылауды жүзеге асыруға;

8) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушінің келісімшартты орынду мониторингін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5. Бағдарламаға қатысушы міндеттенеді:

1) қоныс аударуға жолдама мен әлеуметтік келісімшартты алғаннан кейін белгіленген мерзімде нысаналы елді мекенге келуге;

2) қоныс аударуға субсидия тағайындау және қызметтік тұрғын үй (еңбекші арналған жастарға жатақханалардан бөлмелер) бөлу үшін өтініші мен құжаттар жиынтығын Халықты жұмыспен қамту орталығына ұсынуға;

3) Халықты жұмыспен қамту орталығымен қызметтік тұрғын үйді (еңбекші арналған жастарға жатақханалардан бөлмелерді) жалға алу шартын жасауға және белгіленген мерзімде сонда қоныстануға;

4) жұмыс беруші ұсынған тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасуға не кейін жұмысқа орналасу үшін кәсіптік оқытудан өтуге;

5) коммуналдық және жалдау ақысын уақытылы төлеуге;

6) Жұмыспен қамту орталығының сұратуы бойынша өзінің, сондай-ақ жұмыс

беруші міндеттемелерінің орындалу мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті, ақпаратты, құжаттар мен материалдарды уақытылы және толық көлемінде ұсынуға міндеттенеді.

3. Тараптардың құқықтары

6. Халықты жұмыспен қамту орталығының құқықтары:

1) Бағдарламаға қатысушының қоныс аудару тәртібі мен мерзіміне қатысты ақпаратты кету орнындағы Халықты жұмыспен қамту орталығынан сұратуға;

2) Бағдарламаға қатысушы мен жұмыс берушіден келісімшарт тараптарының уақытылы және тиісінше орындалуын талап етуге;

3) келісімшарт шеңберіндегі өзге де мәселелерді шешуге құқылы;

4) келісімшарт тараптары орындалмаған және (немесе) тиісінше орындалмаған жағдайда, қызметтік тұрғын үйді (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмені) жалға алу шарты бұзылады.

7. Бағдарламаға қатысушының құқықтары:

1) қоныс аударудың тәртібі мен мерзімі, қабылдау жағдайлары туралы, оның ішінде, қызметтік тұрғын үймен (еңбекші жастарға арналған жатақханалардан бөлмелермен) қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына орналасу мәселелері жөніндегі ақпаратты ақпаратты кету орнындағы Халықты жұмыспен қамту орталығынан алуға;

2) келісімшартта көзделген мемлекеттік қолдау шараларын алуға;

3) Жұмыспен қамту орталығы мен жұмыс берушіден келісімшарт тараптарының уақытылы және тиісінше орындалуын талап етуге құқылы.

4. Басқа да жағдайлар

8. Келісімшартқа қосымша әлеуметтік келісімшартқа қол қою арқылы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады.

9. Осы Келісімшарт оған Халықты жұмыспен қамту орталығы, Бағдарламаға қатысушы қол қойған және жұмыс берушінің Келісімшартқа қосылғаны туралы хабарламасын алған сәттен бастап күшіне енеді.

10. Қолданылу мерзімі 20__ жылдың «__» _____ дейін.

5. Келісімшарттың шарттарын орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігі

11. Келісімшарттың шарттарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

6. Форс-мажорлық жағдайлар

12. Тараптар осы Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін туындаған: өрт, жер сілкіну, су тасқыны мен басқа да апатты құбылыстар; соғыс іс-қимылдары мен тағы басқа сияқты төтенше және апатты (форс-мажор) жағдайларында міндеттемелерін толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершіліктен б о с а т ы л а д ы ,

13. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде, осы Келісімге сәйкес қандай да болмасын міндеттемесінің орындалуы осындай жағдайдың туындауына орай мүмкін болмай қалған Тарап, форс-мажорлық жағдай туындаған немесе тоқтатылған сәттен бастап үш (үш) жұмыс күнінің ішінде, бұл туралы басқа Тараптарды жазбаша нысанда (осы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалмауы мүмкіндігін уәждемелеп және негіздеп) хабардар етуге міндетті.

14. Хабардар етпеу немесе уақытылы хабарламау Тараптарды, мұндай хабардар етпеу немесе уақытылы хабарламау тиісті форс-мажорлық жағдайдан тікелей туындаған жағдайларды қоспағанда, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалмауы үшін жауапкершіліктен босатушы негіздеме ретінде, кез келген форс-мажорлық жағдайға сілтеме жасаудан шеттетеді. Форс-мажорлық жағдайдың басталуы немесе тоқтауы туралы хабарлама, форс-мажорлық жағдай жалпыға белгілі және көпшілік сипаты болған әрі дәлелдеуді өқажет етпейтін жағдайларды қоспағанда, құжатпен не мұндай жағдайларды растайтын тиісті органның және/немесе мекеменің куәлігімен р а с т а л у ы т и і с .

15. Осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі форс-мажорлық жағдай орын алған уақытқа, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарлар уақыт кезеңіне қарай кейінге шегеріледі. Егер, форс-мажорлық жағдайлар туындауына байланысты, осы Келісімшарт бойынша міндеттемелердің толық немесе ішінара орындалмауы _____ (кезеңі көрсетілсін) асатын болса, Тараптар осы Келісімшартты бұзуға құқылы.

7. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

Жұмыспен қамту орталығы	Бағдарламаға қатысушы
_____ (Халықты жұмыспен қамту орталығының толық атауы)	_____ (Бағдарламаға қатысушының тегі, аты, әкесінің аты)
_____ (мекенжайы)	_____ (мекенжайы)

(телефон, факс)

(телефон, факс)

(уәкілетті өкілдің тегі, аты,

(қолы)

ә к е с і н і ң а т ы)

(қолы)

М.О.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің
белсенді шараларына қатысатын
адамдардың ұтқырлығын арттыруға
жәрдемдесу және оларға мемлекеттік
қолдау шараларын көрсету қағидаларына
8-қосымша
Нысан

(Халықты жұмыспен қамту орталығының атауы)

**Әлеуметтік келісімшартқа
қосылу туралы жұмыс берушінің
өтініші (хабарламасы)**

Осымен _____ атынан _____ негізінде
(жұмыс берушінің атауы) (ереже, жарғы және т.б.)

әрекет ететін _____
(уәкілетті өкілдің тегі, аты, әкесінің аты)

және _____ арасында _____
(халықтың жұмыспен қамту орталығы) (Бағдарламаға қатысушының тегі,

_____ жасасқан 20__ жылғы «__» _____ №__ әлеуметтік аты,
ә к е с і н і ң а т ы)

келісімшартқа қосылуға ниет білдіреді және төмендегілер туралы:

Бағдарламаға қатысушыны _____ кәсіп (мамандық)
(еңбек функциясын көрсету)

бойынша тұрақты жұмысқа орналастыруға және/немесе кейін жұмысқа
орналастырумен өз қаражаты есебінен оқытуға міндеттеме алады.

Тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырмаған жағдайда көшуге
төленген субсидия сомаларын толық көлемде өтеуге міндеттенемін.

Осы өтінімге мыналарды қоса беремін (құрылтай құжаттардың көшірмелері,

банк деректемелері қоса берілсін):

(лауазымы)

М.О.

(қолы)

(уәкілетті өкілдің Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ